

Қайролла МҰҚАНОВ

Үстәз шағылымы

Қызылжар-2004

ББК 74.00

М 84

Қызылжар “Асыл мұра”-2004.

Солтүстік Қазақстан облысы
“Асыл мұра” орталығы

Құрастырушы жөне алғы сөзін жазған
Қайролла Мұқанов

ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Көкшетау, 2004 ж. 150 бет
ISBN 9965 - 721 -16 -5
М 84

Бұл кітапқа Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім, білікті ұстаз, ардақты ана Қағида Базарбаеваның әр жылдары газет, журналдарда жарияланған мақалалары мен ғылыми-практикалық конференцияларда, педагогикалық оқуларда жасаған баяндамалары еніп отыр. Сонымен қатар Қағида Базарбаева туралы бірқатар авторлардың жылы лебізі берілді. Кітап оқытушылар мен оқушыларға, ата-аналарға, барлық көпшілік қауымға арналады.

Бұл кітаптің басылып шығуына демеушілік көрсетіп, жанашырлық білдірген сүйікті інім Көкшетау университетінің ректоры, ғалым, профессор Қасым Жанат Жақып-Сейітұлына жанұямының атынан, бар үргағымыздың атынан шексіз алғысымызды білдіреміз.

Жақсылығын Алладан қайтсын Жанат!

M 4303000000
00(05)-04

ISBN 9965 - 721 -16 -5

М 84

© Мұқанов Қ., 2004

КІРІСПЕ

Облысымында аты халық ағарту ісінде өзіндік із қалдырыған ұстаздар жеткілікті. Солардың бірі Қазақ ССР-ына еңбекі сіңген мұғалім Қағида Базарбаева. Ол сонау 1957 жылы Алматыдағы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын бітіріп шыққаннан кейін өзінің үшқан үясы қазіргі Шал ақын ауданындағы Ленин (қазір М.Ахметбеков атында) орта мектебіне Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы болып орналасқан еді. Содан зейнетке шыққанша (өмірінің ақырына дейін) сол мектепте қызмет істеді. Сол 40 жылға жуық уақытта оның алдынан қашама шәкірт қазақ тілі мен әдебиетінен терең де сапалы білім алғып шықты.

Сонымен қатар ол облыс, республика мұғалімдерімен курстар мен педагогикалық оқуларда, конференциялар мен съездерде өзінің озық тәжрибесімен бөлісті. Облыстық, республикалық газеттер мен журналдарда өзінің оқу-тәрбие ісіндегі озық әдістемелік жұмыстары туралы мақалалары басылып турды. Оның мектеп ішіндегі үйірме жұмысы да, ауылдағы халық театрында істеген жұмыстары да ұшантеніз. Тірі болса, ол әлде де жастарға өнегелі сөздерін, ақыл-кеңесін айтып жүрер еді. Эттен, өмірден ерте озды! Дегенмен, оның артында мол мұрасы қалды. Сол мұрасын мұқият сақтап, оқырмандарға, әсіресе, жас мұғалімдерге таныстыру үшін кітап шығаруға ниет қылған жан жолдасы Есмақан Қожақметовтың еңбекі зор. Сол кісінің ізденуінің арқасында осы кітап шығып отыр. Мұнда Қағиданың өзінің еңбектері, ол туралы әр кезде жазылған жақсы лебіздер және жұбайы Есмақан туралы да мақалалар бар. Еліміздің Оқытушылар қауымы, Қағиданың әр жылдардағы шәкірттері, жалпы жұртшылық бүл кітапты жылы қабылдар деген үміттеміз.

Шыгарушылар алқасы.

Қожақметұлы Есмақанға!

1. Десеніз нақты азamat осы қандай,
Білімді, мінезі ашық атқан таңдай.
Сыйлаған жан жолдасын, жоқтағанда,
Өмірде жан көрmedім Есмақандай.
2. Біледі Есағанды түгел маңы,
Жайдары, жарқылдаған жайсаң жаны.
Үрпаққа нелер еңбек жазып кеткен,
Халыққа паш еткен ол Қағиданы.
3. Қағида, Есмақанның сүйген жары,
Өмірден ерте өткен қайғы зары.
Ескеріп еңбектерін іске асырган,
Есмақан - адамзатта нардың нары.
4. Ісіне ағамыздың көңіл толар,
Есағаң азamat қой үлті болар.
Аялап мәпелеген махабаттың,
Ағажан гүлі оның қайдан солар.
5. Өмірдің болар дүниe әр уағы,
Кейде бұлт, кейде нұрлы күншуағы.
Елесін еңбегінді аға Тәнір,
Риза боп Қағиданың аруағы!

Қазақстан ақын-жыршылар Одағының мүшесі ақын-композитор
Тыныштық Шаменов

СӘЗ БАСЫ

Ел өмірінде мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты қашшама өзгертулер мен реформалар болып өтті. Бірақ, солардың бәрінде де ортақ "халық мұғалімі – жас өрімнің рухани дүниесінің мұсіншісі, қоғам өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы – балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкіл!" деген анықтама ұғымының күні бүгінге дейін маңызы зор. Бұған өз өмірін арнаған адамдардан ізденімпаз шығармашылықты, ойдың тыңымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға деген сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап ететінін, халқымыз "ұстаз – ұлы сөз" деп қастерлөген кесіптік мамандықтың қашшалықты қызың қашшалықты жауапты және қашшалықты қуаныш, бақыт екениндігін аңғаруға болады.

Осындай ұстаз деген абырайлы атақты биік ұстап, еңбек пән өмір жолын жас үрпақ тәрбиесінде, оларға білім нөрін себу ісіне арнаған ұлағатты

ұстаздардың бірі – Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шалақын, бұрының Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәннің маманы, “Қазақ КРС-ның еңбек сінірген мұғалім” және “мұғалім-әдістемеш” атақтарына ие болған Қағида Базарбаева еді.

Кеңестік дәуірде жетім баладай өгейлік көріп, шетқақпай болған ана тілімізге қанаттым мен су сепкен қарлығаштай ара түсіп, ішкі жан дүниесіндегі аласапыран ой үшкіндерарын ашық айта алғаным мен, тілдің қадірін кетеру үшін тынысмыз еңбегімен нақтылы атқарған істерімен жас үрпақтың бойына ана тілге деген сүйіспеншілік сезімен сініре білді. Бүкіл сібір халықтары орыстанның кеткен зобалаңнан аман қалуымызға да сөптілін тигізген осындай үлт жанды ұстаздар болса керек. Заманына қарай бұлбұлы демекші, егемендік алғаннан бері тіл жана шыларына кенде емеспіз, қазақ тіліндегі мектептерді көбейтіп, тіпті ана тілі қундерін өткізіп, баспасөз құрапдары арқылы да жаппай оқытып жатырмыз. Бері жөн ғой, алайда мен үшін солардың берінен де қыын-қыстау қундердегі Қағиданың еңбегі зор көрінеді де тұрады. Өйткені ана тілмізді аман алып қалып, бүгінгі күнге аманат етіп тапсырған осы Қағида сияқты ұстаздар емес пе?

Партияның саясатына байланысты болған өзге үлт тілдерінде деген көзқарастағы қиғаштықтарды айта берудің қажеті де жоқ. Бұл белгілі жай ғой. Ал шындығына келгенде қоғамдық өміріміздегі өзгерістер білім беру саласында қуні бүгінгे дейтін сабактастығын жалғастырып, жас үрпақ тәрбиесінә басым бағыт беріліп отыр. Қағида Базарбайқызы егер көзі тірі болса, бүгінгі қунді көріп, бәрібір өткенінде өкінбес еді. Бала тәрбиесінә саясатты араластырудың қажеті жоқ, білім берудегі басты мақсат – жас үрпақты жоғары білімді, адамгершілік қасиеттері мол жақсы азамат етіп тәрбиелу. Осы қағиданы берік ұстанған кейіпкеріміз көзденеген арман мақсатына жетті деп ойлаймыз. Құдайға шукір, бір басына жетерлік атақ пен абырайдан кенде болған жоқ. Ұстазға берілетін ең жоғары мемлекеттік атақта ие болып, талай рет одақтың және республикалық үлкен жиындарға қатысты. Аудан және облыс көлемінде жас ұстаздарға өз тәжірибесін үйретіп, сабак беру тәсілдерімен бөлісті.

Көзіміз көрген орта бойлы, дәңгелек жүзді, сөзді салмақтап сөйлейтін ақылды да, мейірбанды апамыздың толық портретін жасау үшін оның өнерге детьым жақын болғандығын айтып өткен жөн Нагыз “сегіз қырлы, бір сырлы” дейтіндей өңерпаз жан еді ғой. Бір кездері аты облыс, республикаға көнінен танылған Ыбыраев атындағы халық театрының бастауында болғандардың бірінен саналады. Ұстаздық қызметімен үштастыра отырып, көп жыл осы театрға жетекшілік етті. Сол сияқты, ауылдағы мектеп, шаруашылық көркемнәрпаздар ұжымдарының бірде-бір концерті Қағиданың қатысуының өткен емес. Бұл орайда оған өзімен бірге мектепте еңбек ететін жұбайы Есмақан Қожақметовтың көмегі көп тиіді.

Ұлағатты ұстаз туралы шығармамыздың басында Қағида Базарбаевамен

осылайша қысқа ғана таныстырып, кейіпкеріміздің өмір кезеңдерінә жеке-жеке тоқталуды жөн көрдік. Өнүң балалық шағының өзі бір үлкен дастан. Ел ішінде “қасқыр кемпір” атап кеткен анасы Рақима шешей кешегі қанды қырғын соғыста жалғыз ұлы Құрманғожадан айрылып, қан жылап қалса да, тоқсаннан асып көз жұмғанша жаны жалғыз қызының үстінде болды. Жиендерін өсіріп, жеткізіп нағыз бақытты әже атанды.

Сосын қызығы мол студенттік шақ пен алғашқы ұстаздық қадам жасаған жылдарына, ұстаздық кәмелетке келген шағына кезек тиеді. Соның бәрін жүзеге асыру үшін, адал жарға деген мәңгілік маҳаббатпен жұбайы Есмақан Қожакметов көптеген деректер жиып беріп, осы естелік шығарманың жазылуына дәнекер болды.

ӘКЕСІ БАЗАРБАЙДЫҢ ӨМІРІНЕН

Қағиданың арғы атасы Дүйсенбі, сірә, ауқатты, ел ұстаган азамат болса керек. Қөшебе руынан тараитын оның Дүйсенбі қыстауы бүгінгі Балуан ауылдың дәл іргесінде. Бұлдірген бәктерлі бұл қыстаудың аты мен затына ауылдың қазіргі жас-кәрісінің бәрі қанық. Бірақ, әрине, кейінгі жастар Дүйсекенді біле де бермейтін шүғар. Олай болатын себебі де бар, аласалыран кеңес дәүірінде “тұрымтай түгілі бас қайы” болған кездер де аз емес. Дүйсекенің намысын жыртып, “ау ағайын мынау бәлеңшекенің ата қонысы, киелі жер еді” деп айтуға кімнің аузы барды дейсін. Әйтеуір, әкеден балаға жеткен дерекпен Дүйсенбі қыстауы деген аты ғана қалды. Соған да шүкір.

Тыңкетеру жылдарындағы орман-тоғайлардың баурайына дейін жыртқан ұранды жылдар болмағанда қыстаудың құйқалы қыртысының кепбеті күні бүгінге дейін өзгермес еді-ау деп ойлай-сың. Ауылдың іргесіндегі Балуан көлінің күнбатыс тұсынан қырға қарай қуалай өскен қайынды орман осы қыстау мекеніне саналады. Ол Қыздар ата шоғын жанай етіп, Келдібай қыстауына барып бірақ тіреледі. Ұзын-ыргасы үш-терт шақырымдай болатын осы қайынды орман бәктерінің жер жиdedі мен хош иісті жұлпар гулдері бертінге дейін ауыл балаларының ең бір таңсық жерінә айналмап па еді. Орманның берлі басындағы қыстау үйлерінің төмпешік үйіндер орыны әлі де өші қойған жоқ. Қағиданың әкесі Базарбайдың кіндік қаны тамып, дүниеге келгені осы жер, ардақты әке – Дүйсенбі қыстауы.

Басында қазан төңкөрісін елдегілердің сезе қоймағаны да рас. Одан кейін ак пен қызылдың дүрбелені, сосын колхоздастыру басталғанда отызға қарай аяқ басып қалған Базарбайды, обалы не керек, елде ешкім қанаушы тапқа жатқызып, көз тұрткі еткен жоқ. Мүмкін, оған оның өте қарапайым, еңбекшіл жүртқа жұғымды мінезі де себеп болған шүғар. Әйтеуір, иттегенге айдалатын “құлақтың” қара тізімінен құдай сақтады.

Қайтерсін, аумалы-тәкпелі өмір емес пе? Кеше ғана иті май жемейтін, бір кісідей шаруа тұрмысы бар қартайған Дүйсекен ашаршылықтың

алғашқы ыңыршағы біліне бастаған сәтте баласына:

– Қарағым, Базарбай ел тұрмысы күйзеліп бара жатыр, тубі қайыр болса жарап еді. Қайдам, түрі жаман сияқты, қорқамын Жана үйленген жансың ғой, обалыңа қалмайын Аман болсақ, ата қонысқа оралар күн де туар. Білетіндер іште, мына Ресейде, тұрмыс біршама тәуір дейді, тәуекел етіп сонда көшейік деді. Әмір тәжірибесі мол өкеге бала ňе десін, бірек-сараң көшіп жатқан қазақтар барын естігендіктен, құдайға тапсырып келісімін берді. Ол кезде мүшелікке өнгөн колхоздан тайып тұру да оңай шаруа емес. Амал жоқ, бір түнде үйдің жанып тұрган отын өшірмestен, құнделікті керекті дүниелерін ғана қос сандыққа салып, қос ат жеккен бірішке арбамен көршілеріне де білдірмestен туған жермен қош айттысуға тұра келді. Жолай Гүлтөбе-Маманай бектерінде бір рет ат щалдырып алып, келесі құннің екіндісінде Пресновканы орағыта өтіп, Қорған облысына қарасты Үлкен күренчің тұсынан бір-ак шықты. Не болса да Ресейдің ішіне ендей тусуді ойлаған олар онда да тоқырамай, Түмен қаласына жақын селоның біріне ат басын тіреді.

Ол Ялуторов ауданына қарайтын кеңшар болып шықты. Базарбай бірден шаруашылық жұмысшылары қатарына қабылданып, жер жырту жұмысына кірісті. Бала жасынан еңбекпен есейген ол жұмыстың ауырынан қашқан жоқ, қашанда өзінің құнделік тапсырмасын әсyра орындауға тырысып отырды. Онда қос тілді темір соқаға өтіз жегіп жер жырттын кез ғой. Жастайынан мал маңында болып, оның мінезді-құлқына қанық болғандықтан шығар Базарбайдың өтіздері болдырып, жүре алмай қалыпты дегенді ешкім естіген емес. Тұннің бір уағында жармадан ағытылған қос өгізді іргедегі өзен жағасындағы шүйілін шепке тұсал, ерте тұрып суарып, сосын тағы бір жайып алатын Қасындағы өзге орыстардай жыртындыдағы өтіздерін шыбыртқының астына алып, шаңышқымен түртпектеп көрген емес. Сондықтан да шығар, қос қасқа қызыл өгіз қанша ауыр болғанымен митың жүрісінен бір танбайтын еді.

Сол адап еңбегінің арқасы болар, аштық пен жалаңаштық көрген жоқ. Ел жақтан ағылып келіп, қайсыбірі осы маңда бас сауғалап, көбі одан әрі тупкі Ресейден тاماқ іздеп өтіп жатқан аштардан естітіні қазақ ауылдарының қырылып жатқаны болды. Тігерге тұяқ қалмай, мал бағып, соның өнімімен ғана күн көріп отырған қазақ сорлы әбден сорлапты. Kіci етін жегендер барын естігендеге төбе шашы тік тұрды.

Сөйтіп не керек, Қазақстандағы голошекіндік сұрапылдан осылайша аман қалған Базекең қалың орыс арасында жалғыз жүргендей болғанымен маңдай тер, адап ақы еңбегімен ешкімнен кем тұрмыс құрған жоқ. Тіпті, осында жүріп бірінші бесжылдықтың еңбек озаты деген құрметті атақ пен кеудеге тағатын белгісіне ие болды. Оны Ялуторов аудандық партия комитеті 1933 жылғы 15 мамырда № 33-ші қаулысымен мақтау грамотасым мен де марапаттады.

Өсылайша жат жерде көзге түрткі болмай, қайта көпке үлгі бола білген Базакенди бір ғана ой мазалайтын. Ол елге, туған жерге деген үлкен сағыныш еді. Сол кездері отау иесі жасына жетіп қалған тұңғыш ұлы Құрманғожаны жөнө тілі жаңа шыға бастаған Қагиданы ата жүртyna жеткізіл, ағайын-тұысқандарына қоссам деп армандайтын. Ал, бірақ кеншардың мәндай алды диқанын, еңбекке мығым, қақ-соқта жұмысы жоқ еңбеккерінен кім айрылғысы келеді дейсін. Қеншар мен аудан басшыларына құлаққағыс еткендей болып еді, олар бірауыздан:

— Базеке, өзің көп айта беретін “Ашаршылықта жеген қыйқаның дәмі тәтті” дегендей, қалай бізді тастап кетпексіз. Мұнда да жаман емес қой, тұысқан іздесен бауырларың да көп. Қеншар енді-енді бас көтеріп келеді, бола түрганыңыз жақсы болар еді, - деді. Амал жоқ, дұрыс сөзге қалай тоқтамасқа. Сөйтіп жүргенде бірер жылдар да өтіп кетті. Аштықта келген кейбір ағайындар елге де орала бастады. Енді ол жақта да елдің қарны тойынған сияқты. Республикаға жаңадан басшы келіп, халыққа өте жайлы болып тұр дегенді ести бастады.

Осының бәрі қамшы болып, соғыс басталар жылдың алдында елге оралуға белін бекем буды. Енді оған қеншар басшылары да көлденен келген жоқ. Қайта ат-көлігін қамдасып, сыйлап шығарып салды. Бертінде сол бір шақты көзіне жас ала отырып есіне алатын Рақима шешей: “Бекер-ақ, оралған екенбіз. Құдайым мұнда келгенде мойныма қыл бұрау саларын қайдан білейін? Онда мүмкін, Базарбайым да, Құрманғожа құлныңым да аман болар ма еді, Қагидашым жетімдік, жалғыздық көрмес пе еді” деп зарлаушы еді-ау, шіркін.

Аллатағала алдына ňе жазып қойғанын бұл пендесі қайдан білсін? Халық ауыр соғыс зардабын шегеді деп кім ойлаған? Ялуторовка мен Балуаның арасы тұрасынан екі жұз елу шақырымдай жер, асықтай бір аптадай қона көшіп елге де оралды. Ағайын-тұыс, ауыл тұрғындары қуанышпен шүркүрай қарсы алды. Айналасы бір айдың ішінде көпtek қемектеп шымнан қалап шағын үй тұрғызып берді. Осындағы ұжымшарға мүшө болып, көптен машықтанған үйреңшікті, жер жырту, егін себу жұмысына араласты. Жұмысты жапырылғыстайтін ерекшелігін болар, бірден көзге түсіп, ә дегенмен белсенділер қатарына қосылды. Ол кезде комсомол жасының қалай шектелгенін кім білсін, көзі көргендердің айтуынша орта жасқа келіп қалған Базекен, өзін комсомол санаған көрінеді. Оларға жетекшілік жасап, көп істе мұрындық болыпты.

Сол кезде облыстық “Ленин тының” меншікті тілшісі болған, қазақтың көрнекті ақыны Ғалым Малдыбаевтың Базекенңің ұжымшарда көрсеткен ерен еңбегі туралы жазған көлемді мақаласы Қагиданың жан жолдасы Есмақан Қожақметовтың жеке мұрахатында осы күнге дейін сақтаулы. “Осылайша-шашырағына: шаттық ұялап, ұл-қыз өсіріп отырған Базарбайдың тып-тыныш өміріне соғыс келіп күлікті” де, астан-кестен етті.

Соның салдарынан Рақима ана бір басына жетерлік қайғы-қасірет арқалады. Не нәрсеге де шыдамды, аулдың әйелдерінің алды болған көріті де, сымбатты ана жылдар өте көле “қасқыр кемпір” атанады. Бірақ, ол ананың азулығына емес, тағдырдың ауыртпалығына қарсы тұрган қайсарлығына берілген баға. Егер соғыс болмаса Рақима шешей ақ кимешегі жарқырап топ жарған сал әжелдерін қатарынан көрінбес пе еді!

Елудің өзіне жетіп қалған Базекен майданға алғашқы шақырылғандардың легінде болды. Неміс басқыншыларының тұтқилдан бастаған соққысының кенес еліне ауыр тигені тарихтан белгілі. Соғыс тәсіліне жаттықлаған және оларды дұрыс басқарудың өзі қынға түскен жана жасақталған құрамалардың темір таңқілер шабуылына төтеп бере алмай, тоз-тоз болып шегінген кездері де аз болған жоқ. Сондай қысылтаяң шақта Базарбайдың да бөлімшесі қоршауда қалып, жағалай үрган ауыр снарядтардан есендіреп қалған шағында тұтқынға түседі.

Сталиндік өктемдік заманның түкірігі жерге түспей тұрган кезі емес пе? Тұтқында болғандардың бәрі сатқынға баланып, тіпті еліне амансау оралғандарымен де, “ұн деместің” құрығына түспегендер ңекен-саяқ қана шығар. Сол пәлелі жаладан Базекен де құтыла алған жоқ.

Тұтқынға түскендерді сонау майдан даласында електен өткізіп, кінәсі жоқ болғандықтан еліне босатқанымен, көрешекті өзі туған ауылда көретінін қайдан білсін. Ойында ештеңе жоқ, ақталағып келдім деген сеніммен бұрынғыдай колхоздың әртүрлі жұмысына жегіліп, жұрт қатарлы күн кеше бастаған. “Ағайын бар болса кере алмайды” дегендей, соғыстан және тұтқыннан аман оралған Зіңгіттей азаматтың сонынан сыйбын сез ере бастады. Бір күні бригададағы жұмыстар шаршап, әбден қажып қайтқан әрі қабағын кірбің шалған Рақимасы оған

– Отагасым-ау, тәңірім бізді аямаған екен. Анау жалғыз ұлымыз Құрманғожадан хабар-ошар жоқ. Оның үстіне сені мына жұрт ңемістің тыңшысы деп сез таратып жүрген сияқты. Бір екі сыйбын ауыздан естіп қалдым, сені халықты “жұмыс іstemендер, бәрібір кенес үкіметі құрыйды” деген үгіт жүргізеді екен деп соғып түр, - деген еді. Сонда Базекен өзінің қашанғы сабырлы қалпымен:

– Оттағандар оттай берсін, ақ екенімді бір құдай біледі. Колхозының жұмысынан аянып жүрген жерім жоқ. Анадағана бір пысықайлармен олардың өрескел қылыштарын көріп, қаттырақ сезге келіп қалып едім. Сірә, солар шығар әңгіме қозғап жүрген. Қайтесін, Рақима, ит үреді, керуен көшеді, - деп қана қойған екен.

Бірақ зұлмат заманың иті әншейін үрмейді екен. Бір құні ауданнан өндері өте қатұлы екі кісі келді де алды да кетті. Оларға ауылдағы “үштік” қатырып қол қойып, “халық жауын” толық әшкөрелеп арыз жазып берілті. Сонда әкесін әкетіп бара жатқан арбаның артынан жаутаңдал жылап, Қаратоқа қыстауына дейін қалмаған Қагида әкесінен мәңгілікке

айрылғаның білген жоқ болатын. Арбаның артында теріс қарап, тұңқырап отырған әке бейнесі Қағиданың есінде өмірлік қалған еді...

АҒАСЫ ҚҰРМАНГОЖА ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Сұрапылды сол жылдар адамды тіпті ерте есейткен сияқты. Өзінен он жас қана үлкендігі болғанымен Қағида ағасын бала болса да пана көріп есті. Өте ақылды, әрі зерек еді. Сіра, мәндайға сыймайтын адам сондай бола ма кім білсін әйтсеүір жаңып тұрган жан болатын дейді оны білетіндер. Қарғыс атқыр қанды соғыс кімдерді жыллатпаған, кімдердің басына қара бұлт үйрімеген. Сондай қайғы, қасіретті көп тартқан адам Рақима шешесі, елішінде оны “қасқыр кемпір” десе, ол сондай таңдануға тұрарлық қасқыр адам еді. Қуиेүінен де, жалғыз ұлынан да тірідей айырылған ананы қасқыр еткен өмірдің өзі, қатал тағдыр тауқыметі.

Құрманғожа он үш жасында Семиполка селосындағы бастауыш мектепті Құрмет грамотасымен бітірді. Оның Түмен облысында орыс арасында өскенінен хабары жоқ мектеп оқушыла-ры, Балуаннан келіп оқыған қазақтың қара баласының орысшаға жеткітінде, сабакқа ете зеректігінде таң қалатын. Қарапайым, кішіпейіл қайырымдылық мінездері үшін құрметтейтін.

Соғыс алдындағы сол жылдарды ауыл балалары еңбекке ерте араласқан ғой. Құрманғожа да колхозға алдында әкесімен бірге, одан кейін әкесі майданға аттанғанда өз бетімен жұмыс жасады. Қайда жұмсаса да ауыртапшықтаң қынышылықтан қашқан жоқ, “бәрі де майдан үшін” ұранына лайықты еңбек ете білді. Буыны қатпаған жасөспірімдерге алдымен жұмыстың женілі қарастырылатыны белгілі, басында сиыр жегілтін шөп машинасымен шөп шапты, сосын өгіз арбамен колхоздың мал қорасына шөп тасуға, мая салуға жарады. Ал он алты жастан бастап колхоздың қатардағы мықтыларынан қалысқан жоқ. Лобогрейкамен астық бастырып, көнәр қапқа сықай толтырылған астық артылған біршкелермен сонау Мамлют, Қызылжар стансаларына астық та тасымалдады.

Бірақ, осындағы жанғияр еңбегі үшін ауыл белсенділерінен алғыс алған жоқ. Қайта, “әкен пленде, ҳалық жауының баласысын” деп, көзге түрткі бола бастады. Сүйіл қесылған жары-Мәптуқаға жаңа үйләнгенінә қарамастан 1943 жылдың жаздағы ортасында өз еркімен майданға аттанды. Ол сонда онсегізге жаңа толған өндір, албырт жас еді-ау, шіркін. Жаудың беті қайта бастаған кез ғой, келесі жылдың қазан айына дейін хат үзілген жоқ. Анасы Рақима майданнан келген әрбір үш бұрыш хатты алдымен Қағидага оқытып, сосын келіні Мәптуқаға тағы бір оқытып, тұмардай көріп, кішкене темір сандығының түбінен салып қоятын. Ана жүрек өнді жалғыз ұлын қайтып көрмесін сезді ме екен, кім білсін, ара-тұра сол хаттарды сандығынан алып, жүрек тұсына басып, тәңірінен жалбарынғандай іштей толғанысқа берілетін қездері де көп еді. Сонда ана жүрегін шымшып алғандай бір қауіптүрәй билейтін. Ол бекерде емес екен-ау. Женістің

жылы жеңіл есебастаған 1944 жылдың қараша айының соңында баласының өскери бөлімінен “Сіздің ұлымыз – жауынгер Дүйсенбин Құрманғожа 1 қараша күні із-түсіз жоғалып кетті” деген хабар алғанда қара жер қарс айрылып кеткендей болдығой. Жаңып түрган жарық шырағының хабарсыз кеткеніне қалай сенсін-ау, ана жүрек. Бәрі бекер болар, бір жерден шығар, табылып қалар деген үміттіғана серік етті. Бақылық болып, көзжұмғаныныша осы үміттен айрылған жоқ. Сонда ана жүрепін демеу болған үшбүрүшты саргайған жауынгер хаттары міне, мениң алдында жатыр. Оларды жалғыз бауыры мен анасының көзіндегі көріп сақтаған, осы қунге аманат етіп, күйеү Есмақанның қолына тапсырып кеткен Қағидада.

Енді сол бірер жауынгер жазған хаттарды келтіре кетейік:

“Амандық хат.”

8.IX – 43 ж. Ардақты қарындасым Қағантай! (Қағиданы солай еркелетіп атайды екен) дөнің сау ма? Аман-есен жүрсің бе, аурусырқаудан аманбысың? Анаңың, Мәптүқаның дендері сау ма? Экеңнен хат бар ма, аман ба? Шыққан шығындарың жоқ па, онан-мұнан тынышпсыңдар? Ағайын-туыстар тегіс аман ба? Әскердегі ағайлардан хат бар ма? Нагашы жүрт аман ба?

Ал менен амандық сұрасандар, мен де аман-сау жүріп жатырмын! Жаңындағы жолдастарым тегіс аман. Өзім аздал ауырынқырап жүргенім. Біз ештең ететін емеспіз, бізді көп ойламандар. Өз жағдайларынды ойландар, хатты жиі жазындар. Басқа сөз жоқ, қош болындар!”

“Амандық хат.”

16.VIII – 44 ж. Қадірлі заманда! Бір тарақ ақ қағазды сізге жолдап отырмын, ал Мәпу қалай, мал-жандарың аман ба? Шыққан шығындарың жоқ па, апамның, Қағаннның дендері сау ма? Экемнен хат бар ма? Нагашым үйінің мал-жаны аман ба, шыққан шығындары жоқ па? Әскердегі нагашымдардан хат-хабар бар ма? Басқа нағашы туыстар тегіс аман ба? Мұханбетқали үйінің мал-жаны аман ба? Жәсираның дени сау ма? Балуандағы ағайын туыстар аман ба? Есімнің, Еслемғалидың үйлерінің мал-жандары тегіс аман ба?

Ал менен амандық білмек болсандар аман-сау жүріп жатырмын. Тұрмыс жақсы. Осымен сөзді тоқтатам. Үлкендердің құлағына алтын сырға...

Мәпуге - Қожадан сәлем!

Ал, Мәпу дөнің сау ма, аман-есен міндетті қызметінді атқарып жатырмысың? Жуырда жазған хатынды алдым, бірақ сирек саласыңғой, біз мұнда қунде хат күтеміз. Дүйсенбай бауырынан хат бар ма? Елде қай қатарлы адамдар қалды? Сарыбайдан хат бар ма, Алтыншашқа сәлем де, хат неге жазбайды? Хат жаз, тез, тез жаз!”

Құрманғожаның қазақшасы мен орысшасының тең, екі тілде жорға түсетінін орысша жазған мына хатынан аңғаруға болады:

“Письмо пущено 4/VI- 44 года.

Здравствуйте, дорогая мамаша! Посылаю вам горячий, пламенный привет.

В первых строках моего письма сообщаю всем о том, что я жив- здоров. Нахожусь пока на отдыхе, жизнь моя пока хорошая. Идут часы, проходят дни. Скоро с победой вернемся домой, жди мамаша.

А теперь хочу узнать как вы живете, от папы письма есть, шлет он вам письма или нет? Передайте привет ему и другим товарищам. Кто домой вернулся с Армии? Чаще пишите, от вас долгое время письма не получаю, за 7 месяцев одно письмо получил, которое 27/V -написано, больше нет.

Пришлите бумаги, на нечем писать. Больше писать пока не буду, до свидания. Остаюсь жив и здоров, того и вам желаю. С приветом Курмангожа."

Алдағы хатында әзірге хат жазбаймын десе де елге, анаға, жарға деген сағыныш шыдатсың ба, одан он күнінен кейін жазған соңғы сақталған хаттарының бірінде былай дейді:

“Амандық хат! 24/VII – 44 ж.

Аса құрметті керетін замандас (анасының алдында сыпайлыш сақтап, Мәптүқаны осылай атаса керек) мал-жан аман ба? Шықсан шығын жоқ па, апамның дені сау ма? Қағантайдың дені сау ма, қалай оқуын жақы па, апамның дені сау ма? Шамаларың келсе оқудан үзбендер. Нагашымнан, әкемнен хат-хабар бар ма? Басқа ағайын-тыстардан хат-хабар бар ма? Ал Мәпу, нагашым үйінің жәйі қалай, жақсы ма, балалары ауру-сырқаудан аман ба? Мұханбетқалидік аман ба? Нагашы туыстар төс аман ба? Аттарын атап жазбады деп өктелемесін, уақыт жоқ бірден, қағаз жоқ екіден Жаңаталаптағы нагашыларға төс сәлем де. Қайша қайда? Хат неге жазбайды? Әдейі менен сәлем айт, елге аман барсам оңдырмаслың

Ал, Мәпу мәнімен бірге кеткен жігіттерден келгендер бар ма? Алқағаштан Қекіжанов Айдархан, Жалтырдан Омаров Рамазан, Базарбай, Аяған тағы басқа жігіттер елден бірге шығып ек, қазір қайда екенін білмеймін. Елдің қымбат-арзаншылығын жазындар. Үш хат алдың сөндерден, мына адресспен 25500 "Л". Ал, менен амандық сұрасаңдар, аман-сау жүрмін. Екінші жарам тәуір болды. Хат жазындар. Қош, қош болындар! Сәлеммен Құрманғожа."

Мәңгілікке қоштасқандай соңғы сәйлемді бекер-ақ жазған екен деп ойлайсын Бірақ тағдыр ісіне нәшара бар. Адамның алды қараны фой, ертеңі қунде нә күтіп тұрғанын қайдан білсін? Ал соғыста адам жаны тіпті де қыл үстінде тұрады емес пе? Анасы Рақиманы, қарындасты Қағиданы, сүйген жары Мәптүқаны осы бір хат жолдары талай жылатқан-ақ шығар. Әлде олар Құрманғожаның мына шығарма өлеңін оқып еілді мемекен?

Мәптуқа риза бол досыңызға,
Жоқ еді еш бөтөндік арамызда.
Неліктен бұл бейнетке салдың Алла
Ойлаймын арманда боп қаламыз ба?

Басында биік таудың балғын едім,
Кекорай суға біткен шалғын едім.
Ауылдан екеу болсақ қайғырмас ем,
Қайтейін бір ауылдан жалғыз едім.

Кермеге екі ақбоз ат қойдым байлап,
Ауызымда құр қызыл тіл түр ғой сайрап.
Ауылдан почта арқылы хат келгенде,
Жаттым ғой төсегімде көзім жайнап.

Немістің оғы тиіп жарапандым,
Жер ошақтай жер қазып паналадым.
Бір аяқты мәрлімен байлап алып,
Житомир мен Киевті арападым.
Хат жаздым қалам алып ағаларға,
Шыбын жан жер таппады панарапарға.
Жаныма себеп бір Алла болсын,
Сыйындым бұрынғы өткен бабаларға.

...Осы хаттарды көзінің қарашибындағы сақтаған “қасқыр кемпір” Рақима да, жауынгердің жалғыз қарындасты Қағида да бұл дүниеде жоқ. Бірақ олардың бірде-біреуін шашау шығармай, қайта оны тың естеліктермен, осы отбасына деген мөлдір махаббатпен жинастырып, одан әрі толықтырып жүрген Қағиданың құдай қосқан қосағы Есмақан Қожақметұлы ағаға қалай разы болмассын. Өзі де шау тартып, ауырып-сырқап жүргеніе қарамастан асыл жарға деген асқақ сезімін үрпағына мұра қылыш қалдырығысы келсе, оның несі айып!

ҰСТАЗДЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫНАН ЖӘНЕ АНАСЫ РАҚИМА ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫРЛАР

Қағида жоғарыда айтқанымыздай бұрынғы Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданындағы Балуан ауылының тумасы. 1935 жылы мамыр айында дүниеге келген Тағдырдың тауқыметі солай болған шығар, қаршадай қыз өмір тәлкегін көп көрді. Әкеден, жалғыз ағадан тірідей айырылған оның сәби жүргегінде беріш болып қатып қалған мұн да болған шығар. Сол бір аласапыран тарих кезені, сұрапыл соғыс жылдары кімге женіл соқты дейсін. Аналардың әлдінін гөрі зарын көп естіп өсті ғой.

Соғыстың нағыз қайнар түрган кезі – 1943 жылы мектепке окуға барыпты. Өнда да ауылындағы емес, көршілес ынтымақ ауылының бастауыш

мектебінө. Олай болуы тұрмыс жағдайына байланысты еді. Рақима ананың қанша қайратты, өкет еді десек те, әйелдің аты әйел емес пе? Сүйенерлері соғыста жүргендे ынтымақ ауылында тұратын інісі Шаяхметті пана көріп, көшіп барған болатын. Әрі келіні Мәптүқа осы мектепте оқытушы болып қызмет атқаратын Сейтіп, дәм жазуымен Қагиданың алғашқы үстаздары – өзінің туған женгесі мен оның құрбысы Сағынай Сүгіровалар болды.

Соғыс аяқталған соң туған елге – Балуанға көшіп келіп, жетіжкілдік мектепті сонда бітірді. Сосын 1950 және 1953 жылдары аралығында сол кезде өзінің білім саласымен облысқа ғана емес, бүкіл республикаға танылған Ленин орта мектебінде оқып, орта білім алғып шықты.

Қызыұы да, қынышылығы да мол болған осы балалық дәурен – қағаз бетінде жүгіртіп жазып өтуге ғана оңай. Ад оны ержей-тегжейлі сараптап байқар болсақ, сақа жандардың өзін есөнгіретіп, жарға жыққан сол сұрапылды жылдар нәзік бала жаңында қалай із қалдырмасын?! Әрине, Рақима шешей тегін “қасқыр” адам аталаған ғой. Жалғыз қызының табанына шөгір тигізген жоқ, ішер тамақ, киер киімнен тарыншылық көрмей өсті. Сол жылдары колхозда еңбек еткен Рақиманың атқармаған жұмысы жоқ десе болады. Бригада қосында ас пісіруші де, шөлжинайтын тырмашы да, астықты қолмен елеңен елеуші де, өтізben жер жыртқан соқашы да, сиыр сауған сауыншы да болды. Оның шебер тіліншілігі туралы еләжелері бертінгө дейін еске алғып жүруші еді. Ер адамдардың қыскы, жазғы киімдерін тігіп, майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер жөнелтуге белсендеген салысқандардың бірі де өзі болған. Сосын әйелдердің жаулық, қамзол, кейлек сияқты киімдерін былай қойғанда, өзі тарамыс дайындал, мәсі де тігеді екен. Бір сөзбен айтқанда он қолынан өнер тамған адам болғаны анық. Тегі, соғыс алдында ауылдық көнешке депутат болып сайлануы да кездейсоқтық болмаса керек.

Қагиданың балалық шағына көз жүгірту үшін оның анасы Рақиманың өмір соқпақтарына, ізгілік, адамгершілік қасиеттеріне, қажырлы әрі қайратты іс-қарәкеттеріне тоқталмай өту мүмкін емес. Өйткені, ұлы үстазды тәрбиелеген бөзы ана ғой. Сондықтанда, оған қалай тағым етіп, ардақтап еске алсақ да лайықты.

Ол туралы Қагиданың жұбайы Есмақан аға былайша сыр шертеді:

– Рақима шешеміз өте пысық адам болған. Әйелдерге тәк жұмыстарды былай қойғанда, кей кезде ер адамдар атқаратын істерді де еңсеріп жүре берген ғой. Мысалы, қойды немесе ірі қара малды бауыздатып алғып, өзі терісін кеспей тап-таза сөзды екен. Етті мүшелеп, реттеуді де жақсы білген. Тұмысында бой-басы таза, салиқалы түзік тұрмыс жағдайына өте икемділігінен шығар, дайындаған тағамы аса дәмділігімен ерекшеленетін еді.

Бәрінен дә қартайғанша қалмаған еңбексүйігіштің айтсаңшы. Біреуге өтірік, ал маған шыны – 84 жасқа келгенше үй малына шөп

дайындағанда маған көмектесіп келді. Шөп шабар кезде мән:

— Апа, сен үйде қал, шөпті өзім шабамың, жүрт маған қүледі ғой, сексенін аскан шешесін селкілдетіп не көріпті дер, - десем, - Үйде омалып отырганша, далаға барып шөп шапқаным жақсы ғой, - дейді маған. Сосын ертең шөлке шығамыз деген күні бір қойды нәмесе семіз тоқтыны сойғызып, оның етін тұздап, аздал тұтінге ыстап алады. Шабындық басына ошақ, кішірек шойын қазан, самауыр жөнө басқа қажетті ыдыс-аяқтарымызды түгел алып барамыз. Арбаға жегілген билемізді ағытып, сосын оны ағаштың көлеңкесіне шідерлеп нәмесе байлап қойғаннан кейін апарған ыдыстарымызды, тамағымызды жерге түсіріп, қосы сияқты балаған жасауға кірсеміз. Балағанның төбесін жұпар аңқыған жас шөппен жабамыз. Шілденің қайнаған күнінде ішіне кіріп дем алсан, іші сап-салқын болып тұрады.

Шешейдің сосынғы бір мұлтікіз атқаратын ісі – күннің көзі түспейтін ағаш көлеңкесінен терендігі метрге жуық қазып, үйден әкелген қымызымызды ыдысымен соның ішіне орналастырып, үстін көк шөппен жабады. Сосын бір кезде шалғы тартып жүрген маған – Есмақан балағанға кіріп, сусындал ал, – деп айғайлайды. Тіл үйіріп, ісі аңқыған салқын қымызызды ішкенде сусының қанып бір рақаттанып қаласын.

Осылай бірер күн шөп шауып, кірелердің алды кебе бастағанда шемеле тұрғызуға кірсеміз. – Есмақан, ағаш ішінде терт жінішке қайын сырғының дайындал қойдым, соларды барып әкеле қой, – дейді маған. Дайындаған қайындары Есілдің жарқабағына шығатын биікталдардың толықтығындағ ұстаяға ыңғайлы болып келеді. Сондай екі қайын сырғытың басын жаптырағымен біркітре қоса байлап, шемеленің үстінен нәмесе төбесінен тәмен қарай екі жағынан тартын басып тастаймыз. Екінші жұп қайынды да солай екі жағынан тартамыз, апам шемелені айнала жинастырып, іргесін аяғымен теуіп ішіне өнгізе мұнтаздай етеді. Сосын – Енді шемелеге су да өтпейді, жел де ұшырмайды, шөп шашылмайды, – дейді.

Бірде шабындықтан шөп тасып әкелуге машина шақырдық. Машинамен ағызып отырып төрт жігіт шабындық басына жетіп келді. Сонда жігіттер біздің салған шемелелерімізге қарап: – мыналарыңыз шемеле емес, жаяу шошақ қой, – десіп күліп алды. Расында да, онбір шемелеміз шөп таситын арнайы машинаға әзер дегенде сыйды ғой. Ол кезде шөпті стогометпен арту деген жоқ, қарулы жігіттер қол айырмен артып болған соң, күмдерін қағып, терлерін сұртіп, азғана дем алып алғасын артылған шөптің төбесіне шығып жайғасты. Кейде әзілге ерік беретін апам: – Есмақан, мен дайындаған жиырма екі шемеле шөп сенің шемеленмөн салыстырғанда қанша шемеле шөп болады деп ойлайсың, мына машиналарыңмен 2-3 рет қатынау керек шығар, – деп, шаршап отырган жігіттерді ду күлдіргені бар…

АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҚТАР

Алдынан дәріс алмасақ та, Қағиданы көріп өскендіктен және ауылдас ері ағайында болғандықтан осынау ұлағатты ұстазды жақсы білетініміз рас. Ленин ауылындағы интерната түрып оқығанбыз. Рақима шешеміз бізді көзі шалып қалса құдды бір әке-шешемізді жолықтырғандай, асты-ұстімізге түсіп, еміреніп сала беруші еді. Ағылшын пәнінен сабак беретін Есмақан жездеміз де іш тартып тұратының аңғаратын едік. Жалпы осы жанұяның Балуан ауылының балаларына деген ықыласы тым ерекше болатын. Тегі ол ата-жұртқа, елге деген зор сүйіспеншіліктен де шығар? Кім біледі, мүмкін отбасының ер кіндіктілері аман болғанда Рақима шешеміз де ақар-шақар ňемерелер сүйіп, оларын біз сияқты Ленин мектебіне окуға жіберіп жатар ма еді? Қартананы елжірететіні өлде осындағы орындалмай қалған арманнан туындаған өкінішті дүниенің орайы ма екен? Біреу жылы сез айтса, жанымыз жадырап сала беретін бала кезіміз емес пе, өйтейір бізге Қағида тәтеміздің осындағы кеңпейіл ақжүрек отбасының мейірім шуағы ете ыстық көрінетін. Ұстаз тәтемізді мақтан тұтатынбыз, және ол осындағы зор құрметке лайықты да жан еді.

Ұстаздық жолын талдауына алдымен туған жеңгесі Мәптүқа мен оның құрбысы Сағынай Сүгірованың ықпалы зор болғанын әркезде де жиі айтатын. Еліктеріш бала шақтағы өмірлік арманға айналған сол алау сезімді ұмыту да мүмкін емес қой. Содан кейін Ленин орта мектебінде оқуын жалғастырған кезінде қандай марқасқа ұстаздардан дәріс алмады. Олардың кепшілігі ұстаздар-дың өздеріне ұстаз болатын жандар еді ғой. Олардың қатарында Шияп Садықовты, Мисалым Садықованы, Құсайынов Жанғали, Нұрсұлуды, Жылгелді Мұқановты, Шәкім Нұртазинде және басқаларын атауға болады. Осында ортадан үшікап Қағиданың басқадай мамандықты қалауы мүмкін емес еді.

Бала арманы орындалып, ұстаздық диплом алған Қағида 1957 жылы езінің үшікап үясы – Ленин орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасты. Жоғары оку орнында алған тиянақты білімі мен жас маманның іске деген зор ынталасы оның беделді ұжымға бірден бауыр басып кетуіне ықпал етті. Сөйтіл, алғырлықтымен және іскерлігімен танылған жас ұстаз бірер жылда аудандық, облыстық және республикалық педагогикалық оқуларға қатысу мәртебесіне ие болды. Ол беретін пәнінен сол жылдары аудандық, облыстық семинарлардың осы мектепті таңдауы тегін болмаса керек. Мысалы, солардың біреуін ғана ауызға алар болсак, 1965 жылы Ленин орта мектебінде бүкіл облыстың қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерін жинаған семинарда Қағиданың ұстаздық озық тәжірибесі көнінен талқыланып, ете жоғары бағаланды.

Осы ұстаздық алғашқы баспалдақтарында-ақ Қағида бірден кепшіліктің көзінے түсken алғыр жас мамандардың бірі болды. Жүрек қалаған жақсы

іске деген құлшының оны әрдәйым алға жетелейтін, бүгінгіден ертеңгі өмір қызықтыра түсүші еді. Шындығын айтқанда Ленин орта мектебінде сайдың тасындағы іріктелген жоғарыда аттары аталған тамаша ұстаздардың тоғысы да өсуге, қанаттанып жетілуге он ықпал еткені рас. Ол мектептің атақ, даңқының дүрілдеп тұрган кезі ғой, және оқу бітірген мектеп түлектері республиканың бетке ұстар жоғары оқу орындарына іркілмей, қиналмай түсіп жататын. Мектептегі тек оқу сабактарыға наға емес, оның тұрмыс-тіршілігі, пионер өмірі, ойын-сауық кештері бәрі де қайнаған қазандай қызулы еді-ау шіркін. Осында ортада бойындағыны сарқа жұмсамай, үлкеннен тәлім алып, өрелі ойдың өсе түспеуді мүмкін емес қой.

1966 жылы облыстық педагогикалық оқуда Қағида Базарбайқызы "Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда техникалық құралдарды пайдалану әдісім" деген тақырыпта баяндама жасады. Бұл жәй ғана айта салуға ғана оңай, әйтпесе осы нәбары он бес дәптер бетінә ғана жазылған баяндама оны қанша ойландырып, қанша толғандырмады? Бұған дейін жинақтаған еңбек тәжірибесін қайта-қайта ой сарабынан өткізіп, бір емес, бірнеше дәптер толтырып, оны нәзік саусақтары майыса отырып, қаншама күн көшіріп жазбады десенші. Мұндайда, әрине, бірінші ақылшы – жан жары Есмақан, кейде оны шырт үйқыда жатқан жерінен оятып алып, баяндаманың көңілінә қонбай тұрган жерін дауыстап оқып беріп, сосын екеуі таң атқанша талдайтын да кездері болған. Сондайда таңғы намазына тұрган Рақима шешей: – Қарақтарым-ау, әлі жатпағансындар ма? Мектепке баратын уақыттарыңда таяу қалды, кездерің ісіп, қалай сабак бересіндер. Жүдедін-ау, қалқам, - дей келіп, намаздан соң шәй қамдауға кірсетін. Бұл жерде айта кетерлігі сол. Қағиданың тамаша ұстаз болып қалыптастына Рақима шешейдің қосқан үлесі зор. Өйткені қартайып, қаусаған шағына дейін сүйікті қызыны үй шаруасына қаратқан жоқ. Бәрін өзі атқарып, қызының қызмет уақытын үлғайтуға тырысып бағатын Сейтіп, не керек маңдай терін төгіп, бар білімін көрсетуге тырысқан баяндамасы өзінің ғана емес, көпшіліктің де көңілінен шықты. Аталмыш әдістеме облыстық оқу бөлімінде, республикалық педагогикалық оқуда жоғары бағаланып, озық тәжірибе ретінде республика мектептерінде кеңінен таратылды. Және де осы баяндамасы үшін қарапайым ауыл мектебінің мұғалімі ағарту, жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлерінің республикалық комитетінің Құрмет грамотасымен, облыстық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен және бағалы сыйлығымен марапатталды.

Алғашқы абырой, атақ кімге мақтандырылған, кімді қуантлаған. Оның көпке дейін есінде жүргені, сол қундері өзін аспанға шарықтай үшқан қыран құстай сезінгені. Қиял дегенниң шенбері қалай кең еді, құлашына кең әлем сыйғандай күн кешті емес пе? Әсіресе, Рақима шешейдің қуанғанын-ау, қайырлы болсын айта келген мектеп ұстаздарына кілті үнәмі камзолының ішкі қалтасында жүретін кек

саңдығының қақпағын айқара ашып, үнемі іркіп жүретін тәттілөрін шашудастарханына төгіп тастанды ғой. Ал Есмақан болса, зайдыбы ғана емес, өзі де бір биік белеске көтерілгендей сезімде болды. Үштімдегі жарасқан отбасының ортақ қуанышы деген осы-ау шіркін.

Одан кейін де талай жеңістерге, өрелі биіктеге қолжетті. Бірақ, алғашқы табысты қадам, алынған арман баспалдағы бәрінен де қымбат екен ғой.

ӨСҮ БЕЛЕСТЕРИ

Қағиданың есімі 1981 жылғы аудандық Құрметтақтасына жазылып суреті ілінді. Облыстық дәрежедегі осындағы құрметке 1984 жылғы қолы жетті. Бұл кезде ол педагогикалық әдістемелік оқулардың су төгілмейтін нағыз жорға майталманы дәрежесіне көтерілген шағы болатын Сондықтанда шығар, өз пәніне қатысты республикалық оқуларға шақырылмай қалған кезіжоқ десе болады. Жәнә жәйтыңдаушы ретінде шақырылған жоқ, бәрінде де жұртты сөлт еткізерлік соны сйлары, тұжырымдары молбаяндамалар жасап, педагогикалық ғылым тарландарының назарына ілінп отырды. Сондықтанда болар, республиканың бас қаласында ғана емес, Орал Қекшетау, Жамбыл облыстарында өткен педагогикалық оқулар мен конференцияларға арнағы шақырту алып, олармен өз тәжірибесін бөлісті. Сондағы сапарлардағы құнды баяндамалары "Қазақстан мектебі" журнальында үнемі басылып тұрды.

Оның қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту жөніндегі көптеген баяндамалары мен озық тәжірибелері облыстық педагогикалық оқуларда, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, семинарларда тыңдалды. Соның ішінде "4-ші класта қазақ тілін оқыту" жөніндегі баяндамасы республикалық педагогикалық оқуда жоғары бағаланып, Қазақ ССР Оку министрлігі мен ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтының Құрмет грамотасымен марапатталды. Мініе, осының бәрі ұлағатты ұстаздың жас жеткіншектерді оқытып, тәрбиеледегі тәжірибесінің молдығын көрсетеді. Сонымен бірге ол облыс ұстаздары атынан Қазақстан көсіподақтарының XII және XIII съездерінде делегат болып қатысқан.

Әрине, осының бәрі өз ісінеге деген зор махаббат пен ыждағаттықтын, жанқияр еңбектің арқасы екенін ешкім жоққа шығара қоймас. Не нәрсе сүйіспеншіліктен ғой. Мен қазақ тілін, оның бастауын сүйер болсақ тек Қағидадай сүйейік дер едім. Ана тіліміз өгейсіп жүрген заманда бозторғайдай шырылдап, соның әр нәрі үшін курескен осы ұстазды аспанға көтермелегендеге, кімді көтереміз. Бір өкініштісі, Қағиданың осы бүгінгі мәртебелі күнге жете алмай кеткендігі. Тірі болса қандай шаттанар еді шіркін, жыл сайыл жақадан ашылып жатқан қазақ мектептерін көріп, жаны нұрға толар еді ғой.

Ия, нестін айтайық, ана жылдары тіл мәртебесін көтеру онайға түскен жоқ. Ойға алғандарын жүзеге асырған жаңдар некен-саяқ. Солардың

бірі, бірі болғанда да бірегейі – Қағида Базарбайқызы дер едім.

Қағиданың бастамасымен Ленин орта мектебінде тұнғыш рет қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті 1972-73 оку жылынан бастап үйімдастырылды. Әз ісіні шебері атанағулгерген ол кабинетке қазақ тілі мен әдебиеті сабактарын саналы өткізіп, окушыларға тиянақты білім беруге тиімді әсер ететін көрнекіті құралдарды жинастырып, мазмұнды және окушыларға үйімды стенділер жасады. Кабинетте көркемдік нәрберіп, окушылардың білімін толықтыратын және оларды ізденіске жетелейтін “Ұлы Абай”, “Жыр алыбы”, “Сөнбейтін жүлдіздар”, “Біздін Сәбен”, “Халқымыздың мақтанышы” (Мұхтар Эүесов туралы), “Білімдіден шыққан сез”, “Кластан тыс оку”, және сабак сайынғы материалдарды өзгертіп отыратын “Сез зергері”, “Бүгіні сабакта”, стенділері әр сабактың саналы да, қызықты өтуіне үлкен үлті көрсетіп отырды.

Кабинетте жинақталған 300-ге тарта таблицалардың 200-і қолдан жасалған болатын. Әр клас үшін бағдарлама бойынша үлестірмелі карточкалар жасалып, жеке жәшіктеге орналыстырылған грамматикалық калейдоскоптар, эпиленталар, альбомдар окушылардың ерекше ынтасын оятып, сабакқа деген құштарлығын арттыратын Бағдарлама бойынша өтетін әрақын-жазушылар шығармашылығына байланысты материалдар арнайы папкаларға жинастырылды. Кабинетті жабдықтау жұмысына окушылар көнін тартылып, олардың да ұсыныс-пікірлөри ескеріліп, барынша зор үлес қосуларына жағдай жасалатын. Сол кездегі өмір талабына лайықты безендіріліп, жабдықталған осы кабинетте лингофон аппараты орнатылған бай кітапхана да ашылды.

Осы атамыш кабинет 1981 жылы төлқүжаттанып, аудандық пән кабинеттері байқауында талай рет жүлделі орындарға ие болып, кабинет менгерушісі Қағида Базарбаева аудандық оку білімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Осы кабинет негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің аудандық, облыстық семинары өтті.

Педагогика ғылыминың Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының республикалық оку-әдістемелік кабинетінің әдістемешісі Ұ.Байсақалова 1985 жылы арнайы Ленин орта мектебінә келіп, Қағиданың бірнеше ашық сабактарына қатысып, оған ете жоғары баға берे отырып, озат ұстаздың оқушыларға терең де тиянақты білім беруде шығармашылықпен ізденіспен енбек етуін ерекше атап ете келе “Қазақстан мұғалім” газетіне “Ізденімпаз ұстаз” деген мақала жариялады. Көп жылдың жемісті енбекі үшін 1977 жылы “Қазақ ССР-ның енбек сінірген мұғалім” атағына ие болған және 1983 жылы өніріне “Әдістемеші – мұғалім” белгісін қадаған Қағида осындағы құрметке лайықты жан болатын. Сол жылдары орталық көлілдір экраннан кез-келген шалғайдағы ауыл мұғаліміне сез беріле бермейтін еді ғой. Республиканың орталық көлілдір экран арнасы 1984 жылы “Экран – мұғаліміге” айдарымен “Қазақ ССР-ның енбек сінірген мұғалім”, қазақ әдебиеті пәнінің ұстазы” Қағида Базарбаеваның іс-

тәжірибесінен арнай хабар үйымдастырып, осы хабарға қа-
дің, КазГУ-дің тіл мамандары алдында сөз сейледі рең
министрлігінің оқу-әдістемелік кабинетінің әдістемешіс
үйымдастырушылардың бірі Ұлмаш Байсақалова ұстаз,
больш, ете жақын танысқаннан кейін Қагидаға деген үлі
ілтиптатын мына жыр жолдарымен былайша өрнектеген:

Әр адамды жетелейтін арман бар,
Арпалысып арман шыңын алған бар,
Арманына жете алмай шарқұрып,
“Ah” ұрады-ау қолы жетпей қалғандар.

Әр адамның қайталанбас түсі бар,
Түсіне сай: ой өрнегі, ісі бар,
Ақылының қашшалықты жүк көтерер,
Шама-шарқын сол өрнектен кісі үфар.

Мейлі момын, мейлі қайсар дара жан,
Өзінше бір дүние ғой әр адам.
Біліп болмас зерттеу үшін бөлсөң де,
Әрқайсысына бір-бір ғылым данадан.

28 нау

Жалпы Қагида республикалық қазақ тілі мен әде-
әдістемелік орталығымен өте тығыз байланысты бол-
белімнің жауапты қызметкерлерінің бірі Балғаным Құлма-
келген мына жедел хаттар дәлел:

“Кымбатты Қағида! Баяндаманды аударып Моск-
Аударылған тексті және бағдармаларынды өзіңе бондер-
жіберемін”.

Сәлеммен ағ

“Кадірлі Қағида! Хатынды алдым. Аман-есенбіз. Сіз
адамдармен кездесемін. Сізді автор ретінде енгіздік.
арада шығады”.

Сәлеммен апа

Ауыл мектебі мұғалімінің осындай жаң-жақты шығармашы-
оның қанатын кеңге сермеуіне себеп болды. Тоқсаныңшы же-
түсіндағы бұрынғы одақтық алғашқы мектеп реформасы кө-
болар. Заманында өте құндық саналған осы құжаттың талабы
бастамасы бойынша Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақті
конференциясына Қагида 1986 жылы желтоқсанның

аралығында делегат болып қатысты. Елге оралған соң одақ астанасындағы осы ұлы жиыннан алған әсерін тілдің майын тамыза отырып талай рет әрітес үстаздарға да, оқушыларға да әңгімелеп берді. Қоғамдық құралымдағы белгілі өзгерістерге байланысты оның шешімдерінің орындалмай қалғаны болмаса, негізінде реформаның көздеген мақсаты, алға қойған бағдарламасы нашар еді деуге болмайтын. Көп үміт күткен қайта құру оқу жұмысына мүлде мән бермей, шын мәнінде одан кейінгі аласапыран саяси тұрақсыз жылдар білім беру саласын кейін шегеріп таstadtы емес пе? Жеке ел болып, етек-женімізді жиған соң ғана, “онтайландыру” жылдарында кеткен олқылықтарымызды түсініп, білім беруді жетілдіруге ден қоя бастадық қой. Ол әрине, тақырыбы басқа, жеке әнгіме. Сол суренсіз қундерді басынан кешпегеніне де шүкір.

Ал Қариданың кезінде де ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде жан-жақты дәлелденіп, кезінде еліміздің көптеген мектептерінде көнің жарай бастаған тамаша идеялардың біраз жылдар тоқырауға ұшырап, тығырыққа тірелген бәрімізге белгілі. Бірақ, академик Ш.А.Амонашвили, талантты, қажырлы, табанды педагогтар И.В.Волков, С.Н.Лысенкова, Е.Н.Ильин, В.Ф.Шаталов және басқалар жүзеге асырған жастарға білім берудің, тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдері мен әдістемелері газет-журналдардың көмегімен педагогика ғылымында қалыптасқан теріс көзқарастарды барған сайын ығыстырып отырды. Себебі, жаңашылдар ұсынған батыл идеялар, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістәсілдері, болашақ мұғалімдері саналы даярлаудың жаңа жолдары ғалым-оқытушылардан, тәжірибелі мұғалімдерден қолдау тапты.

Осыған қарамастан жаңашыл педагогтардың жазған кітаптары, әдістемелік еңбектері, әсіресе қазақ мектептерінде сабак беретін мұғалімдерге, мектеп басшыларына жеткен жоқ. Сондықтан газет-журналдарда жарияланған материалдармен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында, университеттерде, семинар-кеңестерде оқылған лекциялармен қаруланатын еди. Республикалық педагогикалық газет-журналдар жаңашылдар туралы жеке-жеке материалдар жарияласа оны оқырмандары, соның ішінде алдымен үстаздар куана қарсы алатын. Мінне, осы іске Қариданың қосқан үлесі зор.

Онда оның үсташаған қаридасының мәні мынада болатын. Үстаз ойынша – жаңашылдардың еңбегіне арналған мақалалар, әдістемелік нұсқаулар, әрқашанда қажет. Барлық педагогикалық оқу орындарында семинар сабактарын үйлемдастырыған орынды. Ол үшін облыстық, орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының, педагогикалық оқу орындарының мамандары, халық ағарту бөлімдерінің басшылары мен инспекторлары озаттар тәжірибесін жаңашылдардың әдістемелік әдістерін үқыпты оқығандары, жан-жақты зерттеп, көпшілікке көнінен таратқандары жән. Яғни, жаңалыққа жаңашырлық, сергектік керек, - деп біледі.

ӨМІРДІ ӨНЕРМЕН САБАҚТАП

- Қағиданы өмірін өнермен сабактаған жандардың бірі деуге толық негіз бар. Кім біледі, егер балалық жүрек қалауына осыншама бекем болып, ұстаз болып шықпағанда, оның белгілі өнер шебері болуына да шубә жоқ сияқты. Мектеп қабырғасында оқып жүргенінде жас әдебиетшілер мен көркемөнерпаздар үйірмесіне белсөне арапасуынан болар, әдебиеттің қалай сүйсе, көркемөнерді де жаңына сондай серік ете білді.

Әзін өнөрге баулыған қос ұстазын ешқашан есінен шығарған емес. Олар орта мектепте – Жылкелді Мұқанов та, Абай атындағы қазақ педагогика институтында – Байділда Қалтаев болды. Біріншісі – мұғалім, екіншісі – Алматыдағы балалар мен жас өспірімдер театрының артисі және нағыз өнер адамы еді. Институттың драма үйірмесіне зор сүйіспеншілікпен әрі ерекше белсенділікпен қатысып М.Әуезовтың “Абайында”, F.Мусіреповтың “Қозы Қөрпеш – Баян сұлуында”, С.Мұқановтың “Шоқан Үәлихановында” тамаша образдар сомдай алды.

Сол жылдары шығармашылық шабытта болған Қағида аталмыш пьессаларда Абайдың әжесі Зеренің Шоқанның шешесі Зейнеттін, Қозының шешесі Макпалдың ролдерін шынайылықпен сахнаға шығарып, ез өнермен жалғыз студенттерді ғана емес, өнер тарландарын да тәнті ете білді. Қазақ әйелдерінің жақсы қасиеттерін, олардың зор адамгершілік мінездүйнешіліктерін замананың терен ақыл ойлы аналарын көрермендер талғамына тарту еткен оның өнеріне талайлар тамсана қол соқты. Мысалы, “Шоқан Үәлиханов” пьесасында ойнағанда шығарма авторы, академик, жазушы жерлесіміз Сабит Мұқанов пен институт директоры, Кенестер Одағының Батыры Мәлік Фабдуллиндер қатысып, осы роль тұралы ез пікірлерін айтып, студент жастың талабы мен таланттына өте жоғары баға берген еді. Ал “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” пьесасын қойғанда атақты өнер шеберлері КСРО халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлоов пен Қазақстан халық әртісі Рақия Қойышыбаевалар жас та болса жарқырай көрінген Қағиданың арқасынан қағып, ез ризашылықтарын білдірген болатын.

Қағиданы бір кездері аты республикаға дейін мәшін болған Ұбыраев атындағы халық театрының негізін қалағушылардың бірі деуге толық негіз бар. Диплом алып, езін қанаттандырған Ленин орта мектебіне мұғалім болып орналасқан соң, күнделікті ұстаздың міндептің басқа езінің ежелі армандарының бірі – мектепте окушылардың драмалық үйірме жұмысын құлышына қолына алды. Және де оны езі оқыған кездегіден де жоғары деңгейге көтеруді ойлады. Енді оған лайықты езінде тәжірибе мол еді. Бірден көзі жеткені – әдеби үйірмеге тартылғандардың дәні көркемөнерден де көнде емес екен. Тек осы екеуін сабактастырып, ұштастыра білсе болғаны. Бұл, әрине, Қағиданың қолынан келетін іс болатын.

Сөйтіп, көп үзамай мектеп сахнасында Қағида жетекшілік ететін драма үйірмestі M.Әуезовтің “Тұнгі сарын”, F.Мусіреповтің “Амангелді”,

С.Сейфуллиннің “Бақыт жолында” пьессаларын көпшілік назарына ұсынды. Басында мектеп ұстаздары мен оқушылары ғана тамашалаган бүл туындылар ауылдың жасы-жарісінің құлағына тиіп, мектептің кішкене қызыл мүйісі тарлық ететін болды. Үсті-устіне қойылып жатқан жаңа туындылар өнді кеңшар клубының да сахнасынан түспелтін болды. Шіркін бүл оның нағыз жүлдізды жылдары еді ғой. Кейде отырып, “осының бәрін атқарып жүрген шынымен өзім бе, қалай үақыт тауып жүрмін осы?” деп те ойлайтын Ойлайтын да, үй-шаруасына, бала-шагаға қарасатын анасы Рақимаға, әрдайымда ақылшы-кенесшісі болып табылатын жан-жары Есмақанға іштей ризалық сезіммен толқып кететін еді. Расында да, олар осындан серік бола алмаса, бәріне бірдей қайдан үақыт табылсын. Ауылды жердің күйбен үй шаруасы аз емес, бір әйелге толық жүк қой.

Осындан кәсіптік жұмысында, шығармашылық ісінде кең өріске ие болған Қағида үнемі білімін жаңартудан, ізденістен, толық мүмкіндігін пайдаланудан бой тартқан жоқ. Тіпті олардың тереңіне бойлай түсті.

Әдебиет пен өнерді қатар сүйетін оқушыларының көмегімен мектеп жаңынан тұнғыш рет қуыршақ театрын үйімдастырып, “Залым тұлкі” ертеғісі мазмұны бойынша өзі сценарийін жазған “Дүниеде кім күшті?” спектаклін сахнаға шығарды. Бүл ауыл өмірінде ерекше оқиға еді. Балалармен бірге жасаған жансыз қуыршақтарына тіл бітіп, өрбіген оқиға желісінде кәдімгі әртістердей ойнауы көпке таң болатын. Оны балалармен бірге ата-аналар да тамашалады.

Сонымен бірге Есмақан екеуі кеңшардағы халық театры тіршілігінен де қалыс қалған емес. Ауыл өнерпаздарына қарағанда сахналық тәжірибесі мол Қағидага театр режиссері Жылкелді Мұқанов үлкен сенім артып, жауапкершілігі мол басты рольдерді жүктейтін. “Көре-Көре көсем шығады” дегендегі Қағиданың өнеріне өбектеп жүргенде Есмақан аға да біраз сахналық машыққа бейімделген болып шықты. Сейтіл, ерлі-зайыпты ұстаздар ауылдың сахна сәнінен айналған еді-ау.

Білім мен өнерді ұштастырып жүрген сол шақта Қағиданың мынаңдай ой-толқыныстары бәрінен де ұстаздықты жоғары әспеттегенін білдіреді: “Қалаған мамандығымның мәнділігі мен мазмұнын арттырып, қызығына кеңелткен ізі істерімде есімнен шықлас сүйікті ұстаздарым қосқан осындан үлестер аз емес. Мен оларды қазір де жиі-жиі есіме аламын, ұстаздарым алдында өзімді әлі қунға дейін шәкірті санаймын. Солардай адад, таза білімдер, іскер, кішіпейіл сыйлайы болуға талаптанамын Жалқау, жауапсыз, жанаяр, самарқау, білім таяз мұғалімдерді шынайы педагогтардан үлгі алуға шақырамын”. Қандай тамаша ой тұнғыбы, сезім маржаны десенізші. Бұлайша сезіну, толғана білу үшін де үлкен жүрек керек қой.

Тоқтар 3/КІРИН.

І БӨЛІМ

ҚАҒИДА БАЗАРБАЕВАНЫң МАҚАЛАЛАРЫ

Кабинеттік жүйе тиімді ОН ЖЫЛДЫҢ ЖЕМІСІ

Ауданымызда кабинеттік оқыту жүйесіне көшкен алғашқы мектептердің бірі – біздің Совет Одағының Батыры Ы.Ыбыраев атындағы аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігін-дегі Ленин орта мектебі. Мектебіміз сәулетті де жарық, кең бөлмелі, үш қабатты. Мұның өзі оқушыларға бүгінгі талапқа сай білім беруге, барлық пәндер бойынша теориялық және практикалық программаларды толық иеруге мүмкіндік береді. Соңдықтан 1972-73 оку жылынан бастап өзге пәндер сияқты, қазақ тілі мен әдебиеті кабинетін үйімдастыруды қолға алдық. Алғашында кабинеттік безендіру, техникалық құралдармен жабдықтау жұмыстарына баса назар аударып, оқушыларға тұрақты білім, ақыл-кеңес беретін түрлі тақырыпта стенділер жасадық.

Бүгіндері қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша әр класс түрлі көрнекіліктер мен толық қамтамасыз етілген. Атап көрсетер болсақ, төртінші кластан бастап, оныншы класқа дейін бұл пән үшін таблицалар, эпиленталар, үлестірмелі дидактикалық карточкалар, хронологиялық таблицалар, грамматикалық калейдоскоптар, перфокарталар жасалып, жинақталған. Сонымен бірге кабинеттімізде “Ұлы Абай”, “Сөнбейтін жұлдыздар”, “Біздің Сәбит”, “Халқымыздың мақтанышы”, “Білімдіден шықкан сөз”, “Есте сақта”, “Кластан тыс оку стенділері мен “Бүгінгі сабакта”, “Сөз зергері” сияқты кезекші стенді-тақталар бар.

Үлестірмелі көрнекі құралдар әр класс бойынша рет-ретімен және жәшікшелерге салынған. Ал сабакта қолданылатын құйта-бақтар, магниттік жазбалар, оқу киносы, диафильм – кабинеттіміздің ең маңызды құралдары. Сол сияқты оқытуудың техникалық құралдары, әсіресе, эпидиаскоп, фильмоскоп, магнитофондар сабак барысында қай тақырыпқа болmasын жиі қолданылып жүр. Біраңа көрсетерлігі өзін техникалық құрал-жабдықтар, көрнекіліктер уақытты тиімді пайдалану үшін қолайлы.

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттінің кітапханасында көркем шығармалар мен методикалық әдебиеттер қоры жүйелі жинақталған. Сонымен бірге бұл әдебиеттердің қатарын жыл сайын жаңа басылымдармен толықтыра түседі. Әсіресе, программада белгіленген ақын-жазушылардың өмірі мен творчестволық еңбекіне байланысты әдебиеттер жинақтауға баса көңіл бөлінуде. Себебі, мұндай әдеби шығармалардың мол болуы оқушыларға программа бойынша оқытын ақын жазушылардың өмірі мен еңбектерінен толық мағлumat алуға илгі әсерін тигізіп жүр.

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттің осылайша безендіру және календарлық

жоспарда белгіленген әр тақырыпқа, әр тарауға байланысты тәхникалық жабдықтар мен көрнекі құралдарды жеткілікті дәрежеде жинақтау өз нәтижесін беруде. Атап айтқанда, кабинетте әтетін сабактардың сапасы жақсарып отыр. Ең бастысы, окушылардың ана тіліміз бен әдебиетімізді оқып-үйренуге құштарлығы артып, белсенділігі қүшіне тусуде. Жәнеде окушылар программалық сабактардың қайсысын болмасын көрнекі құралдардың көзбен көру арқылы женілменгеріп, есте ұзақ сақтауда. Соның нәтижесінде жыл сайын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен толық үлгерімге қол жеткізіп, окушыларға тұрақты білім беріп келеміз.

Кабинеттегі атқарылатын жұмыстарға, ондағы өткізлетін сабактардың қызығылтық да мазмұнды болуына, әрі техникалық жабдықтар мен көрнекі құралдардың тартымды пайдаланылуына қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері мұрындық болып отыр. Сонымен бірге әріптесім Кулізат Құсайынова екеуміз баспадан шықкан көрнекіліктерді қанағат етіп қана қоймай, шаруашылық, аудан, облыс тарихына, ақын-жазушылардың мүшешелді тойларына және басқа да оқиғаларды колдан жасауды әдетке айналдырудамыз. Мұның езі кабинеттегі окулық құралдар қорының көбейе тусуіне илгі әсерін типізіп келеді.

"Жас қалам" атты қабырға газеті шығарылып, пәнге байланысты кластан тыс жұмыстар да жүйелі жүргізілуде. Мысалы, үстіміздегі оқу жылының екінші ширегінде ноябрь айының аяғында қазақ тілі мен әдебиеті апталыбы өткізілді. Оnda "Көрнекті жазушы F.Мұстафин – 80-де", "Кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов" деген тақырыптарда лекциялар оқылды. Сонымен бірге әр кластада қазақ ақын-жазушыларының творчествосымен танысуға байланысты тәрбие сағаттары үйімдастырылды. Осындай шаралардың ойдағыдан жүргізілуі окушылардың ана тілімізді толық игеріп, жаңжақты сапалы білім алудына мүмкіндік жасап отыр.

Календарлық жоспарда белгіленген сабактардың, кластан тыс жұмыстардың сапасын жақсартуға үйиткы болып отырған қазақ тілі мен әдебиеті кабинетті соғы он жылдың ішінде аудандық кабинеттер байқауында талай рет бірінші орынды еншілеп, грамоталармен наградталды. Сондай-ақ пән бойынша кабинеттімізде аудандық, облыстық семинарлар өткізілді. Кабинетті безендіру, техникалық құралдармен жабықтау жөніндегі бай тәжірибелізге сүйене отырып, көрші мектептерге де ақыл-кеңес берудеміз. Жалпы осындай қол жеткен табыстармен шектелуге болмайтындығын біз жақсы түсінеміз. Себебі, партия мен үкіметтің жас үрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде, оларды бүгінгі күннің озық ойлы азаматы етіп қалыптастыруда алдымызға қурделі де жауапты міндеттер жүктеп отыр. Осыған байланысты алдағы уақытта окушыларға білім беруде кабинеттік жүйеннің тиімділігін арттыра беретін боламыз.

8 июнь 1983 ж. "Ленин тузы".

Мұғалімнің жеке тәжірибесінен ОҚУ ПРОЦЕСІН ОПТИМИЗАЦИЯЛАУ

Оқу процесін оптимизациялау идеяларының басты мақсаты – сабак құрылышының көптеген мүмкін вариантынан, сол сияқты сабакты түсіндіру мазмұнының, еткізу формасының, оқытудың әдістері мен қурапдарының сантурлі үлгілерінің ішінен ең тиімдісін, ең пайдалысын таңдаап алу. Сонда фана белгіленген уақытта оқушы мән мұғалімнің аз күш жұмысап, ең жоғары нәтижеге жететіндігі, материалдардың толық және ғылыми негізде игерілетіндігі, оқыту процесінің тиімділігінің артатындығы сезсіз. Міне, мектеп реформасының Негізгі бағыттары да оқыту процесін осындай тиімді әдістермен жүргізуді талап етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту да осы оптимизациялау идеяларын басшылыққа ала отырып, оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде, қолдана білуге, сөйлеу мәдениетіне дағдылануға, сауатты жазуға үйретеміз. Осындай үлкен міндетті іске асыру әр сабактың өншісін тиеді. Мәселен, әр сабакта тақырыпты өтудің мақсатын, оқушылар назар аударатын басты ерекшелігін, әр тақырыптың өзекті желісін, қосымша материал ретінде қаралатын көрнекі құрапдарды, сейлеу, жазу дағдысын қалыптастыратын жаттыгуларды тағы осы сияқты мәселелердің басын ашып аламыз. Сөйтіп, окуды оптимизациялау барысында сабактың осындай әдіс, тәсілдерін белгілейміз.

Мұғалім өз алдына осындай мақсат, міндет қоюмен қатар оқушы міндеттін де айқындал білуге тиіс. Оқушы қандай білім алады, қандай дағды қалыптастырады, оны іс жүзінде қалай қолдана білуі керек деген мәселені мұғалім оқыту процесінің өзегінә айналдырады. Соның нәтижесінде оқушылар ойланғанда еңбек етуге, творчестволық ізденуге, бұрыннан жинақтаған білімдерін сүйене отырып, әр сабак тақырыбын салыстыруға, одан қорытынды шығаруға жаттығады. Осы орайда сабактың әр кезеңінде оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, үйрету, дағды қалыптастыру, ой-өрісін дамыту сияқты міндеттерді қатар шешу – сабакты оптимизациялаудың басты талаптары болып табылады. Сол сияқты оқушылардың дайындық дәрежесін, білім деңгейін, жұмыс қабілеттің есекере отырып, әр топқа, әр оқушыға өзінің лайықты жұмыс түрін үйімдастыру, яғни сабакты жіктеу әдісі де білім сапасының артуыңа әсерін тигізді.

Енді осындай бір сабакымызды қалай үйімдастырғанымызды мысалға келтірейік. 5 класта қазақ тілі пәнінен “Лексика” тарауына он сағат берілсе, соның екі сағаты “Тұрақты сөз тіркестері” тақырыбына арналған. Бұл тақырыпты өтуде, оны оқушыларға түсіндіруде алдымен мынадай міндеттер қойдым. Біріншіден, программалық талап бойынша фразеологиялық тіркесті, оның өзіндік ерекшелігін, еркін сөз тіркесінен тұрақты сөз тіркесінің айырмашылығын, ойды бейнелеп жеткізу дегі қызметтің түсіндіру; екіншіден, алынған мысалдар мен көрнекі

Құралдардың, жаттығулардың мазмұны арқылы сабақты тәрбиемен алмастыру; үшіншіден, бұл мақсаттарға жету үшін сабақты өткізу, түсіндіру формаларын жетілдіру. Осы міндеттерді басшылыққа алып, қолданған әдіс-тәсілдерді бір-бірімен үштастыра отырып, оқушылардың білімін бекіту, қай оқушымен жеке жұмыс жүргізу, оқушы ойына қандай жұмыс түрімен қозғау салу, олардың қабілетін қалай жетілдіру мәселелерін алдын-ала белгілеп алдым. Сабақты осылай бастау бүкіл оқу процесінің тиімді өтуіне негіз болды.

Осы мақсатта өтіліп отырған тақырыпқа байланысты екі сурет-плакат қолданым. Сабақтың мақсатын түсіндіргеннен кейін “Еріксіз сөз тіркесі деп нені айтамыз, кімнің есінде қалды?” деген дағдылы сұрақты қайталап жатпай, осы сурет арқылы ерікті сөз тіркесін құруды, өткен сабақтан қалған білімді еске түсіру оқушылардың өздеріне тапсырдым. Оқушылар сурет мазмұнына қарап отырып “егін ору, құрмет көрсету, алтын дән, бітік егін, қызыл алма, мол өнім” сияқты ерікті сөз тіркестерін мысалға келтірді. Өткен сабақтан тиянақты білім алғандарын байқатты. Содан кейін ғана барып жана тақырыпты түсіндіруге көштік. Мұнда тұрақты сөз тіркестері жазылған екі таблица қолданылды. Осы мысалдар арқылы тұрақты тіркестердің мағынасы, өзіндік ерекшеліктері, тұрақты тіркес болу себептері және басқа да сипаттары түсіндірілп, жаңа сабаққа қорытынды жасалды.

Оқушылардың алған білімін пысықтау үшін суреттердің мазмұнын, таблицадағы тұрақты сөз тіркестерін қолданып шағын шығарма жазу тапсырылды. Жазылған шығармалар шаруашылықтың өмірімен, ондағы өндіріс озаттарының еңбегімен байланыстырылды. Көптеген оқушылар өз шығармаларына “Алтын орақ” деп тақырып қойып, шаруашылықтың озат механизаторлары, данғайыр диқан Геннадий Кондрашов туралы, оның орақ кезінде қол жеткізген тамаша жетістіктері жайында жазды. Сонымен бірге оқушылар осы сабақта әдебиет пәнінен оқыған “Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық аброй кеткізер”, “Еңбек қылсаң - емерсің”, “Еңбек ер атандырады” сияқты еңбек туралы мақал-мәтелдерді де мысалға келтіреді. Олардың ішіндегі тұрақты сөз тіркестерінің қолдану мәнін түсіндірді. Міне, сабақты осылайша түсіндіру әдісі оларға тек сапалы білім беріп қана қоймай еңбек туралы тағлым алуларына да көмектесті.

Жаңа сабақты оқушыларға түсіндірген кезде осыған байланысты өткен сабақтарды да қайталап, әр оқушының білім дәрежесін тексеріп отырудың, әрбір тақырыпты бір-бірімен байланыстырып түсіндірудің және оқытудың үтимді да әсерлі әдіс тәсілдерін қолданудың маңызы зор. Бұл оқушыларға тиянақты білім алудына тъэрчестволықпен ойланып, еңбек етуіне ықпалын тигізеді. Сабақты пысықтаудағы мақсат та осындай тиімді әдістерге бағытталған. Сонымен бірге қазақ тілі мен

әдебиеті сабактарын оптимизациялау идеялары негізінде жүргізуіді үй тапсырмаларын дұрыс, жүйелі беруге де ерекше көңіл бөліп отырамын Оқушыларға үй тапсырмаларын бергеннен кейін оны қалай орындау керек, нендей мәселелерге ерекше назар аудару қажет, қандай ережелерді пайдалану керек сияқты мәселелерді нақтылап түсіндіремін. Осы орайда үй тапсырмаларын үнемі жүйелі тексеріп, сұрап отыру да оқушылардың жауапкершілігін арттыруға, материалдарды терең игеруге пайдасын тигізеді.

Мектеп реформасында оқытудың тиімді де жетілдірілген әдіс-формаларын көнін пайдаланудың қажеттілігі ерекше атап көрсетілді. Мұның езі мұғалімдерден ұдайы кесіптік шеберлігін, өздігінен білім көтеруін арттырып отыруды талап етеді. Сондықтан мен де қазақ тілі мен әдебиет пәнін оптимизациялау идеялары негізінде үйымдастыру үшін озық тәжірибелерді, педагогикалық шеберлік жайындағы методикалық құралдарды оқып, үрленуге көп көңіл бөлемін. Оларды жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беру ісіне көнін пайдаланамын. Бұлоқу-тәрбие процесін жетілдіру жолындағы еңбегімнің алдағы уақытта да жемісті бола түсетіндігіне ықпал тигізбек.

13 февраль 1987 ж. "Лөнин туы"

Мектеп және өмір ТЫҢ ТЫНЫС

Өмірдің қай саласында болсын революциялық жаңару жүріп жатқан қазіргі кезеңде оқыту мен тәрбиенің сапасын арттыруға, әр пәнді оқытуудың ғылыми дәрежесін негұрлым жоғары көтеруге ерекше маңыз беріліп отыр. Жылдар бойы қалыптасқан тоқыраушылықты жою жолында әрбір педагогикалық колектив өзінше ізденіп, өзінше бетбұрыс жасауда. Осындағы мақсатта біздің мектебімізде өткен оқу жылының апрель айының орта кезінде белсенді біраз мұғалімдердің ұсынысы бойынша творчестволық топ құрылды. Бұл топқа көп жылдық тәжірибесі бар, өз сабактарын шебер үйымдастырың ізденіп көп оқытын мұғалімдер өнді. Олар: Е.Жусиев, З.Оразалина, Ә.Сүлейменова, А.Қапанова, Қ.Ахмет-бекова, Ә.Бекбасова, Б.Рақымберлина, Б.Нұрғалиева, тағы басқалар.

Творчестволық топ құрылған күннен ақ көкейде жүрген көп ойларды іске асыруға белсендегі кірісті. Алдымен ақылдасып жоспар жасалды, жоспарда бүкіл педагогикалық колектив болып шешіле-тін проблема айқындалды. Проблемамыз – "Оқыту мен тәрбиелеуді оптимизация идеялары негізінде үйымдастыру". Айқындалған проблема аясында жүргізілетін жұмыс түрлері белгіленді.

Жоспардың бірінші бөлімі "Мұғалімдердің ғылыми-теориялық білімін көтеру" мәселесіне арналды. "Оқу – тәрбие жұмысын оптимизациялаудың әдістері, түрлері мен тәсілдері" деген тақырып бойынша академик

Ю.К.Бабанскийдің, М.М.Поташниктің, А.К. Алғиевтің еңбектері бойынша оқып-үйрено жұмысы өзінше білім көтеру жүйесімен жүргізілді. Оқып-үйрено барысында пікір алысу, талдау жұмыстары бір жүйе жүргізіліп жатса, екінші жағынан “Қазақ тілі мен әдебиеті сабактарын оптимизация принциптері негізде өткізу” деген іс-тәжірибелге негізделген баяндамалар осы топ үйымдастырылған конференцияда тындалды.

Жүспардың, екінші бөлімі “Мұғалімдердің методикалық шеберлігін жетілдіру жолдары” деп аталды. Осылан сай “Сабак өткізудің оптималды нұсқалары мен түрлөрі” деген тақырыпта семинар өткізілді. Эртүрлі ашық сабактар үйымдастырылды. Мысалы, алты жастағы бәбектерді оқытатын Қапанова Алма еткен окубының май айында математика пәнінен өткізген ашық сабақын ойын элементтері арқылы оқытуға құрды. Окубының жас ерекшелігін ескере отырып өткізген “Орнынды тап”, “Сәбізді жұлдып ал”, “Ұнаған заттарды алуға болады”, “Киоск жұмыс істейді” деген ойын түрлерінің бәрі сол күнгі “10-нан 20-ға дейінгі сандарды оқып, жаза білу” тақырыбына сай тапқырлықпен үйымдастырылған жұмыс түрлөрі болды. Тіпті есепті өлеңмен шешу түрін де сабактан көрдік.

Баланың таным, ойлау қабілетін ұштауға шебер мұғалім Алма Қапанова мектеп, класс өмірінен есептер де құрғызды. Мысалы мұғалім “1 Май мерекесіне арналған парадқа біз қалай дайындалдық? Сол туралы есеп құрастырындар”, - дегенде, осы класта оқытын бүлдіршін Сүлейменова Бибігул: “Біздің класс оқушылары 1 Май демонстрациясына 7 жалауша, 3 шар ұстап шықты. Сонда біз демонстрация үшін неше зат дайындаған екенбіз?” – деп есебінің шартын айтты. келесі окушы өзінше есеп құрастырды. Есептер тақтаға жазылды. Басқа оқушылар бұл есептерді шығарды.

Сабактың соңына қарай: “Бүгінгі сабактан нени үқтың?” деген қорытынды сұрақ арқылы өтілген тақырыптың маңызды ерекшелігін айқындатты. Жаңағана мектеп табалдырығын аттаған алты жасар бәбектердің осы сабактағы білім дәрежесі, белсенділігі, таным мөлшерінің кеңдігі бізді дән риза етті, бұл олардың білім мұхитының айдыннандағы алғашқы сәтті қадамына жетекшілік жасап отырған Алманың да ізденімпаздығының айғағы іспетті.

Көп жыл тәжірибе жинақтаған мұғалімдердің өзі де осы сабактың біраз ұтымды жақтарын өзі үшін көнілге түйгені сөзсіз. Оның көрнекті педагог-психолог Ш.А.Амонашвилидің еңбектерін оқып үйреніп, өз тәжірибесіне енгізе бастағанын айқын аңғардық.

Екінші бір сабак 7 “б” класында ағылшын тілінен әтті. Сабакты өткізуши – Бекбасова Эмина. Бұл сабакты сабак-концерт ретінде үйымдастырылған.

Сабак мұғалім мен оқушылардың ағылшынша әнмен сәлемдесуінен басталды. Мұғалім әнмен оқушылардың амандығын, көніл-күйін сұраса, балалар әнмен оған жауап береді.

Мұғалім тақырыпқа сай "Шет ел тілдері" журналынан қосымша текст оқыды. Сонынан таныс емес тексті қалай түсінгендерін байқау мақсатында сұрақтар қойды. Бұл сұрақтарға Шаяхметов, Рысбаев сияқты балалар жауап берді, аударма жасады.

Сабак сонында "Бейбітшілік туралы әнді" класс түгел ағылшынша орындалды.

5 "а" класында математикадан өткен ашық сабакта Қазақ ССР окуісінің үздігі Ә.Сүлейменова дифференциялдық әдіспен жақсы, орташа, төмен оқытын оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін шеберлікпен көрсетті. Тақырыпты өмірмен орынды байланыстыруды.

Білім алып отырған оқушыға да, қатысып отырған мұғалімге де берер тәлімі көп сабакты мектебіміздің тәжірибелі ұстаздарының бірі. Қазақ ССР окуісінің үздігі Е.Жусиев биология пәнінен өткізді. Оптимизация принциптері негізінде 6 "а" класында қазақ тілінен ашық сабакты өзім өткіздім. Осы жұмыстарымызды жинақтай келе, тәжірибе алмасу, ашық әңгімелесу мақсатында жас мұғалімдер мен тәжірибелі ұстаздардың "Дәңгелек стол басындағы әңгіме - кездесуін" өткіздік. Сонда қойылған кейір сұрақтар: "Қазіргі сабакқа қойылатын басты талап нे деп ойлайсыз? Өзініз оны қалай іске асырасыз?" немесе "Елімізде болып жатқан қайта құру ісіне сіз қандай үлес қостыңыз? Өзіңізді қайта құра алдыңыз ба?", "Мұғалім енбегі, класс жетекшілік жұмысы творчестволық енбек пе, кәсіп пе?" деген сияқты бүтінгі мұғалім енбегінің көкейкесті мәселелері төніреңінде колектив мүшелері ашық әңгімелесті. Әңгіме барысында мұғалімнің жеке басының қасиеттері, жақсылық жақтары мен кемшіліктері нақты мысалдармен ашық айттылды. Бір-бірінің кемшіліктерін бетке айтқан кездері де болды. Осы әңгіме әркімнің өзін-өзі сын көзбен қарауына мұрындық болды.

Өткен оқу жылында басталған бұл жұмыстарды биыл да жалғастырудамыз. Үстіміздегі оқу жылына бағыт-бағдар алу мақсатында "Сабакта және кластан тыс жұмыстарда оқушының жеке басын зерттеу жолдары" деген тақырыпта өткізілген конференцияда бастауыш кластиң тәжірибелі мұғалімдерінің бірі Қазақ ССР окуісінің үздігі К.Ахметбекова, орыс тілі мұғалімі Н.Тұралин, бастауыш класс мұғалімі Б.Шәниева баяндама жасап, іс-тәжірибелерін ортаға салды.

Биылғы жұмыстарымыздың бір ерекшелігі: "Педагогикалық қүндер" өткізуде болып отыр. Оның пайдасын ұстаздар толық түсініп, белсенді қатысады. Сол қүндерде ашық сабактар өткізіледі. Ал ашық сабакқа кеткен мұғалімдердің орнына оқушылар сабак беретін дәстүр деголға қойылды.

Жақын арада "Сіз педагогикалық біліміңізді қалай көтересіз?" деген тақырыпта дәңгелек стол басында әңгіме өткізбек болып отырмыз.

Бүкіл қоғамымызда болып жатқан қайта құру процесінен мектеп те тысқары қала алмайды. Біздің ізденістеріміз өз енбегімізге осы өзгеріс кезеңінің билігінен қараудың көрінісі, КПСС, Орталық Комитеттің 1988

жылғы февраль Пленумы талаптарына жауап болмақ.
8 апрель 1988 жыл, "Ленин тузы".

АРЫНДЫ АЯҚҚА БАСПА

Маған облыстық халықта білім беру басқармасы бастығының орынбасары Қ.Мұқановтың "Ленин тузының" үстіміздегі жылғы 6 майда жарияланған "Өз халқыңа егей болма" атты мақаласы үлкен ой салды. Олменіңде көкейімде жүрген көп толғаныстардың тиегін ағытып жіберді.

Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта біз ана тіліміздің өз халқымыздың арасында беделінің төмендегенін басымыздан өткеріп отырмыз. Мұндай дәрмәнсіздікке үстаздар қауымы да, басшылар да, ел азаматтары да, ата-аналар жүртшылығы да кінәлі.

Әріден қозғап айтсам, тың көтеру кезеңі туған тілімізге көлөңке түсіре келді. Біз тыңның экономикалық жағын ауыз толтыра айта бастадық. Халықтар достығын мақтаныш ететін болдық. Ал төл халқымыздың әлеуметтік-тұрмыстық болмыс-біліміне ол тигізген кері әсері айтуға батылымыз жетпейтін болды. Мысалы, сол жылдары Ленин атындағы орта мектебіміз қазақшадан аралас мектепке айналдырылды. Бұл мән білетін бір ғана мысал Тегінде, барлық мектептер де осы кепті кисе керек, өйткені облысымыздың басқа да оқу орындары осындай жағдайға душар болды ғой.

Алғашында орыс кластарында тың игерушілдердің балалары ғана оқып жүрді. Оларда оқушылар саны қазақ балаларынан мүлде аз болатын. Бірақ көп ұзамай бұл айырмашылық жойыла бастады. Сол кезде алдымен мұғалімдер, ауыл интеллигенциясы бәрінен "Озып" түсті. Олар өнді балаларын орысша оқыта бастады. Жалпы біздің халық жылтырақ құмар, біреуге еліктегіш, өзгеден ерекшелу болғанды ұнатқыш па деймін, әрине бұл жеке пікірім ғана ғой, әйтеуір осыны әжептәүір артықшылық санайтындар болды.

Осыларға ауылдардың басқа тұрғындары да еліктей бастады. Енді олар да баласы орыс тілін білсін, білмесін, әйтеуір көштен қалмаудың қамымен балаларын орысша оқыта бастады. Алппысыншы жылдардың басында қазақ кластарында үркөрдей болып он шақты бала отырса, орыс кластарындағы оқушылар класс бөлмесіне сыймайтындағы жағдайға жетті. Мұндай "жетістікке", сез жоқ, қазақ балалары кемектесті. Сейтіп, қазақ кластарын толтыра алмай, орыс кластарына орын тауып, орналастыра алмай әуреге түсетін болдық.

Қазір жағдай қандай? 1988-1989 оқу жылында мектебімізде қазақ кластарында 195 бала оқыса, орыс кластарындағы оқушылар саны 256 адам болып отыр. Ал мектебіміздегі қазақтан басқа үлт өкілдері небары 66 оқушыға ғана жетеді.

Ал мектеп жасына дейінгі бөбектердің жайы да мәз болмай отырғанын

да айтпай кете алмайсың. Бірлестіліміздің орталық қонысы Ленин селосында 140 орындық түптік балалар бақшасында 124 бебек тәрбиеленді. Солардың 100-і қазақ балалары да, қалғандары орыс жөнө басқа үлт өкілдері. Алайда, тәрбие жұмысы түгелімен орыс тілінде жүргізіледі. Сейтіп, сабилер туа сала өз тілінен безініп шыға келуде. Соның нәтижесінде мектептің қазақ кластарындағы оқушылар саны жылдан-жылға кеміп барады. Айтальық, биылғы оқу жылында бірінші кластың біреуінде ғана туған тілде оқыды. Ал осындағы орыс класында 24 бала оқыды. Немесе қазақша жетінші класта 14 бала білім алса, осындағы орыс класында 27 бала оқыды, солардың бесеуі ғана орыстар. Мұндай мысалдар мектептің өр класында жетіп жатыр.

Бірлестіктің Қаратал атты бөлімшесіндегі ата-аналар өздері өтініп ауылдағы қазақ мектебін орысшаға айналдыры. Тұрғындардың басым көпшілігі қазақтар болса да балалары орысша оқуға барды. Осыған орай мынадай бір жайды айта кеткім келіп отыр. Биыл көктемде Ұбыраев халық театры осы бөлімшеге қойылым апарды. Клуб алдында жиылған өңшең қара домалақ балалардың бір де бірі туған тілде елде сөйлемейді, бізben де орысша амандасты. Бір таңқаларлығы, солардың бір де бірі, жай қызық көру үшін жиналғаны болмаса, қазақ тілінің астарына бойламайтыны.

Осыдан соң маған мынадай ой келді. Осы Қаратал ауылында да балабақша бар. Онда да оқу-тәрбие жұмысы орыс тілінде ғана өтеді. Соңда бұған қалайша қынжылмасқа? Өйткені сәбі тіл шыға өз халқына өгей бола бастайды екен ғой. Ол өз бұлағынан сусындағы да алмайды екен.

Манағы айтып кеткен аралас мектептерде тек орыс тілінің ғана үстемдік етуі де шындық. Кластан тыс жұмыстар орыс тілінде ғана жүргізіледі. Комсомол жиналыштары, оқушылар комитетінің отырыстары, дружина жиындары, мектеп линейкасы орысша өтеді. Мектепте орысша безендіріледі. Іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы арнайы қаулы шықса да оған жергілікті жерлөрде мән беріп жатқандар шамалы.

Ал өнді сійап отырсан, осының туған халқымыздың болашағы үшін зардабы мол. Неге десеніз, туа сала төл тілінен безінген адам өзі халқының тарихынаң, мәдениетінен, өнерінен, әдебиетінен, барша рухани мұрасынан бейхабар болып шығады. Мұндай жағдай осындаиді адамдарды туған халқының қадір-қасиетін ардақтамайтын қүйге жеткізбей мә?

Оларға өз халқының ән-қүйі, қолөнері, қысқасы халықтық деген нәрсениң бәрі жат болып тұрдады. -

1986 жылы республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы партия, үкімет қаулысы шығып, қөнілге қуаныш үялатқандай болып еді. Біз ол қаулы туған тілдің беделін көтеруге көп септігін тигізер деп үміттенген едік. Алайда, оның жүзеге асырылуы өлі де ойлағандай болмай отыр. Атап айтқанда, оқулықтар аз, сапасы нашар, көрнекі құралдар, методикалық әдебиеттер жетіспейді. Мамандар да тапшылау. Осы аталған кем-кетіктерді толтыру мақсатымен облыс,

республика көлемінде біраз шараптар жоспарланғанына қуаныштымыз. Енді солар қандай жеміс пен нәтиже берер екен деп алаңдаулымыз.

Мениңше, алдымен туған тілдің беделін көтеру керек. Оған қол сілтешілікке, мұрын шүйірге жол беру өзінді-өзің қор санаумен бірдей емес пе. Егер әлгіндей басқа ұлт өкілдері ынта қойып, ықылас танытып отырса, туған халық өкілдерінің тілді менсінбейу қылмыс тәрізді.

Бірақ басқа ұлт өкілдерінің туған тілді оқудағы аз ғана жетістіктері оның үлкен проблемаларын шешіп бермейді. Орыс кластарындағы қазақ тілі сағаттары аз. Бұл кластарда негізінен тіл дамытуға, тіл туралы мағлұмат беруге көніл бөлініп, қазақ халқының бай әдеби мұрасынан білім аз беріледі. Сондықтан орыс класында оқытылатын қазақ тілі мен әдебиетіне берілетін сағат санын қабейту керек. Сонда тыым құрғанда орыс кластарында оқытын қазақ балалары төл тілі мен әдебиеті жайлы көбірек мағлұмат алады. Және де орыс класындағы қазақ балаларын тереңдетілген программамен оқыту керек. Ал орыс және басқа ұлттар өкілдеріне екінші бір программаны ұсынса тиімді болар еді.

Мектебімізде пән бойынша апталық, әдеби кеш, конференция өткізуі қолға алдым. Эр аптаның дүйсенбі күнін “қазақ тілі күні” деп атап, осы күні бүкіл мектеп болып қазақша сөйлесуді енгіздім. Бұл әрине оңайға түсе қойған жоқ. Алайда, туған тілді оқыту үшін күреспей болмайды фой. Бірақ бұл жұмыстың да кемшілігі жоқ емес. Ана тілінің көусар бұлағынан сусында үшін бұлар аздық етеді. Ол үшін мектеп кітапханасының жұмысын реттеу керек. Бірақ онда қазақ жазушыларының классикалық шығармалары жоқ. Кітапханаға қазақ әдебиетіне байланысты кластан тыс оқылатын көркем шығармалар мүлде аз түседі. Сені осы жұмысқа үлкен жанашырлықтың жоқтығы қынжылтады.

Ұлттым қазақ болғандықтан, ана тілімді қастерләйтіндіктен, езім осы пәнді оқытатындықтан мен тіл тағдырына ерекше толғанамын. Өйткені тіл тағдыры – ел тағдыры, ұлттымыздың болашағы. Егер республика-мызда тілімізді өгейсітсек, ол қай жерде дамып, өркендемек? Оның болашағы ондайда айқын. Тілімізді жойсақ, халқымызды да жоймақпаз. Мен бутіндей республикада соңғы отыз жылдың жәнде 700-ден астам қазақ мектебінің жабылып қалғанына қатты қамықтым. Сонда осы жылдардың ішінде қаншама қазақ баласы төл мәдениеті мен рухани мұрасынан өз қалауымен қаражу қалған десейші. Мұндаилар өз халқына, өз тіліне өгей болмаганда, кім болды?

Қазір қоғамымызда жариялышық пән демократия орнығып келеді. Бұрын айтуға бата алмаған, дәрменіміз жетпеген нәрселерді батып қозғайтын дәрежеге жеттіп отырмыз. Ойлап отырсам, әсіреқызыл кенірдек болып ұрандағаннан қай халық болса да зияннан басқа пайда көрмепті. Солайша зиян шеккендердің қатарында туған тіліміз де бар екен. Бұрын соны көрсек те көрмеген болып, сезскең төсөзбеген болып, арық жүрсек

те семіз көрінуге тырысып жүріппіз. Қазір біз жаңаша ойлай бастадық, өз халқымыздың тағдырына толғанатын болдық. Бұл өз болашағын ойлайтын адамның бәріне тән болса керек. Сондықтан мен қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусы берілсе деймін. Ал орыс тілі үлтаралық қатынас тілі. ретінде өз маңызын жоймайды. Олжас Сүлейменов айтқандай. “Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық!”.

“Ленин туы” – 1989ж.

ӨЗЕН ДАРИЯҒА ҚҰЯДЫ

Уақыт нәткен үшқыр еді. Үшқыр уақыттың үшқыны да болмай ма?! Бұлін өткен күнді ойға оралтып, бір сәт қуаныш құшағына өнгендеймін. Біздін Ұбыраев халық театры тұнғыш шаңырақ көтеріп, атын елге таныпқан шақты есіме алып отырмын. Сол сезім үстінде оның шырқап көкке көтерілгені де шым-шымда болса да атына дақ түсіріп алған кезде көз алдынман өтуде.

Ия, оның ірге қалап, ауылдастардың ардақтысына айналғанына алдағы жылды аттай жиырма жыл болады екен-ау. Қандай бір жақсылық болмасын, түпқазығын адамдар қақпай-ма. Ауылымыз-дың ардақты азаматының бір Жылкелді Мұқанов тұндігін түрген осы өнөр отауының осыншама жыл да бірқыдыру тарихы да бар-ау. Ғабиттің “Ақан сері – Ақтоқтысы”, Әбділданың “Жалғыз ағаш орман емес”, “Майрасы”, дарыны дүйім жүртқа танылған талай-талай драматургеріміздің жақсы дүниегері біздің сахнада өмір шындығын кестелеп, жүртшылық қол соққан асылдарға айналып еді ғой.

Осы тұста манағы үшқыр уақытты ауызға алмай болмайды. Жақсының артында ізі қалмай ма. Жылкелді ағамыз арамыздан ерте аттанды. Ол туын тіккен театр ағаның тәбәрігіндегі ізбасарлар қолына қарап қалды. Одан соң Б.Қажиақбаровтың басшылығымен “Ажар мен ажак”, “Қысылғаннан қыз болдық”, “Өзіме де сол керек” сияқты спектакльдер театр сахнасында дүниеге келген еді.

Алайда бапты адам да талғайды, табиғат та күтім қалайды. Театр да солай емес пе. Тізлінді босатып алған сәттеріміз болды. Оны жасырмаймыз да, өйткені өнөріміз бола тұра өзімізді өзіміз тәмендетіп алдық. Солардан кейін тізгін, ұстаған режиссер барды жоғалтып, ағалар жақсан отты бықсыған шалаға айналдырып жіберді. Өнер өгейіспін шыға келді. Барды балтау басқамыздың қолымыздан келмейтінге балай бердік.

Әділін айтайын бұған өзімізден өзге кім қайғырысын. Ауыл мәдениетінің маздағын тұтатқан соң сөндірмеу керек қой. Шаруашылық басшылары ойланып, толғансада, келген режиссерлер табан тіреп тиянақтамады. Бұлақ көз алдымында семіп, суалып бара жатты.

Биылғы жылды театрымыз үшін елеулі сын боларын да сезбеппіз. Қарал тұрғам, көп жылғы тәккен терді бірақ кунде жоғалтып, жаңған маздақты өшіре салуға болады екен. Елден асқан ерлік жасап таstadtым деуге аузым бармайды, алайда осыған қатты толғанғаным рас. Осы ойымды

“Ленин туында” жарияланған “Ауыр. Ауыр да болса - абырой” деген көлемді толғанысты мақала үстей тұсті. Ауыр екені рас, абырой екені де – ақиқат. Ендеше ауырға арқаны тосып, абыройға нәге жеттеске?!

Осы ой қамшы болғандықтан істі қолға алдым. Ауылдастарға сөндім, әрине. Қозғау салса, тас қопарып тастайтындей қуат барын білемін ғой оларда.

Ауыл артистері де намыскер. Бір-біріне: “Қой, мұнымыз бекер-ақ болған екен! Бір жігіттің ғұмырындей уақыт бойы өнерпаз болып, өзегімізді өзіміз нәге бітейміз”, деп жігерленіп шыға келді. Ауыл клубына бәрі де бас қосты. Кеңесе келіп келіскеңіміз - әйлілі драматург Қалтай Мұхамеджановтың “Құырдақ дайын” атты үш актілі комедиясы. Басты тұлғаларды мұсіндеушілер де іріктелді. Араға жылдар түсіп қалса да, өнер оты сөнбеген дарындарымыз дараланып шықты. Талғат Әбілев, Төлеген Қойбатыров, Фазила Ілиясова, Бақыт Найманова, Бекет Баяхметов – бірі мұғалім, бірі бухгалтер, бірі механизатор, бірі құрылышты болса да непізі мамандықтарына қоса ауыл артисі де атаңғандар.

Бұлардың білегін біріктірген өнерге деген құлшының болса, екіншіден, “Халық театры” деген құрметті атақты ақтау қажет. Содан былайғы жерде сахна оттары сөнбей, қарбалас қундер әдетке айналды. Кеш түсे клубта тоғысып, драматург мансұқ еткен мақсаттың кестелей бердік. Қызындықтар болмады демеймін, болды. Бірақ оларға олжа бермеуге бекіндік қой. Ақыры, қойылым мұсінделіп те қалды. Алдымен ауыл тұрғындарын риза еттік. Бұл сегізінші апрель күні еді.

Осы күні бүкіл ауыл болып клубта иін тіресті. Орын тимегендері – әйтеүір ішінә енгенді місі тұтып, екі сағат тізе бүкпей тұрды. “Қалай болар екен?” деген секем болмады емес, болды. Бірақ сыннан мұдірмедік Ауылдастар алғыс айтты. Қанаттандық. Келесі сапарымыз бірлестік бөлімшесі Қараталға тұсті. Ондағылар да риза болды.

Осылайша туған топырақта күш-мүмкіндікті екшеп алған едік. Енді сын мезгілі, нағыз өнерді тарту етер шақта туды. Апрельдің 12-сі күні Явленкаға келдік. Мұнда ығай мен сыйғайдың өзі дейтін сарапшылар алдында өнерді тараразыға салу парыз. Бұл халық театрлары атағына лайық па, лайық емес пе дегендей байқау болатын.

Спектакльде адамдар арасындағы әрқылы қарым-қатынастар қозғалады. Жағымпаздық пен шолақ есепқорлық, өзгені аттап етіп өзін төрге шығару сияқты оғаш қылыштар әшкереленеді. Жұмыртқадан жүн қырықкан қулар, сауысқаннан сақ пасықтар су бетіне шығарылады. Әсіресе Ережеп пен Жақсан тұлғалары соның айғағы.

Театрдың тұтіні алғаш шыққан күннен бері ше, кері қалмаған Фазила Ілиясованың өзі сомдаған рөлді шынайы кестелей алғаны назардан тыс қалмады. Оның бейнелеген Әлимасы тамаша шықты. Сол сияқты Т.Әбілев те, Т.Қойбатыров та көзге тұсті. Бақыт пен Бекет те жылды лебіз естіді.

те семіз көрінуге тырысып жүріппіз. Қазір біз жаңаша ойлай бастадық, өз халқымыздың тағдырына толғанатын болдық. Бұл өз болашағын ойлайтын адамның бәріне тән болса керек. Сондықтан мен қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусы берілсе деймін. Ал орыс тілі үлттаралық қатынас тіл ретінде өз маңызын жоймайды. Олжас Сүлейменов айтқандай. “Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық!”.

“Ленин туы” – 1989ж.

ӨЗЕН ДАРИЯҒА ҚҰЯДЫ

Уақыт һөткен үшқыр еді. Үшқыр уақыттың үшқыны да болмай ма?! Бұтін өткен күнді сійға оралтып, бір сәт қуаныш құшағына өнгендеймін. Біздің Ұбыраев халық театры тұныш шаңырақ көтеріп, атын елге танытқан шақты есіме алып отырмын Сол сезім үстінде оның шырқап көкке көтерілгені де шым-шымдал болса да атына дақ түсіріп алған кезі де көз алдынан өтуде.

Ия, оның ірге қалап, ауылдастардың ардақтысына айналғанына алдағы жылды аттай жиырма жыл болады екен-ау. Қандай бір жақсылық болмасың тұпқазығын адамдар қақпай-ма. Ауылымыз-дың ардақты азаматының бірі Жылкелді Мұқанов тұндіп түрген осы өнер отауының осыншама жыл да біркүйдіретарихы да бар-ау. Габиттің “Ақан сері – Ақтоқтысы”, Әбділданың “Жалғыз ағаш орман емесі”, “Майрасы”, дарыны дүйім жүртқа танылған талай-талай драматургеріміздің жақсы дүниелері біздің сахнада өмір шындығын кестелеп, жүртшылық қол соққан асылдарға айналып еді ғой.

Осы тұста манағы үшқыр уақытты ауызға алмай болмайды. Жақсының артында ізі қалмай ма. Жылкелді ағамыз арамыздан ерте жеттанды. Ол туын тіккен театр ағаның тәберігіндегі ізбасарлар қолынан қарап қалды. Одан соң Б.Қажиақбаровтың басшылығымен “Ажар мен ажал”, “Қысылғаннан қыз болдық”, “Өзіме де сол керек” сияқты спектакльдер театр сахнасында дүниеге келген еді.

Алайда бапты адам да талғайды, табиғат та күтім қалайды. Театр да солай емес пе. Тізгінді босатып алған сәттеріміз болды. Оны жасырмаймыз да, ейткені өнеріміз бола тұра өзімізді өзіміз тәмендетіп алдық. Солардан кейін тізгін, үстаган режиссер барды жоғалтып, ағалар жаққан отты бықсыған шалаға айналдырып жіберді. Өнер өгейсін шыға келді. Барды баптау басқамыздың қолымыздан келмейтінге бағай бердік.

Әділін айтайтың бұған өзімізден өзге кім қайғырысын Ауыл мәдениетінің маздағын тұтатқан соң сөндірмей керек қой. Шаруашылық басшылары ойланып, толғансада, келген режиссерлер табан тіреп тиянақтамады. Бұлақ көз алдыныңда семіп, суалып бара жатты.

Биылғы жылды театрымыз үшін елеулі сын боларын да сезбеппіз. Қарап тұрсам, көп жылғы төккен терді бірақ күнде жоғалтып, жаңған маздақты өшіре салуға болады екен. Елден асқан ерлік жасап тастандым деуге аузым бармайды, алайда осыған қатты толғанғаным рас. Осы ойымды

"Ленин туында" жарияланған "Ауыр. Ауыр да болса - абырай" деген көлемді толғанысты мақала үстей түсті. Ауыр екені рас, абырай екені де – ақиқат. Ендеше ауырга арқаны тосып, абырайға неге жеттеске?!

Осы ой қамшы болғандықтан істі қолға алдым. Ауылдастарға сөндім, әрине. Қозғай салса, тас қопарып тастайтындей қуат барын білемін ғой оларда.

Ауыларистері де намыскер. Бір-бірін: "Қой, мұнымыз бекер-ақ болған екен! Бір жігіттің ғұмырындау уақыт бойы өнерпаз болып, өзегімізді өзіміз неге бітейміз", дег жігерленіп шыға келді. Ауыл клубына бәрі де бас қосты. Кеңесе келіп келіскеңіміз - әйгілі драматург Қалтай Мұхамеджановтың "Қуырдақ дайын" атты үш актілі комедиясы. Басты тұлғаларды мүсіндеушілер де іріктелді. Араға жылдар түсіп қалса да, өнер оты сөнбеген дарындарымыз дараланып шықты. Талғат Әбілев, Төлеген Қойбатыров, Фазила Ілиясова, Бақыт Найманова, Бекет Баяхметов – бірі мұғалім, бірі бухгалтер, бірі механизатор, бірі құрылышты болса да непізі мамандықтарына қоса ауыл артисі де атанғандар.

Бұлардың білегін біріктірген өнерге деген құлшыныс болса, екіншіден, "Халық театры" деген құрметті атақты ақтау қажет. Содан былайғы жерде сахна оттары сөнбей, қарбалас күндер әдетке айналды. Кеш түсे клубта тоғысып, драматург мансұқ еткен мақсатты кестелей бердік. Қыындықтар болмады демеймін, болды. Бірақ оларға олжа бермеуге бекіндік қой. Ақыры, қойылым мүсінделіп те қалды. Алдымен ауыл тұрғындарын риза еттік. Бұл сегізінші апрель күні еди.

Осы күні бүкіл ауыл болып клубта иін тіресті. Орын тимегендері әйтеүір ішіне өнгенді місе тұтып, екі сағат тізе бүкпей тұрды. "Қалай болар екен?" деген секем болмады емес, болды. Бірақ сыннан мұдірмедин. Ауылдастар алғыс айтты. Қанаттандық. Келесі сапарымыз бірлестік бөлімшесі Қараталға түсті. Ондағылар да риза болды.

Осылайша туған топырақта құш-мұмкіндікті екшеп алған едік. Енді сын мезгілі, нағыз өнерді тарту етер шақта туды. Апрельдің 12-сі күні Явленкага келдік. Мұнда ығай мен сыйгадын өзі дейтін сарапшылар алдында өнерді таразыға салу парыз. Бұл халық театрлары атағына лайық па, лайық емес пе дегендей байқау болатын.

Спектакльде адамдар арасындағы әрқиыл қарым-қатынастар қозғалады. Жағымпаздық пен шолақ есепқорлық, өзгені аттап өтіп өзін төрге шығару сияқты оғаш қылыштар әшкерелгенеді. Жұмыртқадан жұн қырықкан құлар, сауықсаннан сақ пасықтар су бетіне шығарылады. Әсіреке Ережеп пен Жақан тұлғалары соның айғағы.

Театрдың түтіні алғаш шыққан күннен бері шеткегі қалмаған Фазила Ілиясованың өзі сомдаған рөлді шынайы кестелей алғаны назардан тыс қалмады. Оның бейнелеген Әлимасы тамаша шықты. Сол сияқты Т.Әбілев те, Т.Қойбатыров та көзге түсті. Бақыт пен Бекет те жылды ләбіз естіді.

Астаналық әділқазылар мақтай отырып, олқылықтарды да сыйға салды Біз “болдық, толдық” деуден аулақ екенімізді сезірдік. Олардың бірауыздағайтқан лебізі: “Ыбыраев халық театры осы атақты иеленуге лайық!”

Әрине, мақтағанды кім теріс көреді? Бірақ жылы лебіз естідік дег дандайсуз – бізге жат. Суретшіміз М.Қажахметовтың еңбегін де елөг айту керек. Ол сахнаны безендіруге көп құш-жігер жұмсады.

Бірлестік әкімшілігі, партия, кесіподак үйімдары көп көмек көрсетті. Олардың жана шырылғының тасымызы өрге домаламас та еді. Олар театр жұмысын шетқақпай қылмай, масыл көрмей, шынары тілеулес болды. Явленкаға барғанымызда бізбен бірге селолық Советтің председателі И.Сапрыкин болып, рухани құш-жігер берді. Қандай бір түйінді мәселелер туа қалса, білек сыйбана шешті.

Енді сөз соңында жүйрік уақыт жайлыштың қайта жалғайын. Келесі жылы – той. Театрдың жиырма жылдығы. Біз оны өнөр мерекесі ретінде атап өтеміз. Өнөр өзенін суалттаймыз. Өзен дарияға құйсын дейміз. Міне біздің тілек осындаидай.

“Ленин туы” – 1989 ж.

ЖАҢАЛЫҚҚА СЕРГЕКТІК КЕРЕК

Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Ленин орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы, “Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалімі”, “Мұғалім-методист” Базарбаева Қагида Қазақстан кесіподактарының XIII съезінде делегат ретінде қатысқан қындері арнаулы тілшіміз Естәев Есбергенмен пікірлескен еді. Газетіміздің бүгінгі номерінде тәжірибелі ұстаздың ойлары мен ұсыныстарын жариялада отырмыз.

Тілші: - Қагида Базарбайқызы. Сізді және Сіз арқылы мұғалім – делегаттарды Қазақстан кесіподактарының XIII съезінде делегат болып келулеріңізбен құттықтаймыз. Үлкен басқосуда және Қазақ ССР Оқу министрлігіндегі қабылдауда айтылған пікірлерді, халық ағарту жүйесіндегі проблемалық жағдайларды аудан мұғалімдеріне жеткізіп, жан-жақты түсіндіретініңізге сенеміз.

Б.Қ.: - Рахмет. Шынында, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің бірінші секретары Г.В.Колбиннің съезде сөйлемеген сөзінен, Қазақ ССР Оқу министрі Қ.Б.Балахметовтың ашық әңгімелерінен, Қазақ республикалық кесіподактар советінің председателі Е.М.Жақсылықовтың съезде жасаған есепті баяндамасынан көп жайларды жаңаша ұқық, көкейде жүрген көмескі ойларымызға жауап алдық, бірсыптыра мәселелерді партиялық принциппен шешудің қажеттігін сездік. Ең бастысы, елімізде, республикамызда өріс ала бастаған жаңалықтың жүзеге асыруға, қоғамдық, экономикалық, саяси мәселелерді шешуге, Отанымыздың болашағы – жастарды, коммунистік, интернационалдық, патриоттық рухта тәрбиелөуге, педагогтық рухта тәрбиелөуге педагогтар қауымының қосар

үлесі күрделі екендігін аңғардық. Мектеп реформасындағы: “Халық мұғалімі – жас өрімнің рухани дүниесінің мүсіншісі, қоғам өмірде өзінің ең қымбаттысы, ең құндышы – балаларды, өзінің үмітің, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді екілі” деген анықтаманың қашшалықты теренділін үғындық. . . Бұған өз өмірін арнаған адамнан “Тұрақты творчествоны, сыйын, тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап ететінің, халқымыз үстаз - ұлы сөз” дег қастерлеген қасіптік мамандығымыздың қашшалықты қызың, қашшалықты жауапты және қашшалықты қуаныш, бақыт екендігін байқадық.

Тілші: - Жақсы айттыныз. Дегенмен өзінің міндетін шәкірті, Отанымыз алдындағы жауапкершілігін барлық үстаздар мен тәрбиешілер осылай түсіне ме?

Б.Қ. – Бәрі деу қызын Жақсылар да аз емес. Мысалы, ертегіні, жұмбақты, өтірікөленді, мақал-мәтелді әкем Базарбай мен анам Рахимадан үйрәндім. Ал батырлар жырын мәндерлеп оқуды, жазу-сызууды, ізеттілікті жеңем, ынтымақ ауылышндағы бастауыш мектептің мұғалімі Мантуқа Базарбаева үрретті. Себебі, жалғыз бауырым Құрманқожа Дүйсенбин Ұлы Отан соғысына аттанды да мені тәтем тәрбиеледі.

Алғашқы үстазым Сағынай Сүгірова да, неге екенін білмеймін, аса жақсы көрді, көп-көп тақпақтар жаттатты, таза, әдемі жазуға, әр сөзді анық айтуға жаттықтырды. “Тоғыз батыр” кітабын алдымен өзі оқып содан соң бәріміздің ата-анамызға, көршілерімізге оқып беруімізді сұрады.

Қазір оиласам, халық педагогикасын түсінуіме, ел әдебиетін қызыға оқып, ондағы әр кейіпкердің психологиялық ерекшелігін жан-тәнімем сезіне білуіме, үстаздық мамандықты қалаума осылар үлкен әсер етіпти. Әсіреле Миссалым Садықова тәтейдің адамгершілік қасиеттері, үстамдылығы, жинақылығы, қайырымдылығы, білімділігі, сылайылығы, кішіпейілдігі, мәдениеттілігі үнемі үлгі болды.

Мұнданың мұғалімдер кейін де кездесті. Олар орта мектепте – Жылқелді Мұқанов, Абай атындағы қазақ педагогика институтында – Байділда Қалтаевтар.

Екіншісі балалар мен жасөспірімдер театрының артисі және нағыз өнер адамы еді. Себебі, мектептегі жас әдебиетшілер мен көркемөнерпаздар үйрмесіне белсене араласуым, студент болғанда М.Әуезовтің “Абайда”, F.Мұсіреповтің “Қозы Қөрпеш – Баян сұлуында”, С.Мұқановтың “Ш.Ұәлихановында” сахнаға шығуыма септілін тигізді.

Диплом алып, өзімді қанаттандырган Ленин мектебінә мұғалім болып келген соң, үстаздарымның үлгісімен М.Әуезовтің “Тұнгі сарын”, F.Мұсіреповтің “Амангелді”, С.Сейфуллиннің “Бақыт жолында” С.Камалов пен Т.Жаровтың “Қанды таяқ” пьесаларын көпшілікке үсындым. Оқушылардың көмегімен, қырышақ театрын ұйымдастырып “Залым түлкі” ертегісі бойынша қайтадан жазылған “Дүниеде кім күшті?”

спектаклін ата-аналарға көрсеттік. Яғни, қалаған мамандығымның мәнділігі мен мазмұнын арттырып, қызығына көнелткен ізгі істерімдеге есімнен шықпас сүйікті үстаздарым қосқан осындағы үлестер аз емес. Мен оларды қазір де жиі-жі есіме аламың, үстаздарым алдында өзімді шәкірті санаймын. Солардай адад, таза, білімдар, іскер, кішіпейіл, сыйтай болуға талаптанамын. Жалқау, жауапсыз, жанаяр, самарқау, білімі таяз мұғалімдерді шынайы педагогтерден үлп алуға шақырамың.

Тілші: - Соңғы жылдары орталық баспасөздерде жаңашыл-педагогтер, олардың оқыту әдістері туралы жиі-жі жазылып, айтылып жүр. Сіз олар ұсынған “Ынтымақтастық педагогикасына” қалай қарайсыз?

Б.Қ.: - Ұлы педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде жан-жақты дәлелденіп, кезінде Отанымыздың көптеген мектептерінде кеңінен тарағы бастаған тамаша идеяның біраз жылдар тоқырауға ұшырап, тығырыққа тірелгені бәрімізге белгілі. Бірақ академик Ш.А.Амонашвили, талантты, қажырлы, табанды педагогтер И.В.Волков, С.Н.Лысенкова, Е.Н.Ильин, В.Ф.Шаталов және басқалар жүзеге асырған жастарға білім берудін, тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдері – методикасы газет-журналдардың көмегімен педагогика ғылымында қалыптасқан теріс көзқарастарды барған сайын ығыстырып келеді. Себебі, жаңашылдар ұсынған батыл идеялар, балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдері, болашақ мұғалімдері сапалы даярлаудың жаңа жолдары ғалым-оқытушылардан, тәжірибелі мұғалімдерден қолдау табуда.

Осыған қарамастан жаңашыл-педагогтердің жазған кітаптары, методикалық еңбектері бізге, әсіресе қазақ мектептерінде сабак беретін мұғалімдерге, мектеп басшыларына жеткен жок. Сондықтан газет-журналдарда жарияланған материалдармен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында, университеттерде, семинар-кеңестерде оқылған лекциялармен шектеліп жүрміз. Егер республикамыздағы педагогикалық газет-журналдар жаңашылдар туралы жеке-жеке материалдар жарияласа, оны оқырмандары куана қарсы алар еді...

Екіншіден, Қазақ ССР Оқу министрлігі мен “Мектеп” баспасы жаңашыл-педагогтердің еңбектерін екі тілде жүйелі жариялған орынды. Өйткөні, бұрын академик Ю.К.Бабанскийдің әдісімен жұмыс жасаған бізге жаңа наука қарастырылады, оқып, тиянақты зерттеу ете қын болып жүр.

Тілші: - Эр ғалымның өзіне тән әдісі, методикалық нұсқауы бар. Сіз қайсысын қалайсыз?

Б.Қ.: - Бұл үшін Ильиннің немесе Шаталовтың еңбектерін еқуын, зерттеуім қажет. Содан кейін өзімнің шешімімді, қалауымды айтамын. Білмейтініме бармаймын.

Байқауымша, көптеген мұғалімдер “жаңа наука” ойланбай, сараламай, өзінің, мектептің мүмкіндігін, шәкіртінің дайындығын есекермей қабылдай салады. Бұл үлкен қате. Сондай-ақ, педагогика

институтындағы ғалым-оқытушылар, педагог, методистер, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында. Ұйымдастырылған курстарда лекция оқушылар жаңашылдардың тың идеясын, жақсы үсінісін жете зерттемейді. Ал аудандық методикалық кабинеттің мамандары жаңаңылқтар туралы ештеңе айта алмайды.

Тілші: - Қындықтан шығудың жолы қандай?

Б.Қ.: - Жаңашылдардың еңбегіне арналған мақалалар, кітапшалар, методикалық нұсқаулар керек. Барлық педагогикалық оқу орындарында семинар сабактарын ұйымдастырган орынды. Ол үшін облыстық, орталық мұғалімдер білімін-жетілдіру институтының, педагогикалық оқу орындарының мамандары, халық ағарғұ бөлімдерінің басшылары мен инспекторлары озаттар тәжірибесін, жаңашылдардың методикалық әдістерін ұқыпты оқығандары, жан-жақты зерттеп, көпшілікке көнінен таратқандары жөн. Яғни жаңаңылққа жанашырлық, сергектік керек.

Тілші: - Әңгіменізге рахмет!

№ 27 (2052) 24 апрель, жұма,
1987 жыл "Қазақстан мұғалімі".

Тұған тіл – тұғырын ҰШ БАҚЫТЫМ БАР МЕНИН

Қайта құру, жариялышылқ еліміздің рухани өміріне зор серпіліс тудырып, тұтас ұлттар мен ұлыстардың өзінің өткеніне үніліп, бүгінгісін бажайлап, болашағын бағдарлауға жол ашты. Ана тіліміздің мемлекеттік дәрежеге көтерілуі халқымыздың көптөн бергі асыл арманы еді. Оған да қол жетті. Шүкіршілік! Дарынды ақынымыз Мұқағали Мақатаев "Ең бірінші бақытым – халқым менің, ал екінші бақытым – тілім менің, үшінші бақытым бар – Отан деген" деп бекер айтқан жоқ. Міне, барында бағалай бермейтін, жоқ болса, қасіретке айналатын өзара астарлас үш бақытимыздың бүгінгі халі, жасыратыны жоқ, ер азаматтың нағысын қозғап, қалың қауымның сана сезімін оятып отыр.

Небір қындықтардан, кедергілерден өтіп, сақталып келген ана тіліміздің, өлшемі жоқ ұлттық байлығымыздың, рухани мұрамыздың иегері болып қалатын бүгінгі жас үрпақ соған лайық па? Деген сұрақ өзінен-өзі туады. Бұл саяулға құптарлық жауап беру қын. Қазір халқымыздың үштөн бірі ана тілін мұлдем түсінбесе, немесе шала білсе, балабақшадағы бұлдіршіндер мен мектептердегі оқушылардың деңгелігі орысша тәрбиеленіп жатса, онда олар ұлттық тіл мен өнерді, ғылым мен мәдениетті келешекте қалай дамытады деген құдікті ой туады. Көптеген ата-ана баласымен, немересімен орысша сейлессе, бұл қасірет болмағанда өнді не?

Тіл туралы Заңға байланысты жақсы бастамалардың республика, облыс көлемінде қолға алынып жатқанын естіп жатырмыз. Ал өзім

мекен ететін Ұбыраев атындағы шаруашылық бірлестігінде өлі де оң қадамдар жасалмай отыр. Сөзім дәлелді болу үшін мынандай мысалдар келтірейін. Ауылымызда негізінен қазақтар тұрады. Соғы жылдары бұрыннан қалыптасқан жақсы дәстүрлерімізден айырылып бара жатқанымызды қалай ғана жасырайын? Енді екі жылдан кейін байырғы білім үяларының бірі – Ленин атындағы орта мектепке 60 жыл толады. Мен де осы мектептің түлөгімін.

50-60 жылдары осы мектеп түлектері жоғары оқу орындарына еш қыындықсыз түсіп жүрді. Мектебіміздің беделі республика бойынша жоғары еді. Ал тоқырау жылдарының салқыны біздің білім үясын да шалмай қойған жоқ. Таза қазақ мектебі аралас мектепке айналды. Орыс кластары оқушыларының деңшилігі – қазақ балалары. Сол кездері қазақ мектептері орысшаға оп онай айнала салды. Ал қазір қазақ балаларын ана тілінде оқыту қынның қыны болып отыр. Мәселен өткен оқу жылында бірінші қазақ класында 10 бала, ал бірінші орыс класында 21 бала оқыды. Соның 6-уы ғана орыс баласы. Алда да осы жағдайдың қайталанатын түрі бар. Бұған алдымен ата аналар кінелі. Ауылдың зиялды қауымы, оның ішінде мұғалімдер де үлгі көрсете алмай жүр. Үгіт-насихат жұмысы да өз мәнінде емес. Совхоз орталығындағы бала бақшадағы бүлдіршіндер тек қана орыс тілінде тәрбиеленеді.

Еліміздің, ауылымыздың тарихын жас үрпаққа жеткізуде жергілікті музей үлкен роль атқарады. Ауылда неге музей ашласқа? 1932 жылдан 1970 жылға дейін жас үрпақ білім алған қарапай мектеп қаңырап бос түр. Күтімсіздіктен тоза бастаған. Оны музей үйіне беріп неге ел, жер тарихын топтастыратын орталыққа айналдырмас қа? Амал нөшік көніл бөлөр ешкім жоқ.

Бір кездері жарқырап көзге түскен халық театрының бүгінгі халі мүшкіл Мәдениетімізді қастерлеудің бір қайнар көзі халық театры емес пе?

Ол ол ма, аудан бойынша қазақ тілінің бастауыш үйімін құру біздің ауылдан басталуы керек еді. Әлі күнге дейін тым-тырыс. Тегі жоғарыдан нұсқау күту дағдысынан арылмаса керек.

Біздеңі жәйт – аудан шаруашылықтарының деңшилігінде тән. Тіл туралы Заңды жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар. Тек қана білек сыйбанып, іске кірісуге келгенде жайбарақаттылыққа салынатын жаман әдетімізден тезірек айрылайық!

“Новатор” ПАРЫЗ.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНЫҢ ӘСЕРЛІЛІГІН АРТТЫРУ ЖАЙЫНДА

(бір сабакты өткізу үдері тәжірибеден)

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабағында оқушыларға берілген білім мен сол сабактың тәрбиелік жағын біріктіру, оқушылардың творчестволық

белсенділігін арттыру мақсатында бұл сабактарда техникалық құралдарды тиімді пайдаланып жүрміз. Мұның өзі оқушыларға нақты білім беруге, олардың тиянақты ой қорытуына мол мүмкіндік береді.

Айтальық, VI класта Қалижан Бекхожиннің “Дала комиссары” атты поэмасынан үзінді оқылады. Міне бұл мақалада әңгіме біз осы үзіндін өткенде нелерді ескердік дегеннің айналасында болмақ.

Поэманиң басты кейіпкері Әліби Төржанұлы Жанкелдин туралы VI класс оқушыларының білетін мәліметі жалпылама ғана. Сондықтан да бас кейіпкердің ғажайып өмірі, жалынды революция-лық қызметі туралы толық мағлumat беріп алмай тұрып, поэманиң үзіндісін өтуге мүмкін емес. Егер оқушылардың тарихи кейіпкер туралы косымша білім болмаса, оқулықтағы үзіндіден ол туралы толық түсінігі бола қоймайды. Өйткені оқулықтағы үзінді геройдің тамаша өмірінің бір эпизоды ғана. Сонымен қатар Қазақстанның 50 жылдық мерекесі алдындағы қызы дайындық кезінде бұл тамаша адам туралы сабакты да осы дайындық бағытында өтіп, жалынды революционер Әліби Жанкелдин туралы ерекше сез еттеске тағы да болмайды.

Алдын ала жүргізілген кластан тыс сабакта Ә.Т.Жанкелдиннің туған және қайтыс болған жылдарын тақтаға жаза отырып, оның өмірі туралы сез болды.

Ә.Т.Жанкелдин 1884 жылы қазіргі Қостанай облысындағы бұрынғы Қайдауыл деген жерде кедейдің семьясында туады (Эпидиаскоп арқылы Ә.Т.Жанкелдиннің суреті көрсетіледі). Балалық шағы бай малының соңында өтіп, есейе келе оқу іздел, әуелі Торғайда одан соң Қостанайда, Орынборда, Қазанда оқыды. Қазанда оқып жүргенде, 1905 жылғы Қазан студенттерінің демонстрациясына қатысқаны үшін семинариядан шығарылады. Бұдан соң Москвандың діни академиясының тарих факультетіне түсіп оқып жүріп, дінге, құдайға сенбекендігі үшін марксистік студенттер үйірмесінің қатысқандығы үшін академиядан қыллады. Жас Әліби патша үкіметінің қудалауынан құттылу жолын сілап табады. Дүниенің жаяу аралауға шығатынын айта келіп, ол сол кездегі “Утро России” деген газетке өз суреті мен оған түсінкітеме берген хабарландыру жариялады.

ХАБАРЛАНДЫРУ ТЕКСІ

Москвандың діни академиясының студенті Николай Степнов (Ә.Төржанұлының революциялық жасырын аты) дүниенің жаяу аралауға шығады. Мақсаты – әр елдің әдет-ғұрпымен танысу. Ол Москваудан 1910 жылы 9 июльде шығады. Ол Европаны, Африканы, Персияны, Иранды, Индияны, Цейлон аралын, Индоқытай түбегін аралап өтіп, Сан-Францискоға жол тартпақ. Қаражатты өзінің фотоаппаратымен табады.

Әліби бұл жоспарлы жиһангерлік сапарынан тек Сан-Францискоға ғана бармай, Япониядан 1912 жылғы Россияға келеді (бұл кезде дүние жүзінің саяси картасынан Ә.Жанкелдин жүріп өткен жол көрсетіледі). Бұл

сапарында ол Швейцарияда эмиграцияда жүрген В.И.Ленинмен кездеседі (Осы кездесу туралы Әлібидің естелігін окушыларға оның "Документтер мен материалдар" деген жинағынан оқыдық. Бұдан кейін осы кездерде арналған қалам зергери Ә.Қастеевтің "Швейцария орманындағы кездесу" деген суреті экранда эпидиаскоп арқылы көрсөтіліп, түсіндірмे берілді). Саяхаттан оралған Ә.Жанкелдин Пулков обсерваториясына жұмысқа орналасады. 1915 жылы, партия қатарына өтеді. 1916 жылы қазак даласында үлт-азаттық көтерілісі өріс алған кезде Торғайға қайтып оралған Әліби жерлес досы Аманкелдімен бірге көтерілісті басқарады.

1918 жылы партия тапсыруымен Қырым татарларының арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізеді.

1918 жылы Орталық Россиядан бәлініп қалған Түркстан мән Ақтөбе фронтына Орталық Комитеттөн қаржы, қару-жарак, 500 солдатпен көл жатып, Маңқыстау түбінде құм боранға жольғады, жолсыз, сусыз жерде көл азап шегіп адай руына келеді. Олардан (12 болыс адай руынан) 600 түйе, 700 ат алып, адайлардың бастауымен 2 жарым ай жолжуріп Шалқарға жетеді. Осыларды айта отырып, экранға суретші Кенбаевтың "Жанкелдин отряды" деген картинасы мен Ержановтың "Жанкелдин отрядының солдаты" атты гравюрасының суреті түсіріледі. Суретке түсінік беріледі. Бұдан соң Қазақстан картасынан бұл отрядтың жүрген жолы көрсетіледі.

Осылардан кейін Ә.Т.Жанкелдиннің азамат соғысы біткен соң Қазақстанда жауапты қызмет орындарында еңбек еткені, үкімет пен партия еңбегін жоғары бағалап Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтағаны, 1953 жылы дүние салғаны айтылды.

Міні, ақын Қалижан Бекхожиннің "Дала комиссары" деген поэмасы осы кісіге арналған еді дегенді айта келіп, Әлібидің комиссарлық күймен түскен суреті мен оны дала өлкесінің төтөнше комиссары етіп тағайындау туралы В.И.Ленин бүйріғы-ның суреті эпидиаскоп арқылы көрсетілді. Кластан тыс әнгімені осылайша аяқтай келіп, келесі әдебиет сабабы Қ.Бекхожиннің "Дала комиссарына" арналады дегенмен аяқтаймыз.

Программада поэмадан үзіндігে 2 сағат уақыт берілген Алғашқы сабак поэма үзіндісінің мазмұнын білуге арналды. Поэманы оку барысында поэма үзіндісіне кең тоқталып, әңгіме барысында Әлібидің құм жорығын бейнелеген сурет Кенбаевтың "Әліби Жанкелдин отряды", Ержановтың "Жанкелдин отрядының солдаты" атты гравюрасының суретін эпидиаскоппен қайта көрсетіп, бұрынғы үққандарын жаңа сабакқа байланыстыра жаңғырттық.

Бұдан соң сөздік жұмысы жүргізіліп, сөздік дәптерлеріне "әкі, зангар, оба, бұралқы, тантық" сияқты окушылар түсіне бермейтін сөздердің түсінігі жазылды. Сабакты бекіту бөлімінде окушылар мына сияқты сұрақтарға жауап берді:

1. Ә.Жанкелдин кім, оның өткен өмірі қандай еді?
2. Поэма үзіндісінде Әліби өмірінің қай кезеңі суреттелген?

3. Э.Жанкелдин керуені не әкелді, қайда апара жатыр? Осы сапардан Әлібидің қандай қасиетін қөреміз?

4. Атанияздың революцияға дейінгі өмірі қандай еді, Атанияздың өткен өмірінің елесін беретін қандай сурет көрдік?

5. В.И.Лениннің қазақ халқына деген қамқорлығын поэма-ның қай жерінен көреміз? Соны тауып оқы.

Сабақта қорытынды жасалып, оқушыларға тиісті баға қойып, үйге тапсырма берілді.

Оқушыларға қосымша кластан тыс окуға мына кітаптарды ұсындым:

1. Қ.Бекхожиннің “Дала комиссары” поэмасы, Э.Жанкелдин “Документтер мен материалдар” деген жинақ (Қазақстанның 40 жылдығына арналған шыққан жинақ);-

Бұдан кейінгі екінші сабақта поэманың тақырыбы, идеясы деген мәселе төннегіндеге сөз болып, текстен жұмыс жүргізілді. Поэмада жоспар жасалып, әр түрлі жоспардың таңдаулысын әдебиет дәптерлеріне жазғызыдық. Сабақ соңынан осы шығармаға арналған жинақтау, қорытындылау жасалды. Таңдалған жоспар негізінде үйден шығарма жазып келу тапсырылды.

“Қазақстан мектебі” 1969 ж. № 1

И.БАЙЗАҚОВТЫҢ “ОН БІР КҮН,ОН БІР ТҮН” ПОЭМАСЫН ОҚЫТУ

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабағында оқушыларға білім мен тәрбие беруді жетілдіру үшін оқушылардың творчестволық белсенділігін арттыру үшін, сабақты көрнекі еткізу мақсатында, бұл сабақтарда техникалық құралдарды тиімді пайдаланып жүрміз. Мұның өзі оқушыларға нақты білім беруге, тиянақты ой қорытуына мол мүмкіндік жасайды.

Оқу-тәрбие процесін белсенді жүргізуге көп пайдасы тиетін, біз пайдаланып жүрген техникалық құралдар: магнитофон, эпидиаскоп, оқу киносы, фильмоскоп. Бұл айтылған құралдарды әдебиеттік оқу сабағында көбірек пайдалануға мүмкіндік бар.

Біз бұл мақалада YIII класта Иса Байзақовтың “Он бір күн, он бір түн” поэмасын техникалық құралдың көмегімен өткенімізге тоқталмақпыз.

Сабақ жаңа тақырыпты түсіндіруден басталды да, тақырыбы тақтаға жазылды.

Экранға Совет Одағының Батырлары А.В.Беляковтың, В.П.Чкаловтың жеке суреттері мен Удд аралына ұшар алдындағы суреттері түсірілген кезде, магнитофонға жазылған мына текст айтыла жөнелді:

1936 жылы Виктория аралы – Петропавловск-Камчатский – Удд аралы (қазіргі Чкалов) маршруттымен 937 километр жерді қонбай ұшып өткөң ыл 1937 жылы Солтүстік полюс арқылы Америкаға қонбай ұшқан атақты совет ұшқыштары В.П.Чкалов пен А.В.Беляковтың шәкірті, солардан үйренуші

болған Марина Раскова мен оның достасы Валентина Гризодубова және Полина Осипенко 1938 жылы "Родина" самолетімен Москвадан Қызыл Шығысқа дейін қонбай үшіп, дүние жүзілік рекорд жасаған Совет елінің үш үшкыш қызының зор табысы дүниені таңдандырды.

Одан әрі өзім Иса Байзақовтың "Он бір күн, он бір түн" поэмасының жазылуына осы тарихи оқиға себеп болғанын айтып, поэмандық тақырыбы совет қыздарының патриоттық ерлік істерін сипаттауга арналғаны, поэмандық сюжетіне осы үш қыздың үшү барысында кездескен қыыншылықтары мән оларды женип шығудағы ерлігі, табандылығы негіз болғаны айтылды.

Бұдан соң бұл үшкыш әйелдердің дүние жүзілік рекордтан бұрынғы өмірі мен осы үлкен іске кірісер алдындағы жаттығулары және ерлік пән батылдық көрсеткен істері туралы магнитофоннан мына текст айтылды:

Әкесі ерте қайтыс болып, еңбекке ерте араласқан Марина Бутырск бояу заводының химия лабораториясының лаборантты болып істеп жүргендеге, оған Жуковский атындағы Эскери-Әуе академиясына чертеж сыйушы болуға ұсыныс жасалды. Содан байлай Марияның өмірі авиацияға байланысты өтті. Әуелі сыйушы, кейін штурман болды. Штурмандық мамандыққа үйретуші И.Т. Спириң, А.В. Беляковтар болды. Марина талай үшү сапарына қатынасып, ақыры үшкыштық мамандық алды. Бұдан кейін ол Жуковский атындағы Эскери-Әуе академиясында сабак береді.

Осы сез әйтылып тұрғанда Маринаның балалық шағын бейнелең, Бутырск заводында лаборант болып жүргендегі, академияда қызмет істеп жүргендегі суреттері эпидиаскоп арқылы экранға түсіріледі.

Маринаның Валентина Гризодубовамен танысыны, достасуы екі достың женіл самолетпен Москва – Ақтөбе маршруттымен үшіп, үзак қашықтыққа женіл самолетпен үшудан рекорд жасауы айтылды. Бұл кезде экранға екеуінің Ақтөбеге келгендері суреті түсіп тұрды.

Бұдан кейін Марина Полина Осипенкомен достасып, Вера Ломоко үшеші әрі суда жүзетін, әрі үшатын гидросамолетпен Севастопольден Архангельскіге үшіп, рекорд жасағаны айтылғанда экранға эпидиаскоптан Севастопольден Архангельскіге үшү сапарының картасы. Марина Раскова мен Полина Осипенкоға осы ерлігі үшін М.И. Калининнің Ленин орденін тапсырып тұрғаны түсірілді. Бұдан әрі Полина, Валентина, Мариналардың "Родина" самолетімен үшуга жаттыға бастағаны айтылып, жаттығу үстіндегі суреттері көрсетілді.

Самолётке старт беріліп, "Родина" Свердловскінің үстінен үшіп өткендігі, одан әрі жер үстінде бұлт тұрып, үлардың жерді көре алмай үшқандығы, радио аппаратының жұмыс істемей қалып, еш жермен хабарласа алмағаны, осыған қарамай олардың Қызыл Шығысқа жеткендігі, маршруттары бойынша Николаевск қаласының аэродромы нашар деп Амурдағы Комсомольск қаласына қонуға ұсыныс жасағаны, самолеттің бензині таусылып, еріксіз меншеу тайгаға қонуға мәжбүр болғаны, қонатын жерді іздел табу үшін

Маринаның, парашютпен секіруі айтылады. Соңғы осы әңгіме бойы экраңға “Родина” самолетінің үшү жолын көрсететін карта түсіріліп, экраннан үшү бағыты көрсетіліп тұрды. Ақын Иса Байзаковтың “Он бір күн, он бір тұн” атты поэмасы осы оқиғадан басталатындықты айттылды. Поэманың бірінші бөліміндегі Қыры Шығыс тайгасының суреті берілтін жерлері оқылып, Қыры Шығыстың картасынан осы жерлер мен өзендер көрсетілді.

Ал екінші оқушы поэмадан тайганың жаңуарлар дүниесін суреттейтін жерін мәнерлеп оқып,

Ақырған айы бар орманында,
Қасқыр өтпес қалың да сол жағында,
Барыс пенен жолбарыс кей жерінде,
Қоласынан көрінед анда-санда, -
деп жалғастыра береді.

Бұл ұақытта экранға тайганың жыртқыштарының Маринаға кездескен суреті түсірілді.

Бұдан әрі поэмадан Маринаның, үйқысыз, күлкісіз, аңдармен арпалыста өткен он бір күн, он бір түні, “Родина” самолетін аман қондырган Валентина мен Полинаның жолдастарын іздеп сандалу-мен өткен күндері баяндалатын тұстар айттылды, ара-тұра қынышы-лық сәттер суреттелетін өлең жолдарын оқып отырдық.

Сабакты Отан алдындағы міндеттерін табандылықпен атқарып шыққаны үшін бұл үш қызы Совет Одағының Батыры атағы берілгенін, Марина Раскова мен Валентина Гризодубованың соғыс жылдарында әйел үшкыштардан құрылған авиация полкін басқарғаның Маринаның әскери тапсырманы орындау үстінде қаза тапқанын айтумен аяқтадық. Экранға В.Гризодубованың Отан соғысы басталардан аз бұрынған “Пионерская правда” газетінің редакциясында болашақ батыр Зоя Космодемьянскаямен және бір топ оқушылармен түскен суреті эпидиаскоптан түсірілді. Қыры Шығыста П.Осипенконың атымен аталатын қала бар екендігі айттылды. Тарихи оқиға мен поэманың сюжет бірлігі туралы айттылып, поэманың соңғы бөлімі мәнерлеп оқылды. Өйткені бұл бөлімде өртті, анды жеңген Маринаның ерлігі көрінеді. Ақырында бұл батыр қыздардың ерлігін жалғастырушы, космос есігін әйелдер қауымынан бірінші ашқан Валентина Николаева-Терешкова туралы бірер минут пікірлестік.

Сабактың соңында оқушыларға жаңа сабак бойынша мына сұрақтар қойылды:

1. Табиғат суреті поэмада қалай берілген?
 2. Поэмада Отанның патриот қыздарының ерліктері қалай суреттелген, олар кімдер еді?
 3. Қыры Шығысқа үшудан бұрын олар қандай рекордтар жасады?
- Бұдан кейін біраз шегініс жасап, оқушылардың назарын осы поэманың жазылу тарихына аудардым.

Атақты ақынның туғанына 70 жыл толуына байланысты республикалық газеттерде шыққан мақалалармен оқушыларды таңыстырып, белгілі жазушы. С.Бегалиннің “Дауылпаз ақынды еске аламыз” (“Лениншіл жас” 20 март, 1971) деген естелік мақаласының үзінді оқып бердім. Мұнда автор 1938 жылы Жазушылар одағының Ұлы Октябрь мерекесінің кешіне арналған бір мәжілісінде елден келген халық ақындарына елімізде болып жатқан атақты оқиғаларды, соңын ішінде М.Расковалардың аңызыға айналған ұшу сапарын айттып, осығын өлең шығаруды өтінгенін, өзге көп ақындар ойланып, жазып айтпаса, дұрыс өлең шыға қоймайтынын айттып құбірлескенін еске алады.

Осыларды айта келіп, автордың Иса женінде айтқанын оқып бердім.

“ – Мен ауылдаң, елден келген ақындарға жол беріп тосып едім. Бұлар жазып айтамыз дегенді құбірлейді. Оған дейін тема көнеріп қалады, мәң жырлап көрейін, – деп “Родина” самолетінің Москвадан ұшып шығып, бұл Сибирь өлкесінің үстімен жүлдyzдай ағып, Саян тауына барғанын, одан Раскованың самолет қонатын жер іздеуге парашютпен түскенін, он бір күн, он бір түн меніреу орманда болғаның, аюға, жолбарысқа кездескендеі ішкі сезімін бір жарым сағат үздіксіз ағызды. Қыбыр еткен жан жоқ. Елдің бәрі ішін тартып, таңдана, өлеңнің құйылсы мен суреттілігіне, қыздардың ерлік тұлғаларына сүйсіне тыңдауда Рақкованы жолдастарымен табыстырып, Кремльге әкеліп, рапорттарын бергізіп аяқтады”.

Мақаланың ендігі бөлегін оқушылардың өздеріне оқып келуге тапсырдым. Исаңың жоғарғы айтқыштық, сұрып салма ақындық өнері жөнінде М.Әуезов айтқан сөзге ерекше назар аударуын ескерттім. Бұл мақалаларды поэма бойынша берілген тапсырмаларды орындауда тиімді жерінде пайдалану керектігін айттып сабакты аяқтадым.

“Казақстан мектебі” 1971 ж.

IV КЛАСТАҒЫ ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Оқушылардың сөйлеу және жазу тілін жетілдіру – мектепте қазақ тілін оқытудағы негізгі міндеттердің бірі. Сондықтан жаңа программада IV класта байланыстырып сөйлеуге үйретуге, тіл дамыту жұмысына арнайы 20 сағат уақыт берілген. Бірақ тіл дамыту жұмысында бұл арнайы бөлінген уақытпен шектелсек, онда жаңа программа қойған міндетті орынданай алмаған болар едік.

Тіл дамыту жұмыстарының сан алуан екені мәлім. Олар: ауызша, жазбаша түрлі мақсаттағы жаттығулар; шығарма, мазмұн-дамалар, грамматикалық ойындар, грамматикалық калейдоскоп т.б.

Бұл жұмыс түрлөрін жүргізуде оқушының жас ерекшелігін, дайындық дәрежесін ескерген жөн. IV класс оқушылары орталau буынның санатына қосылғанымен, жас жағынан кіші, сөздік қоры аз, пікір жүйелеуге төсөлмеген болады. Осыны ескеріп, бұл класта тіл дамыту жұмыстарын баяндау

сипатындағы тақырыптарға негіздел жүргізү керек.

Тіл дамыту жұмыстарының бірі – шағын шығарма жазуға дағдыландыратын, ой жүйелөуге жетелейтін грамматикалық калейдоскоптың мазмұны совет елінің космос кеңістігін игеруіне арналған. Бұл "Синонимдер" тақырыбын өттеде пайдаланылады. Сабактың бекіту кезеңінде жаттығу жұмыстарының бірі ретінде орындалады.

Калейдоскоп былай жасалады: үлкен плакат қағазға шеңбер сыйып, сол шеңберді тен алты ңес бес бөлікке бөліп, әр бөлікке бір сөйлемнің құрамына енетіп жеке сөздер (сөз түбір тұлғада алынады) жазылады. Сол сөздерден (әр бөліктегі сөздерден) бір-бір сөйлем құрастырылады. Җайтіп, барлық бөліктегі сөздерден 6 ңес 5 сөйлем түзіледі. Бұдан шағын шығарма шығады. Ол мына төріздес жүйелі мазмұнға қырылады.

Космостағы жеңіс

1. 12 априль – космонавтика күні.
2. Бұл күні Ю.А.Гагарин космосқа үшты.
3. Мұны адамзат өте ертеден арманадады, қиялдады.
4. Енді, міне, советтік "Луноход" ай бетін зерттеуде.
5. Қазір советтік аппараттар Марс планетасын зерттей бастады.
6. Бұл жеңіске Совет елі қажырлы, табанды іздеңүмен жетті.

Грамматикалық калейдоскопты жүргізгенде, бір оқушы бір бөліктегі сөздерден бір сөйлем құрап айтса, екінші оқушы сол сөйлемді тақтаға жазады, ал келесі оқушы текстен синонимдерді тауып, астын сыйады. Жұмыс осы ретпен жүргізіледі.

Екінші бір грамматикалық калейдоскопқа тоқталайық. "Үздік оқушы" деген тақырыпта жоғарыда айтылған принцип бойынша мына мазмұнды текст пайда болады.

Үздік оқушы

1. В.Ульянов гимназияда оқыды.
2. Ол өте зерек, алғыр, ұғымтал еді.
3. Сабакқа үқыпты, табанды дайындалатын.
4. Сондықтан ол аса көп білді, үздік оқыды.
5. Гимназияны бітіргендеге, алтын медаль алды.

Бұл екі калейдоскоп бойынша оқушылар мына сияқты синоним сөздерді тауып, астын сыйып, мағынасын түсіндіреді.

Бірінші грамматикалық калейдоскоптан "арманадады", "қиял-дады" және "қажырлы", "табанды" деген синоним сөздерді, екінші грамматикалық калейдоскоптан "зерек, алғыр, ұғымтал", "аса, өте", "үқыпты, табанды" деген сөздерді анықтады. Сейтіп, бір сабактың жаттығу кезеңінде орындалған бұл жұмыста оқушылар әрі шағын шығарма жазды, әрі сабак тақырыбына сай синонимдерді анықтады.

Грамматикалық калейдоскопты әр тақырыпқа сай жасап алуға

болады. "Зат есім" тақырыбын өту кезеңінде "Жерлесіміз В.А.Шаталов" деген грамматикалық калейдоскоп жасалды. Калей-доскоптың формасы үшқыш-космонавтардың кеуделерінә тағатын айырықша значогіне үқсатылды. 6 бөлікке бөлінген калейдоскопты құрастыра келгенде мына мазмұнды болды:

Жерлесіміз В.А.Шаталов

1. В.А.Шаталов – біздің жерлесіміз.
2. Ол 1929 жылы Петропавл қаласында туған.
3. Жерлесіміз космос кеңістігінде үш рет болып қайтты.
4. Ол "Союз-4", "Союз-8", "Союз-10" космос кораблімен үшты.
5. Оған асқан ерлігі үшін екі рет Совет Одағының Батыры атағы берілді.
6. Біз даңқты жерлесімізді мақтан етеміз.

Бұл калейдоскопты осылай құрастырып жазған соң, зат есімдерді тауып, жалқы есімдердің жазылуын түсіндіреді. Сонда оқушы грамматикалық калейдоскоп арқылы жаңа сабакқа байланысты зат есімді қайталап, еске түсіреді.

Грамматикалық калейдоскоп IV класс оқушыларын өте қызықтырады, олар жұмысқа белсөне қатысады. Калейдоскоптың әр бөлігінің түрлі түспен боялуы да оның әсерлігін арттырады.

Грамматикалық калейдоскоп – ой жүйелеуге, жоспар жасауга дайындастың, дағыландыратын жұмыстың түрі. IV класста осы сияқты байланыстырып сөйлем құрауға, оны бір мазмұнға бағындыруға, ой-пікірін жүйелі орналастыруға дағыланған оқушы келесі кластарда жоспар жасауға, шығарма жазуға аса қиналмайды.

Оқушылардың сабакқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында өздігінен ойлап табуға негізделген жұмыстардың да пайдасы зор. Мысалы, "Септік жалғауы" деген тақырыпты өткенде, септік жалғауының атқаратын қызметін айта келे, ауызша мынадай жаттығу жүргіздім. Қадыр Мырзалиевтің "Талқы" деген өлеңінде сөздерге жалғанған кейбір септік жалғауының орнына көп нүктө қойып, оқырмандарына "жалғауын қойып оқы" деген міндет жүктеген. Сол міндетті оқушыларға қойып, тексті оқыттым (әр шумақ бір-бір карточкаға жазылған).

Қып-қызыл құнделігі
Көр қыз... Моншақ атты.
Ол жайлы мен де бүгін
Айтамын сонша қатты.
Ойынға үйір неме
Сабак... оқымайды.
Келмейді үйірмеге,
Кесте де тоқымайды.

Теңеді халық оны
Тұз... жел құйынына.

Сынадың салып оны,
Пионер жиынына.

Сын оған бір... өтті,
Садақ... жебесіндей.
Моншағым терлеп кетті,
Монша... төбесіндей.

Сонда оқушылар көп нүктенің орнына “ды”, екінші шумаққа “ты”; үшінші шумаққа “дың”, “тың”, “ның” деген септік жалғауларын қойып, оқып шықты. Сол сөздердің қандай сұраққа жауап беретінін айтып, септік жалғауларының атқаратын қызметтің (сөздерді байланыстыру) анығырақ аңғарып, ол туралы өз пікірлерін айтты.

Сол сияқты “Ұйқасын тап” деген ауызша жаттығу жүргізіп жүрмін. Мысалы, Қ.Мырзалиевтің “Ұйқасын тап” өлеңінің әр шумәғын бір-бір карточкаға жазып, көп нүктенің орнына өлең үйқасына дәл келетін, өлең мазмұнымен жымдасатын сөздерді тапқызып жаздырамын.

Мына тұрған арғымақ,
Мінем оған...
Тістемейді, теппейді,
Бос қойсам да...

Мына тұрған тайлағым,
Келмейді оны...
Сирақ, мойын – көрік деп,
Жұр жирафқа...

Мына тұрған торайым,
Танауыңа...
Шалшыққа кеп аунайды,
Нас баладан...

Карточка алған оқушылар бірінші шумақтағы көп нүктенің орнына “қарғып-ақ”, “кетпейді”; екінші шумақта “байлағым”, “еліктеп”; үшінші шумаққа “болайын”, “аумайды” деген үйқасты сөздерді орналастырды.

Бұл сияқты ауызша тіл дамытуға байланысты жүргізілетін жұмыстардан оқушы өлең үйқасын және оның белгілі мазмұнға бағынатынын біледі.

Осындай жұмыстан соң, “Бала мән гүл”, “Өрік” деген шағын өлеңдерді оқып, әр жолдағы үйқасты, ырғақты аңғартып, өлеңнің қалай жазылатындығын түсіндірдім.

Мұндаидар бір сабактың жаттығу кезеңінде орындалған жұмыстармен ғана шектелмей, тіл дамытуға, байланыстырып сейлеуге арналған жеке сабактар да еткіземін. Мұндаидар сабактарда жүргізілетін ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарының түрі көп. Мен олардың ішінен сюжетті картиналар мен оқыған шығармалары бойынша шағын шығарма

жаздыруға көп назар аударып жүрмін.

"В.И.Ленин әрқашан бізбен бірге" суреті бойынша шығарма жазылды. Бұл сабакта ұлы көсемге деген сүйіспеншілік пен жас лениншілдер дегең атаққа кір келтірмей журуғе тәрбиелу мақсат етілді. Сурет мазмұны балаларға қызын соқпайды. Балалар суретпен танысып, В.И.Ленин туралы бұрын оқығандары бойынша Сокольникидегі балалар үйінде өткен Жана жыл кеші, балаларға В.И.Ленин мен Н.К.Крупскаяның келуі, көсеммен өткен қызықты кеш, балалардың тілегі, Лениннің оларға кайтарған жауабы еске түсірілді. Будан соң 5 пункттен жоспар жасалды.

Жоспар

1. Жаңа жыл кешіне балалардың әзірлігі.
 2. В.И.Ленинді асыға күті.
 3. Ұлы көсемді балалардың қарсы алуы.
 4. Көсеммен өткізген қызықты кеш.
 5. В.И.Ленин әрқашан бізбен бірге.

Оқушылар осы жоспар бойынша шығарма жазды.

Окшының тілін дамытуға мақал-мателдер мен фразеологиялық сөз тіркестерің дұрыс пайдалану көп септігін тигізеді. Мен мұндай сөздердің окушылардың сөздік қорына енгізуге баса көніл бөлемін. Сабакта "Кім тез мақалдаң кетеді?" деген ойын түрін колданамын. Мысалы:

1. Өнерлігे... кең
 2. Еңбегі аздың... аз
 3. Кітап – білім...
 4. Асыл... шығады
 5. Өнөр... шығады
 6. Жақсыда... жок

Сонда оқушы көп нүктенің орнына “өріс”, “әнбегі”, “бұлағы”, “тастан”, “жастаң”, “жаттық” деген сөздерді тауып айтады.

IV класта аталған тіл дамыту жұмыстары оқушының сабақ тақырыбына сай алған білімін бекітүге көмектеседі әрі дұрыс сейлеп, дұрыс жазуға үйретеді.

“Қазақстан мектебі” – 1973 ж.

ЕТИСТИКТІҢ ШАҚТАРЫН ОҚЫТУ

Жас жеткіншектерді білім һөгіздерімән қаруландыруда эвристика әдісінің орны ерекше. Бұл әдіс ойға, алға қойылған жаңа білім беретін мәселені шешуге, жағдайларды салыстырып, өзінше қорытынды шығаруға жетелейді.

Осындай әдіспен еткізілген “Етістіктің шақтары туралы түсінік. Осы шақ” тақырыбына арналған сабакка токтапмакпыш.

Етістіктің шақ категориясы – етістік тарауының тақырып-тарының бірі. Бұл тақырыптан бұрын V класс оқушылары етістіктің түрлөрі, есімше, кесемше туралы біраз білім алады: Есімшенің шақтары мен жасалу жолдарын біледі. Бұл мәліметтер етістіктің шақтарын жеңіл мәңгеруге мүмкіндік тузызады.

Етістіктің шақтары туралы түсінік, Осы шақ тақырыптарын өтуге 1 сағат, етістіктің шақтарын өтіп болған соң, қайталауға 2 сағат орнына 3 сағат арнадым.

Сабактың тақырыбы: Етістіктің шақтары туралы түсінік. Осы шақ, оның түрлері.

Сабактың мақсаты: Етістіктің шақтарын осы шақ, оның түрлерін, жасалу жолын эвристика әдісімен білдіріп, жаттығу жұмыстарымен бекіту.

Сабактың көрнекілігі:

1. Грамматикалық калейдоскоп ("Сапа бесжылдығы" 1-таблица).
2. Таблица № 2 ("Осы шақ").
3. Дидактикалық карточкалар, суреттер.

Сабактың барысы: Оқушыларға сабактың тақырыбын хабарламас бұрын "Сапа бесжылдығы" деген грамматикалық калейдоскоппен жұмыс жүргіздім. Онда салынған белгі туралы оқушылардың не білетіндігін сұрадым. Оқушылардың жауаптарын толықтырып, сапа белгісі туралы, оның көптеген заттарға (өндіріс өнімдеріне) берілетіндігі жайында түсінік бердім. Бұдан кейін калейдоскоптың әр бөлігіндегі сөздерден бір сөйлем құрдық. Сөйлем құру тәртібі сағат стрелкасы бағыты бойынша жүреді. Сонда мына мазмұнды шағын текст шықты.

Сапа бесжылдығы:

1. КПСС-тің XXV съезі X бесжылдықты сапа бесжылдығы деп атады.
2. Сондықтан өнімнің сапасына баса назар аударылмақ.
3. Еліміз бұл бесжылдықтың төртінші жылында отыр.
4. Халық шаруашылығының әр саласы жоспарын орынданап жатыр.
5. Біздің облыс еңбеккерлері де табысты еңбек өтіп жүр.

Осылай бір мазмұнға бағынған шағын текст құрған соң, әр сөйлемнен етістіктерді тапқызып, олардың іс-әрекеттің орындалу мерзімін қалай білдіріп тұрғанын анықтаттым. Сонда оқушылар атады іс-әрекеттің бұрын орындалғаның аударылмақ істің келешекте орындалатынын отыр, орынданап жатыр, етіп жүр деген етістіктер іс-әрекеттің осы мезгілде орындалып жатқанын білдіретіндігін айтты. Эрине, дұрыс жауапқа жету жолында пікір таласы да туды. Эсіресе, бірінші сөйлемдегі атады сезінің қай шақта тұргандығын анықтау үстінде әр түрлі пікір айттылды. "Оспан осы ауылда тұрады" деген сөйлемдегі *тұрады* сезін алдыңғы сөйлемдегі атады сезімін салыстырып, *тұрады* сезі осы мерзімдегі іс-әрекетті, *атады* бұрын орындалған іс-әрекетті білдіретіндігін анықтаттым.

– Осы өздерің айтқан сияқты, іс-әрекеттің бұрын орындалға-ның, осы мезгілде орындалып жатқаның, келешекте орындалатының білдіретін етістіктер қалай деп аталуы мүмкін деп ойлайсындар? – деген сұраққа окушылар мынадай жауап берді: Осы шақ, келер шақ, өткен шақ деп аталағы. Өйткені біз бұдан бұрын *Есімше* тақырыбын өткенде, келер шақ есімшениң келешекте орындалатын істі білдіретіндігін, өткен шақ есімшениң бұрын орындалған істі білдіретіндігін білгендіз. Мына етістіктер де сол сияқты іс-әрекеттің орындалу мерзімін білдіріп тұр.

- Ендеше бүгін өтіп отырғанымыз қандай тақырып екен?

- Етістіктің шақтары.

– Жоғарыда өздерің тапқан отыр, орындал жатыр, *еміл* жүргедендер орындал, *еміл* деген көсемшеге жатыр, жүр деген етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған курделі етістіктер. Осы талдау кезінде осы шақтың дара етістікten де, курделі етістікten де жасалатындығын айтқыздым. Бұдан соң *атады*, *аударылмақ* сөзін құрамына талдап, өткен шақтық, келер шақтық мағынаны –ды, -мақ қосымшалары туғызатының білдірдім. Осы шақ, келер шақ, өткен шақтардың анықтамасын өздеріне айтқыздым. Оқушылардың өздері айтқан анықтаманы оқулықтағысымен салыстырттым. Өздері айтқан пікірлер мен қорыттындылардың дұрыстығын біліп, көтеріліп қалды. Бұдан соң “Осы шақ” (2 таблица) деген қолдан жасалған таблицадағы сөйлемдерді өздеріне талдаттым.

Осы шақтың түрлөрін, жасалу жолын түсіндірдім. Сабактың бекіту бөлімінде оқулықтағы 209-жаттығуды орындааттым: нақ осы шақтың жалаң түрінің астын бір, курделі түрінің астын екі сызығыздырып, нақ осы шақтың жасалу жолын түсіндірттім. 210-жаттығуды ауызша орындағы, ауыспалы осы шақтағы етістікті тауып, жасалу жолын түсіндірді. Оқушылар жазбаша жаттығу орындал жатқанда, бұрын орындаған оқушыларға біртіндең дидактикалық карточкалар тараттым. “Сурет бойынша осы шаққа 2 сөйлем ойлап, дәптеріңе жаз, осы шақтағы етістіктің астын сыз” деген 1 сурет бойынша оқушы: “Асқарбек кешегі жарыстаурының қызық әңгіме айттып жатыр. Достары ынтыға тындал тұр” деген сөйлемдер құрып, айттып жатыр, тындал тұр деген осы шақтағы етістіктердің астын сызды.

№ 2 сурет бойынша “Аспаз дәмді тамақ пісіреді”, № 3 сурет бойынша “Дәрігер Назардың жаралы қолын бинтпен байлап жатыр” деген сияқты сөйлемдер ойлап, дәптерлеріне жазып, осы шақтың астын сызды.

Карточкаларда мынадай сөйлемдер жазылған:

1. Еңбек мұратқа жеткізер. (Етістіктің қай шақта тұрғанын айт).
2. Еңбектің көзін тапқан байлықтың көзін табар. (Етістіктің қай шақта тұрғанын айт).
3. 1976 жылы февраль айында КПСС-тің ХХҮ съезі болып өтті. (Етістіктің қай шақта тұрғанын айт).

“Олимпиада-80”, “XI фестиваль” атты грамматикалық калей-

доскоптар бойынша да етістіктің шақтарына жаттығу жүргіздім.

“Олимпиада-80”

1. 1980 жылы Москвада 19 июль мен 3 август аралығында жазғы XXII Олимпиадалық ойындар өтеді.

2. Москвадан басқа Таллин, Киев, Минск, Ленинград қалаларында да жарыстар болады.

3. 100-ден астам елден 12 мыңға жуық атлеттер спорттың 199 саласынан жарысқа шықпақ.

4. Бұл олимпиада программасына қыздардың допты хоккей ойыны кірді.

5. Бұлға окушылар арасында олимпиаданың болашақ чемпиондары бар.

(Бұл калейдоскоптағы мәліметтер “Қазақстан мұғалімі” газетінің 1977 ж. 14 январьдағы № 3 санындағы “Тұнғыш олимпиада” деген мақаладан алынды).

Алдымен Москва олимпиадасының эмблемасың жалпы Олимпиадалық ойындардың бес шығыршықты символды эмблема-сын окушылардың қаншалықты билетіндегін сұрақ-жаяуп жолымен анықтап, Олимпиада символы біріне-бірі жалғанған көгілдір, қара, қызыл, сары, жасыл бес шығыршық екендігін бұл символды олимпиадалық ойындардың негізін қалаушы француз педагогы Пьер де Кубертен 1913 жылы ұсынғандығың, ол өз ойын: “қай елдің болсын ұлттық туларында осынау бояу түстерінің кез келгені бар. Сонымен бірге, әрбір шығыршық құрылыштарды: көгілдір – Еуропаны, қара – Африканы, қызыл – Американы, сары – Азияны, жасыл – Австралияны бейнелейді,” – деген түсіндірғендігін айттым.

(Бұл мәлімет “Лениншіл жас” газетінің 1976 ж. 4 февральдағы санындағы “Ақ Олимпиада - 76” деген мақаладан алынды).

Грамматикалық калейдоскоптарды әр сабакқа дайындаудың қажеті жоқ. Тақырыптың ынғайына қарай окушыларды қызықтыру, сабакты түрлендіру мақсатында қолдануға болады. Грамматикалық калейдоскоптар IY, Y класс окушыларын көбірек қызықтырады. Сөйлем құруға, ой жүйелуеге дағдыландырады. Грамматикалық калейдоскоптармен жұмыс жаттығудың бір түрі ретінде орындалып, әр белгітегі сөздерден бір сөйлем құрылады. Сөйлем құруда қыншылық, сәтсіздікте болады. Бірінің кемшілігін екінші біреулері түзетіп, бүкіл класс окушыларының көмегімен құрылады. Ретсіз орналасып түбір тұлғада берілген сөздерден сейлем құрудың өзі Y класс окушылары үшін бір проблема болса, одан іс-әрекеттің мерзімін білдіретін етістіктерді, олардың тұлғалық, құрамдық түрлерін ажырату – тағы бір проблема. Осы сияқты білеттінен білмейтінге сатылап бару арқылы тұжырымды қорытынды пікір жүйелу окушыны творчестволық әрекетке бастайды. Окушының ойлау қабілетін ұштауға себепші болады. Окушыны осындаш шешімге жеткізу окушымен мұғалім диалогы, қойылған сұраудың тиімділігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан қойылатын сұраудың окушыны ойлауға, танып-білуге

бағыттайтын болуын ойластырған жөн

Міне, осы жолмен өткізілген “Етістіктің шақтарына” арналған сабактардың нәтижесі жаман болған жоқ. Сабактың пысықтау бөлімінде қойылған сұрақтарға оқушылар тиянақты жауап беріп, материалды жақсы менгергендіктерін байқатты.

“Қазақстан мектебі” 1979 ж.

С.МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

Дәүіріміздің басты оқиғаларын арқау еткен “Батырак”, “Октябрь өткелдері”, “Ақ аю мән қара аю” поэмалары, “Мөлдір маҳаббат”, “Ботакөз”, “Сырдария”, “Аққан жүлдүз” романдары, “Әмір мектебі” трилогиясы, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған “Сұлушаш” өлең-романы, “Шоқан Үәлиханов”, “Сәкен Сейфуллин” атты драматургиялық шығармалары мән көптеген әдеби зерттеу, этнографиялық еңбектер қалдырыған даңқты жерлесіміз С.Мұқановтың мол мұрасын жан-жақты, терең мазмұнда ету мүғалімнен асқан шеберлікті, көп ізденісті, дайындықты талап етеді.

Жазушының өмірбаяны мән творчестволық қызметін таныстыру сабағы оның шығармаларын оқытып, талдаудан бөлек қаралмайды. Өмірбаяндық мағлұмат негұрлым толық, жүйелі берілсе, негұрлым жазушының творчествосымен, қофамдық-әлеумет-тік қызметімен тығыз байланыстырылса, солғұрлым оның білімдік жөнне тәрбиелік маңызы артады. Кейінгі шығармаларды талдау да женілге түседі. Өйткені, жазушы творчествосына, оның шығармаларына барап жол осы кіріспе сабактардан басталады.

Біздің мектепте С.Мұқанов творчествосына арнап қазақ тілі мән әдебиеті кабинетінде “Халқымыздың мақтанышы” стендісі, онда жазушының суреті, өмір жолы байынша хронологиялық таблица, шығармалардың басқа тілдерге аударылғаны жөнінде схема жасалды. Жазушының туып-өскөң білім алған, еңбек еткен жерлерін көрсететін карта да бар. Оның ұстаздық өнегесін алған кейінгі толқын інілерінің, сүйікті жарының естеліктерінен “Жаны жомарт жазушы” деген тақырыпқа жинақ-папка жасалды. “Сәбен туралы жырлар” деген тақырыпта жазушы туралы газеттерде жарияланған өлеңдерден жинақ-папка құрастырылды. Жазушының поэзиялық шығармаларын ету сабағында пайдалану үшін ақынның өзі оқып жаздырыған “Колхозды ауыл ссындай” және “Қазақ вальс” әнінің пластинкалары дайындалды. Қalamгер еңбектерін оқыту кезінде баспадан шықкан “С.Мұқанов” атты синтетикалық таблица-ны да пайдаландық.

Осылай комплексті-демонстрациялық көрнекіліктер жасалып, ілінген соң, жазушының өмір жолы мән шығармаларын талдауға кірістік. Алғашқы сабак жазушының өміріне арналды. Сабактың мақсаты жазушының өмірін халық өмірімен байланыстыра баяндап, шығармаларын жаңырлық, тақырыптық, көркемдік жағынан түсіндіру және халық сүйеген қalamгердің еңбеккорлығы

мен халық илгілінә еңбек етуінен үлгі беру болды. Сабактың алғашқы кезеңінде окушылардың жазушының қандай шығармаларын оқығандарын сұрадым. Окушылар жауабын тыңдал, толықтырып болған соң, жасалған карта, хронологиялық таблица бойынша жазушы өмірін, еңбек жолын әңгімелеп, туисіндірдім.

Жазушының әр кездे шыққан шығармаларын тақырыбы, жанры жағынан әңгімелеп, поэзиямызды идеялық-көркемдік жағынан байыта түсken "Поэзия Маршалы", "Майға ғәләем" сияқты мөлөндөрінен үзінділер оқылды. Маяковскийден үйрене отырып, поэзияға әкелген жаңалығы көркемдік шешім тапқаны әңгімеленді.

Будан соң жазушы творчествосының шырқау биігі – "Ботакөз" романының жарық көріумен байланысты екендігі атап көрсетілді. Ал бұл романның тууы туралы 1939 жылты автордың "Роман қалай жазылды?" деген мақаласын пайдалану арқылы романның композициялық құрылышын талдау, кейіпкер бейнесінің сомдалуы, көркемдік ерекшеліктері, басқа тілдерге аударылуы романға арналған жеке сабакта сөз болды.

Жазушының қазақ совет әдебиетінің еркендеуіне, жас қаламгерлерді тәрбиеледе ағалық қамқорлығы туралы жерлес жазушы С.Шаймерденов пен Д.Әбілевтің газеттерде жарияланған естеліктеріне назар аударылды.

Одан әрі "Сырдария", "Өмір мектебі", "Ақжан жұлдызы" романдары мен "Гвардия, алға!" либреттосы мен "Шоқан Уәлиха-нов", "Сәкен Сейфуллин" пьесалары туралы сөз болды. Жазушының қоғамдық қызметтері мен совет әдебиетін дамытуға қосқан үлесі үшін алған наградалары айтылды.

Жазушының өміrbаяның, еңбекжолын баяндау үстінде әңгіме мазмұнына сай Сәбенәнің әр кездегі суреттері эпидиаскоптан көрсетілді. Халық сүйген қаламгердің 1973 жылты қаза болғанын айта отырып, аяулы арысымызды соғыс сапарға шығарып салар қаралы митингіде F.Мұсіреповтың қоштасу сөзінің: "Сәбит үлкен дарынның ғана қолынан келер еңбектер қалдырыды. Сәбит қалдырыған мол мұра, қайталап айтам, энциклопедияға тен", деген үзіндісінен С.Мұқановтың совет елінің мәдениеті тарихындағы орнын айқын аңғаруға болатындығын айтылды. Сөз соңында сүйкіті жазушыны мәнгі есте қалдыру мақсатымен Қазақстанның көптеген қалаларының көшесі, кітапхана, совхоздар, тіпті тау шыңы жазушы атымен аталғанын айттық. Сәбенәнің Петропавлдың Құрметті азаматы екендігі де сөз болды. Жазушының тұған жерінде музей ашылғандығын ескерттік.

Осылай үйімдастырылған сабактың бекіту бөлімінде жазушының өмір жолы мен қоғамдағы орны, көркем шығармаларында өмір шындығын бейнелеу тәсілдері, шығармаларының жанры мен тақырыптары туралы сұрақтарға жауап алып, сабак қорытындыланды. Бұдан кейінгі сабактар жоғарыда баяндалған жүйлемен өткізіліп, қажетіне, сабактың мақсатына сай жазушы өмірінің кейбір сәттерін суреттейтін естеліктерді, шығармаларының идеялық-көркемдік қасиетін айқындайтын пікірлерді пайдаландық. Кейбір

шығармаларының тууына себеп болған тарихи оқығаларға тоқтал-дүйк. Мысалы, жазушының прозалық шығармаларына арналған сабакта "Мөлдір махаббат" романының тууына себеп болған Қызылордада болған қанды оқиға екендігі айтылды.

Артына көп мұра қалдырыған Сәбенәнің барлық шығармаларын 10-кластада егжей-тегжейлі оқыту мүмкін емес, программа да оны міндеттемейді. Соңдықтан жазушының кейір шығармаларын талдауға арналған конференциялар, әдеби кештер өткіздік. Соңғы кезде кластада тыс жұмыстардың бір түрі ретінде ауызша журнал үйімдастыруды дәстүрге айналдырып жүрміз.

Міне, халық жазушысы С.Мұқановтың өмірі мен творчество-сынын оқытууды сабакта және кластада тыс жұмыстарда осылай үштастыру арқылы жазушының толық мағыналы өмір жолын білдірдік.

"Ленин тууы" 13 январь, 1983ж.

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ "ҚАЗАҚСТАН"

Оқушылардың білімін кеңейтуде әдебиет сабакының мүмкінді-гі өте зор. Әдебиет нә әдебиеттік оқу сабакында негізгі әдеби шығарманы талдай отырып, шығарма сюжетіндегі уақығаға байланысты тарихи кезең, не бір дәүір туралы мағлumat беріп, дәлелді түсінік сөздер арқылы оқушының білім қорын молайтуға мүмкіндік бар. Еліміз Қазақ республикасының 50 жылдық мерекесін тойлауға дайындалып жатқан кезеңде 5 кластада І.Жансүгіровтың "Қазақстан" атты шағын өлеңін өттік.

Сабактың мақсаты оқушыларға өлеңнің жалпы идеялық ойын, Қазақстанның 50 жылдағы жетістігі мен еңбектегі ерліктің бел-белестерің тауды бұзып, тасты тіліп орнатқан таңғажайып еңбек кереметтерін, қын-қыстау ел басына құн туған кезеңдерде батырлықтың ғажап үлгілерін көрсеткен қазақ батырларының істерің, ғылым шыңына өрлеғен ерек ғалымдарының істерімен байланыстыра түсіндіріп, талдау арқылы білгізу.

Сабакта қолданылған көрнекті құралдар:

1. Қазақстанның қазба байлығы мен өрнекасп орындарын көрсететін карта.
2. "Қазақстан" атты 2 бөлімді диафильм.
3. Қазақстанның атақты адамдары І.Жансүгіров, Қ.Сәтбаев, К.Байсентова, С.Сейфуллин, М.Төлебаев, Т.Тоқтаров, М.Мәметова, Ә.Молдағұлованың суреттері, бұл суреттер диафильм эпидиаскоп және фильмоскоп арқылы көрсетілді.

Сабактың тақырыбы хабарланған соң, оқушылардан Қазақстан, оның жетістіктері туралы нә білетіндігі сұралды. Оқушылар жауабында Қазақстан СССР-дің құрамындағы 15 одақтас республикалардың бірі екендігі, онда көптеген ұлттардың өкілдері тұратындығын – мысалды өзіміздің, Совет Одағының Батыры Ұлсық Қызылорда атындағы совхоздан көлтірді – Қазақстан егін мал шаруашылығынан да Одақ бойынша маңызды орын алғатындығын

айтты. одан әрі қазақ халқының көрнекті ақыны I.Жансүгіровтың өмірі мен әдеби қызметі туралы қысқа мағлumat бердім де, "Қазақстан" өлеңін көркемдеп оқыдым. Өлеңде қазақ елінің кешегі Октябрь революциясына дейінгі көнілсіз, сұрақсыз, теңсіздікте өткен өмірі, патшалы Россияның отары, байлардың отаны, жері құнарсызы, жалшылықта өмірін өткізген бұқара халқының жайы айтыла келіп, көне дунинең күлтапқанын шығарып, арайлад, атқан Октябрь таңы қазақ халқының өмірін нұрландастырып, енбекке көнелткенің масайраған шадыман өмірге жеткізгенін айттым. Бүгінгі қазақ елі – жердің қазба байлығын менгеріп алған, тындығи өркен, өлкемізді малға толтыраған ел екені айтылды. Бұл сөзге өлеңнен мына үзінді мысалға келтірілді:

Бұрын патша отары,
Бұрын байдың отаны,
Жері қуан,
Елі құл
Бүгін еркін жері-нұр,
Нұрландаған – Октябрь!
Қазақстан елі-бұл!

Будан әрі осы түсінік сөздің дәлелдемесі ретінде фильмоскоп арқылы "Қазақстан" атты диафильм көрсетілді. Диафильм кадрларынан көшпелі болып күн өткерген қазақ елі, ескі ауылдың көнілсіз сиқы, өңсіз, ғарасынан далағасының көрінісі, ағаш, соқамен жер жыртып жүрген қазақ кедейінің аянышты бейнелері көрінеді. Қазіргі республикамыздың сәулетті астанасы Алматының осыдан I ғасыр бұрынғы – бұрынғы Верныйдың - көрінісі, шетелдік капиталистерге жалданып, Қарағандының көмірін қазып, тірідей көрге түскен қазақ жұмысшыларының азапты еңбекінің бейнелері экраннан көрініп тұрды. Эр суретке түсінік беріліп тұрды. Диафильмнің екінші бөлімінен бүгінгі жайнаған, шадыман тұрмысты қазақ елінің байлығы: Арқаның аттын дәні, Сырдың күріші, Оңтүстікте ақ алтынының, тың өлкесіне орнаған жаңа совхоздардың және көмірлі Қарағандының қайнаған қызу еңбек қарқыны, жайнаған жас қалаларының, ондағы өркендереген өндіріс орындарының бейнелері көрінді, әр кадрға түсінік берілді. 50 жылдағы жетістіктеріміз туралы осындай жалпы түсінік берілді. Картадан әлгінде көріп өткен өндірісті қалалар Қазақстан картасынан көрсетілді. Бұл қалалардың біразын окушылар көрсетіп, өзгесін өзім - Қарағандының, Алматының, Петропавлдың, Семейдің т.б. қалалардың орнын көрсеттім. Осыдан әрі диафильм жалғасы іспеттес эпидиаскоп арқылы қазақ халқының мақтаныш тұтатын ардагер ұл-қыздарының суреті көрсетілді. Олар: Өлеңнің авторы I.Жансүгіровтың, Қ.Сәтбаевтың, М.Әуезовтың, С.Сейфуллинің, К.Байсеитованың, М.Төлебаевтың, М.Маметованың, Ә.Молдағұлованың, Т.Тоқтаровтың суреттері экранға көрсетілгенде, окушылар бұл адамдардың кім екенін, Қазақстанның мәдениеті мен өнер

саласындағы ел қорғаудағы еңбектерін өздері айтып, суреттерге өздөр түсінік берді. Қорытынды сөзде осындағы өмірге жеткізген Октябрь революциясы, оның үйімдастырушысы ұлы Ленин екені айтылды. Өлеңнің сұрау-жаяуп әдісімен жазылғандығы айтылды. Бұдан кейін өлең мәнерлелеп түгел оқылды да, екінші кезекте сұрау-жаяуп түрінде екеуелеп оқылды. Түсініксіз - "дур, ұжмак, өгей ұлы, отар" деген сөздерге түсінік берілді. Бұдан соң оқушылар мынадай қорытынды сұрақтарға жауп берді.

1. Қазақстанның Октябрь революциясынан бұрынғы жайы қандай еді? – бұрын патша отары, - Бұрын байдың отаны дегенді қалай түсінесін?

2. Революциядан кейін қазақ елінің өмірінде қандай өзгеріс болды?

Бүгін еркін жері-нұр,

Нұрландаған – Октябрь!

Қазақстан елі-бұл! – дегенді түсіндір.

3. Қазақ халқын осындағы сәулетті өмірге жеткізген қандай партия, ол партияның үйімдастырушысы кім еді? Енді алдымызда қандай үлкен мереке тұр?

4. Өлең қандай әдіспен жазылған? Окушылар бұл сұрауларға қазақ елінің революциядан бұрынғы тұрмыс-халі. Октябрь танының әкелген жаналықтары мен жетістіктері туралы 50 жылдың жемістері туралы, бұл өмірге жеткізген Компартия, оның үйімдастырушысы – ұлы көсеміміз В.И.Ленин, біз – 1970 жылы В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуың, қазақстанның 50 жылдық мерекесін тойлаймыз деп жауп берді.

Өлеңнің сұрау-жаяуп әдісімен жазылғанын айтып берді. Сабактың соңында жауп берген оқушыларға баға қойылып, үйде елеңді жаттап алып, мәнерлелеп айтуға дайындалу тапсырылды. Осы сабак арқылы, біріншіден, I.Жансүгіровтың "Қазақстан" атты өлеңнің мазмұны мен идеялық ойын білсе, екіншіден, Қазақстанның кешегі өмірі мен бүгінгі өмірінің көрінісіндегі айырмашылық нақтылы диафильм кадрлары арқылы көрді. Өлеңде айтылған ойларды диафильм кадрлары дәлелдеді. Үшіншіден, Қазақстанның өндірісті қалаларының картадағы орнын білді.

Сонда осы сабактан Қазақстан республикасы туралы оқушы жан-жақты білім алып, тиянақты ой қорытады.

МЕКТЕП РЕФОРМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА САЙ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБІЕТІ САБАҚТАРЫНЫҢ САПАСЫН АРТТАРУ ЖОЛДАРЫ.

Жастарға білім берудің, оларға саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесін берудің бүкіл ісін жақсартудың міндеттерін КПСС-тің Орталық Комитетінің 1984 жылғы апрель Пленумында қабылданған "Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында" айқындалған берді.

Оқушылардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымды

қалыптастыруда саяси қоғамдық және гуманитарлық пәндердің маңызы ерекше екендігі мектеп реформасында атап көрсетілген.

Оқушыларға ана тілі мен әдебиетінен білім беру мен тәрбиелеу міндеттері тек оқыту процесімен іске асатын болғандықтан, оқыту жүйесін жетілдіру, білім беру амал-тәсілдерін тиімді үйімдастыруға ерекше назар аударылып отыр.

Сондықтан бұл пәнді оқытуда оптимальдандыру принциптерін әр сабағымызға батыл енгізу деміз.

Оқу процесін үйлесімді құрудың (оптимизация) теориясы мен әдісі сабак құрылышының көптеген мүмкін вариантарынан, сол сияқты сабак мазмұнының, формасының, оқытудың әдістері мен құралдарының сан түрлі вариантарынан ең тиімдің, оқыту міндетін шешетін тәте жолын белгілі бір уақытта оқушы мен мұғалімнің аз күш жұмсағ, ең жоғарғы нәтижеге жететін вариантын таңдал алу екендігі жүртқа мәлім. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда екі мақсат көзделеді: бірі – оқушыға ана тілі және әдебиеті туралы ғылымды түсіндіру, соларқылы тәрбиелеу, екінші – бүлгілі қоғамдағы қажетті өтейтіндей мәдениетті сөйлеуге, жазуға үйрету.

Тіл туралы ғылымды үйретпей, қажетті дағдыны қалыптастырмай, сейлеу мәдениетіне жету мүмкін емес. Сондықтан әр тақырыпты өтудегі мақсат не, оқушы нені білуге тиіс, әр тақырыптың өзекті мәселесі не, қосымша материал ретінде не қалуға тиіс, сейлеу, жазу дағдысын қалыптастырап тұсы қандай болмақ деген мәселені айқындал, жүйелеп алып сабактың метод-әдіс түрлерін, құралдарын белгілейміз. Мұғалімнің сабак өткізудеғі мақсат-міндеті осында болса, оқушының міндеті де өзіне айқын болуға тиіс.

Оқушыны оқулықтағы ережелерді, немесе мұғалімнің түсінік сөзін жаттап алып, қайта айтып беруге міндеттемей, әр сабакта мұғалім басшылығымен ойланған еңбек етуге, бұрыннан білетін біліміне сүйеніп, немесе сол сәттегі фактілер мен құбылыстарды салыстыра отырып, өзі қорытынды шығаруға дағыландыру керек.

Сабактың әр кезеңінде оқыту, тәрбиелеу, үйрету, ой-әрісін дамыту сияқты міндеттерді қатар шешу сабакты оптимальдандыру-дың қажетті бір міндеттері. Тілдік фактілерді игерту арқылы ана тіліміздің түрлі ерекшеліктерін танып, жан-жақты сөйлем үйрену амалдарына жаттығады. Ана тіліміздің көркемдігі, өткілігі, дәлдігі, өдемілігі, ойды көн, дәл жеткізе білудегі оралымдылығын үйретеді.

Енді сондай бір сабағымызды қалай үйімдастырығанымызды мысалға келтірейік: 5-класта “Лексика” тарауына 10 сағат берілсе, соның 2 сағаты “Тұрақты сөз тіркестері” тақырыбына бөлінді. Осы тақырыпты өтудемұғалім алдында 2 міндет түрді. Бірінші – программалық талап бойынша тұрақты тіркес, оның өзіндік ерекшелігі, еркін сөз тіркесінен айырмашылығы, ойды бейнелеп жеткізудеғі қызметті туралы білдіріп, оқулықта берілген жаттығу-

ларды орында және әдеби текстерден тұрақты сөз тіркестерін тапқызыу арқылы алған білімдерін бекіту; екіншісі – бұл мақсатқа жету үшін сабакты қандай формада үйімдастыру. Қолданған әдіс – тәсілдердің бір-бірімен байланысып, тұтас комплекс құрауын, қандай оқушылармен жеке жұмыс жүргізу керек, оқушылар ынтасына, ойна қандай жұмыспен түрімен қозғау салуға болады, оқушы қабілетін қандай жұмыспен үштауға болады деген мәселелерді қарастырып болған соң, сабакты қалай бастау мәселесі тұрды. Өйткені сабактың алғашқы кезеңі бүкіл сабак процесінің тиімді өтуіне негіз болады. Сондықтан өздеріне 4-кластан таныс “Ерікті сөз тіркесі” деп нені айтамыз? – деген дағдылы сұрақтан бастамай, сабактың мақсатын хабарлап болған соң, ілінген 2 суреттегі еңбектің түрін, жыл мезілдерін анықтатып, (бірі қүзгі бақта өнімін жинауға, екіншісі астық ору науқанына байланысты) 1-қатарда отырған оқушылар өздеріне тиісті сурет бойынша “епін ору”, “женіл шығу”, “Күрмет көрсету”, “алтын астық”, “бітік егін”, “алтын құз”; 2-қатар “піскен жеміс, қызыл алма”, “жігерлі жастар”, “молөнім”, “орындалған жоспар” деген еркін сөз тіркестерін сұйлап, екі бөлек етіп тақтаға жазады. Жазылған еркін тіркестегі сөздердің орнын ауыстырып, басқа сөздермен ауызша алмастырып, еркін сөз тіркесіндегі сөздердің орнын ауыстыруға болатынын оқушылардың өздеріне сұрақ-жауап әдісі арқылы дәлелдетіп, сабактың келесі кезеңіне ауысып, тақтаға:

1-суретке байланысты:

“ауызға ілінген”,
“тәбесі қекке жету”,
“мұртын балта кеспейді”,
“қуаныш қойнына сыймау”,
“жүзі жайнап салу”.

2-суретке байланысты:

“тонның ішкі бауындар”,
“жүзіктің көзінен өткен”,
“көзді ашып жұмғанша”,
“аузынан тастамайды”,
“арқасын кеңге салмай”

деген тұрақты сөз тіркестері жазылған 2 таблица ілінді.

Проблемалық ситуация арқылы әрбір тұрақты тіркестің мағнасын ажыратып, ерекшеліктеріне көздерін жеткізіп, оқушылар кей тіркестің мағынасын білмеген жағдайда өзім түсіндіріп, тұрақты тіркес болу себебін тіркестегі сөздердің ауыспалы мағынада қолданылатын тұрақты тіркестегі сөздердің ауыстыруға болмайтындығын түсіндірдім. Одан әрі алғашқы 2 суретке тақырып тауып, алғашқы өздері ойлаған ерікті тіркестер мен берілген тұрақты тіркестерді қатыстыра отырып, шағын әңгіме құрастыру әр қатарға тапсырылды. Әр қатардың бір-бір өкілі

шығып, шағын әңгіме құрастырды. Эр қатардың өкілі мұдіріп қалған жағдайда, сол қатардағы басқа оқушылар көмекке келіп отырды.

Сонда құрастырған әңгіменің біріне “Алтын орақ” деп тақырып қойылды. Мынадай мазмұнда болып шықты: “Күз келді. Егіс даласындағы бітік егін сапсары алтындей көз тартады. Егін ору басталды. Піскен егістікте комбайндар жайындаі жүзіп жүр. Атағы ауызға ілінген Геннадий Кондрашов ағай да осылардың арасында. Биылғы ауа райының қызындығын женіп шығып, аудан бойынша алдына жан салмады. Осындаі табысы үшін СССР космонавтарынан құттықтау телеграмма алғанда, қуанышы қойына сыймай, төбесі қекке жетті. Озат комбайнщины құттықтауға ауылдастары келіп, жаңа астықтың ұнынан пісрілген нан ментүзды ұсынды, мойнына женімпаздар ләнтасын тақты. Сонда Геннадий ағайдың жүзі жайнап салды. Алтын астығын дер кезінде жинап алған диқанның мұртын балта кеспейді”.

Сонда өздеріңіз аңғарып отырғандай, маңағы еркін және тұрақты тіркестер де сөйлем мағынасына лайық өз орындарын тапты.

Екінші қатардың оқушылары осы ретпен “Жастар көмегі” деген тақырыпта әңгіме құрады. Құрастырылған әңгіме магнитофонға жазылды. Сөйтіп, оқушылар тұрақты тіркестердің өзіндік ерекшелігін еркін тіркеспен салыстыра отырып, айырықша белгісін түсінді, өздері практикада қолданды. Тұрақты тіркес туралы түсініктерін айтты. Эр тақырыпқа сай тіл дамыту жұмысымен қатар күзі еңбектің түрлөрін біліп, партияның азық-тұлік программасын іс-жүзіне асыруға белсөнне араласып жүрген ауылдағы озат комбайншының еңбек табысына сүйсіну сол арқылы еңбектің сүюге тәрбиелеумен астасып жатыр.

Ауылдастымыз Геннадий Кондрашов осынша құрметке қалай жетті? – деген сұраққа “Аянбай еткен еңбегі үшін” деген қысқа жауап алдық. Мәселе еңбектің құдіретті қүшіне келіп тірелгендейді “Еңбек туралы кім қандай мақал-мәтеддерді біледі?” – деген сұрақ қойылды. Сонда әдебиеттен өздері еткен “Мақал-мәтеддер” тақырыбынан есте қалған, нәмесе өздері бұрыннан білетін “Еңбек қылсаң емерсің”, “Еңбегі аздың - өнбегі аз”, “Ексең егін – ішерсің тегін”, “Еңбек ер атандырады”, “Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абырай кешкізер”, “Өмір үйретер, еңбек сыйлы етер” деген т.б. мақалдар айтылды, мәні түсіндірілді. Мақал-мәтеддер минутын осындаі мазмұнда өткіздік.

Жұмыстың осы түріне байланыстыра еңбек туралы поэзия минуты өткізілді. Оқушылар өздері білетін поэзиялық шығармаларды жатқа айтты. бір оқушы Ә.Тұрманжановтың “Еңбеккер мән еріншек” өлеңін

Еріншек ерініп жатты,
Күн көзінде керіліп жатты.
Еңбеккер еңбегін істеді,
Дем алып, құлшесін тістеді,

- деп айтса, басқалары да егінші, еңбеккер туралы білетін өлеңдерін ортаға салды.

Одан әрі бірінші топтағы оқушылар оқулықтан 77-жаттығуды ауызша орындал, тұрақты тіркестің мағынасын тақтага жазса, екінші топтағы оқушылар 78-жаттығуды (курделірек) сөз тіркестері бойынша сөйлем ойлап жазды, сөз тіркестерінің сөйлемде қандай мүше болып тұрғанын анықтады. Осы орындаған жаттығулар оқушылар қабілеттіне лайықталып, топтық сипатта орындалғанмен, әр топ орындал болған соң, әр жұмыстың нәтижесін жалпықластық формада тыңдаттық.

Бірінші топ тақтага жазған 10 тұрақты тіркестің мазмұнын соңғы шыққан оқушы түгел оқып түсіндірді. Екінші топтың ойлап жазған әр сөйлемін сөйлем мүшесіне талдауға класс оқушылары түгел қатысты.

Жекелеп және топтық сипатта орындаған танымдық тапсырмалардың нәтижесін тыңдау арқылы екі топтың творчестволық еңбегін ортақтастыру арқылы берілген білімді тереңірек игеруге мүмкіндік болды деп ойлаймыз. Сабактың пысықтау кезеңінде манадан жүргізілген жаттығу жұмыстарын салыстырып, ойланып қорытынды шығартып, мына сұрақтарға жауап алынды:

1. Тұрақты сөз тіркесі деп қандай тіркес айтылады?
2. Тұрақты тіркестің ерікті сөз тіркесінен қандай айырмашылығы бар?
3. Тұрақты тіркес сөйлем мүшесінің қызметін қалай атқарады?

Сабактың басынан жүргізілген жаттығу жұмыстарының түрлері окушы ойына қозғау салып, өздеріне қорытынды шығаруға мүмкіндік жасады. Салыстыру, іздену, дәлелдеу сияқты зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалды, әрі жаттығулардың мазмұны арқылы көсіптік мамандыққа, еңбекке тәрбиелу қатар жүргізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабактарында өздері оқыған көркем шығармада кездескен немесе жұрт аузынан естіген мақал-мәтелдер-ді "Нақылсөз – ақыл сөз" деп атаған дәптерлеріне жинап жазып отырады. Оларды: "Адамгершілік – асыл қасиет", "Адал еңбек – сарқылмас байлық", "Отан – оттан да ыстық", "Ерлік білекте емес, жүректе", "Махаббат-өшпес от", "Татулықтабыс мол" деген сияқты бірнеше тақырыпқа бөліп, жүйе-жүйе етіп жазады. Жоғарыда баяндалған мақал-мәтел минутында айтылғандардың бұрын жазылмағандары осы дәптерге жазылды.

Мұндан жұмыс халық тілін терең түсінуге, үлптық тәрбиенің жақсы қасиеттерін жас буынның бойына сіңірге септігін тигізері сезсіз. "...улптық мәдениет пен дәстүрлердің ерекшеліктері ескерілсін", - деген тұжырымды ой мектеп реформасының негізгі бағыттарында да көрініс берген (Мектеп реформасының негізгі бағыттарының 5 тарауы 25-і пунктінен).

Сол сияқты, қазақ әдебиеті сабактарында өтіліп отырған материалды программа талабы негізінде жеткізіп, білдірумен қатар оқушы сол тақырыптың ең басты, түйінді мәселеін игерді ме, сол тақырыптың

тәрбиелік жағы қандай әсер қалдырыды, сол материалға оқушы көзқарасы қандай болды деген сиңемі мазалайды. Сондықтан жазушы творчествосын өтіп, шығармаларын талдап болған соң, қорытынды сабакта, не соған байланысты жазылған шығарма жұмысында осы мәселелер оқушы ойында қандай із қалдыранын білуді мақсат етемін.

М: 9-класта қазақтың тұңғыш ғалымы, демократ-агартушы Шоқан Уәлиханов творчествосын ету кезінде оның өмірі мен саяхаттарын, еңбекін білдірумен қатар “Шоқан халқымыздың әдебиет тарихына қандай үлес қости?”, “Қырғыз халқының атақты “Манас” эпосының зерттелу тарихы неге Шоқаннан басталады?”, “Шоқанның география, тарих, әтнография, геология, ориентология-ғақсқан үлесі қандай?”, “Негіктен Шоқанды “Европаға ашқан терезе” деп атайды?”, “Орыс жазушысы Ф.М.Достоевскийдің “Сізге ғашықтың” деген сөзінің мәнін қалай түсінесін?”, “Шоқанның өмірі мен еңбек жолынан қандай өнеге алуға болады?” деген сұрақтарға жауап алу арқылы ұлы ғалымның өмірі мен еңбекінің мәні неде деген мәселені айқындаймыз. Осындағы сұрақтар арқылы жалпы мәселеден негізгі, түйінді мәселені бөліп алуға дағдыланады. Окушыларға білімін жүйелеп, қорытынды шығарады.

Сабакта алған білімді кластан тыс жұмыстармен ұштастырып жүргізуіді көптөн әдетке айналдырық. Осы жылы қазақ халқының мақтанышы Ш.Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты “Қазақ халқының ардақты ұлы” деген тақырыпта конференция өткізілді. Конференцияда Ш.Уәлихановтың өмір жолы, еңбегі туралы айтыла келіп, ұлы ғалымның көркем әдебиеттегі бейнесін жасаған С.Мұқановтың “Аққан жұлдыз” романы “Шоқан Уәлиханов” пьесасы, С.Бегалиннің “Шоқан асулары” повестерін сез етіп, Қазақфильм жасаған “Оның уақыты келеді” фильмінен фрагмент көрсетілді.

Мұндай қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты кластан тыс жұмыстар, конференциялар, кітап оқушылар конференциясы, әдеби кештер, ауызша журналдар, лекция, диспуттар үнәмі өткізіліп түрады. Осы оку жылында қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаушылар С.Сейфуллин мен Б.Майлиниң туғанына 90 жыл толуына арналған конференциялар, І.Есенберлиннің және Абдолла Жұмагалиевтің туғанына 70 жыл толуына байланысты лекция, әдеби кештер өткізілді.

Мектептегі пән сабактарының сапалы етуіне пәндікәдіс бірлестігінің типізәр ықпалы аз емес. Әдіс бірлестігі жасалған жоспар бойынша жұмыс істейді. Жұмыс жоспарында ашық сабактар, методикалық тақырыптардағы баяндамалар, кластан тыс жұмыс түрлері көрсетіледі. Жоспар бойынша 10-а, 9-а, 7-а, 6-а, 5-а кластарында тіл мен әдебиеттен ашық сабактар өткізіліп, “Әдебиет сабактарында көркем текспен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен тәсілдері” (пән мұғалімі Тасыбаева З.Т.), “Қазақ тілі мен әдебиеті сабактарын оптимизация принциптері негізінде үйымдастыру жолдары” (пән мұғалімі Базарбаева Қ.Б.) деген тақырыпта іс-тәжірибе негізінде жасалған баяндамаларды тыңдалап, талқылады.

Мектеп реформасында атап көрсетілгендей “Мектептегі басты тұлға – мұғалім”.

Мұғалімнің білімі, іске жауапкершілікпен қарауы, мамандық шеберлігін арттыруы, жалпы білімінің тереңдігі оқушыға берер тәлімінің негізі болмақ. Осы түрғыдан қараганда облысымында жақсы нәтижеге жетің, абырой биігіне көтеріліп жүрген қазақ тілі мен әдебиетінің біраң мұғалімдері баршылық.

Өкінішке орай халықтың асыл қазынасын жете игермей, ана тілінің ғылыми негізін білмей, қазақ тілі мен әдебиетінен сабак беріп жүргең математик мұғалімді де, географ мұғалімді де, шетел тілі мұғалімің де, тарих мұғалімін де облыстың біраң мектептерінен кездестіруге болады. М: Сергеев ауданындағы Жалтыр, Социал, Жаңа жол

Ал орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабактарын жүргізетін біраң мұғалімнің арнаулы білімі жоқ. “Сонда ана тілі сабактары ақшатабудың көзі болып отыр ма?” - деген жайсыз сұрақ көнілде тұрады.

Бұндай жай-халық байлығы тілге жасап отырған қиянат, ана тілінің беделін түсіру. Мектептердегі мұндаидай жағдай қазақ тілі мұғалімдерінің жетіспеуінен туып отыр. Сондықтан кадр мәселеесінә жауапкершілікпен қарал, оларға қамқорлық жасау мектеп және шаруашылық басшыларының есінен шықпағаны жөн.

Коммунистік партия мен совет үкіметінің мәктеп пән мұғалімге жасап отырған қамқорлығына әр мұғалім жас өспірімге білім мен тәрбие берудегі табыстарымен жауп беруге міндетті.

ЗНАТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

В конце февраля у нас в районе впервые проходила олимпиада по казахскому языку и литературе. Состязание проходило в три тура: I – сочинение, II – выразительное чтение прозы и стихотворения, III - исполнение кюйев, песен казахских композиторов, состязание в айтые.

Лучше других исполнили айтые ученики Социальской восьми-летней школы А.Жанибеков и А.Аниев, хорошо выступили А.Кожантаева, Т.Гаккуова, А.Абилькаирова, Д.Абилева и другие ребята из Ленинской СШ. В исполнении песен казахских композиторов отличились А.Кожантаева, девятиклассницы из Ступинской средней школы Г.Айтхожина и Қ.Байылова, ученик 8 класса Социальской восьмилетней школы А.Жанибеков. Прозвучали песни Абая, Акан Серы, кюй Курмангазы, Жубанова и других композиторов.

По итогам трех туров первое место заняла команда Ленинской СШ, среди восьмилетних школ – команда Социальной школы. Участниками областной олимпиады станут победители и призеры А.Кожантаева (Ленинская СШ), А.Жанибеков, А.Аниев (Социальная ВШ), Р.Сандыбаева (Жанажольская СШ).

Жизнь подтверждает актуальность постановления ЦК Компартии

Казахстана и Совета Министров Казахской ССР "Об улучшении изучения казахского языка в республике". Во многих школах уже работают кружки по изучению казахского языка, оборудованы специальные кабинеты. Однако не все еще обстоит благополучно. Во-первых, ощущается острая нехватка кадров, нет достаточного количества учебников и учебных пособий, что в конечном итоге оказывается на качество знаний учащихся. Думается, именно по этой причине не приняли участия в районной олимпиаде представители Балуанской, Жалтырской, Аксуской, Бирликской восьмилетних школ. Надеемся все же, что в будущем ленинский принцип двуязычия станет нормой жизни каждого, и в олимпиадах по казахскому языку будут принимать активное участие и представители тех школ, где обучение ведется на русском языке.

Қагида Базарбаева

"Новатор" 31 марта 1988 г.

ХХҮІІ ҚАСАДАЛЫҚ ОБЛАСТНОЙ ПАРТИЙНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ приветствие

Сердечно приветствую делегатов ХХҮІІ областной партийной конференции, желаю плодотворной работы, крепкого здоровья и новых трудовых успехов на благо нашей великой Родины.

Горячо благодарю Коммунистическую партию и Советское правительство за постоянную заботу о нас, учителях, высокую оценку нашего труда. В ответ на это буду трудиться еще лучше.

Педагогический коллектив Ленинской средней школы, где я работаю, прилагает все усилия к тому, чтобы успешно справиться с поставленными задачами в завершающем году одиннадцатой пятилетки.

Выполняя Основные направления реформы общеобразовательной школы, особое внимание уделяю в своей работе повышению качества учебно-воспитательного процесса, приобщению учащихся к труду и активной общественной работе.

Заверяю партийную конференцию, что буду и впредь все силы, знания, опыт направлять на дальнейшее улучшение качества обучения и воспитания молодого поколения.

Қагида Базарбаева,

Заслуженная учительница

Казахской ССР

г.Петропавловск, декабрь 1985 г.

"ҚАЗАҚ ТІЛ МЕН ӘДЕБІЕТІНЕ БАЙЛАНЫС- ТЫ КЛАСТАН ТЫС ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР" ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТАҒЫ БАЯНДАМА

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХҮ съезі жалпы білім берудің бүкіл жүйесін ғылым мән техниканың қазіргі өскелен талаптарына сай-

күру, коммунистік тәрбиені комплексті жүргізу міндеттерін алға қойып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру жолында қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты кластан тыс жүргізілтін жұмыстардың алар орны ерекше. Әдебиетті жана программа талаптарына сәйкес оқыту, кластан тыс жұмыстарды сабакта өтілгене өтілгелі отырған материалдарға тікелей немесе жанама болса да байланысы бар тақырыптар бойынша жүргізгендеге ғана нәтижелі болмақ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстар оқушылардың ойын кеңейтіп, сөйлеу тілін дамытады, эстетикалық талғамы мен творчестволық жұмысқа қабілеттін жөтілдіре түседі.

Мұғалімнің шәкірттермен тығыз байланыс жасаудына, олардың тілегін, талабын, бейімділігін, икемдігін айқындаі, соған сай кеңес беріп, дұрыс бағыт сілтеуіне мүмкіндік туғызды. Мектебімізде кластан тыс қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты өткізіліп жүрген мынадай жұмыстүрлөрі бар: кітап оқушылар конференциясы, әдебиет үйірмесі, қазақ тілі үйірмесі, әдебиет кеші, әдебиеттік викторина, әдебиет көрмесі, кластан тыс оқуға басшылық. Кітап оқушылар конференциясы – кластан тыс жұмыстардың жиғі қолданылатын түрі. Бұл жұмыстың үйімдастыруда программалық материалға байланыстылығы ескерілді. Сонымен қатар, кітап оқушылар конференциясының бірнеше түрін қолданып жүрміз.

Мысалға, ақын-жазушының творчествосын өтіп болған соң шолу, жинақтау тұрғысында конференция өткізуге болады. Бұған мысал ретінде өткен оқу жылдарында өткізілген “Абай творчествосындағы искусствовың орны” деген тақырыптағы конференцияны атауға болады.

Екінші бір конференцияны тарихи-әдебиеттік тақырып бойынша үйімдастырық. Мысалы, Ұлы Октябрь революциясының 60 жылдық торқалы тойына дайындалу кезінде “Ұлы Отан соғысы дәүіріндегі көркем әдебиеттегі коммунистер бейнесі” деген тақырыптағы конференция. Бұл конференцияда бір шығарма ғана сөз етілмей, бір дәүірдің, бір кезеңнің шығармалары сөз болары белгілі.

Біздің мектебімізде үйімдастырылып жүрген үшінші бір конференциялар жекелеген шығармаларды талдауға арналған.

Мысалы: Э.Нурпейісовтың “Қан мен тер” трилогиясын талдауға арналған конференция. Сол сияқты, біз өткізіп жүрген конференцияның келесі түрі-жазушының бүкіл творчестволық жолын таныстыруға арналған конференциялар. Бұл әдette жазушының юбелейлік мүшеліне байланысты болады. Мұндай конференциялар жиғі өткізіледі. Мектебімізде соңғы оқу жылдарында өткен осы сияқты бірнеше конференцияны атауға болады.

Олар: “Социалистік Еңбек Ері Габит Мұсірепов 75-те”, “Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл”, “Жамбыл – жыр алдыбы” (Ақынның 125 жылдығы кезінде). Сол сияқты, осы оқу жылында аты әлемге әйлілі данышпан жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 80 жасқа толуына арналған конференция өткізілді. (Конференцияның үйімдастырған мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Құсайынова Құлизат). Бұл конференция мазмұндылығымен,

көрнекілігімен оқушылардың есінде қалары сәзсіз.

Жазушының өмірі мен творчестволық жолын шолып, талдауға арналған "Заманымыздың ұлы жазушысы", "Әуезовтың ғылыми еңбектері", "Әуезов жайлы зерттеулер, естеліктер" деген тақырыптағы баяндамалар, әдеби викторина, кітап көрмесі үйымдастырылды. Конференцияда жазушының қолдан салынған суреті, француз сыншысы Бержеронның, орыс жазушысы Корнейчуктың Әуезов туралы лебіздері, "Әуезов әлемді шарлап қетті" атты әдеби қарталар орынды қолданылды. Бұл конференция 9-10 класс оқушыларымен өткізілді. Конференцияны дайындауға да осы класс оқушылары белсендегі қатынасты. Бұл үлкен мерекелік датаны атап өтуде, тек конференциямен шектелмей, осы тақырыпқа (осы күнге) арналған "Жас қалам" атты (әдебиет үйірмесінің органы) газеттің арнаулы нөмері шығарылды. М.О.Әуезов шығармаларынан әдебиеттік көрме үйымдастырылды. Оған М.Әуезовтың мектебімізде бар шығармалары, М.О.Әуезов творчествосын зерттеуге арналған кітаптар мен жазушының әр кезеңдері суреттері, жазушы творчествосы туралы лебіздер жазылып қойылды.

Кеменгер жазушы туралы жұмыс тек мектеп оқушыларымен ғана емес совхоз әнбеккерлерімен де жүргізілді. Бұған "Халқымыздың мақтанышы" деген тақырыпта оқылған лекцияны мысалға келтіруге болады. (Лекцияны дайындалап, оқыған Қ.Базарбаева).

Сол сияқты, қазақ әдебиетінің көрнекіті өкілдерінің бірі Фабиден Мұстафиннің 75 жасқа толуына арналған кітап оқушылар конференциясы да (конференцияны дайындаған мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Тасыбаева Зиягул) мазмұнды, әсерлі өтті. Конференция мына жүйеде өтті:

1. Жазушының өмір жолын шолуға арналған баяндама. (Баяндамашы оқушы Әbdірахманова З.).

2. Жазушының алғашқы шығармалары мен романдары. (Баяндамашы Сәдуақасов Ә.).

3. Драмалық шығармалары мен жазушының тіл шеберлігі. (Баяндамашы Әбуова Қ.).

4. Бұдан соң "Шығанақ" пьесасынан фрагмент қойылды. (Пьеса фрагментіне қатысқандар 8 клокушылары).

5. Сонында жазушы өміріне арналған әдеби викторина ойыны болды. Конференцияның көрнекілігі де сәтті жабдықталған.

Осы сияқты конференцияларды дайындағанда мұғалім конференция тақырыбы уақыт талабына сай болуын, білімдік, тәрбиелік әсерің маңызын ескеріп отырады. Мұндай конференциялар шәкірттерге моральдық жоғарғы тәрбие беруге, шығарманың образдары мен проблемаларын жете ойластыра, тереңдете, іздене оқуға, өзбеттерінше жұмыс істей білуге, тезис, реферат, баяндама жазуға, өзінің көзқарасын дәлелдеуге үйретері сәзсіз.

Конференциялар дайындауда қазақ тілі мен әдебиет секциясының

мұғалімдері алдымен секция мәжілісінде ақылдастып алып, конференция өткізудің жоспарын жасайды. Одан әрі сол жоспар бойынша материал жинал, таңдаған тақырыпты шағын тақырыпшарларға бөліп, оқушыларға тапсырыстар, нұсқаулар береді.

Алайда, мұғалімнің нұсқауы міндетті тапсырмада айналмай, оқушының ынта-талабын арттырып, зерттеулерінен туған ойларын еркіті баяндай алатын бағыт-бағдар беріледі. Жұмыс осылай үйімдастырылса ғана оқушылар көркем шығарманы бара-бара өз беттерінше талдай білу дағдысын меңгереді. Оқушылар баяндама-ларға дайындық барысында шығарма мазмұнындағы эпизодтарды, жазушы өмірінің әр кезеңін қамтитын иллюстрациялық материалдар да жинастырады. Осындағы жиналған иллюстрациялық материалдардан түрлі тақырыпта эпифильмдер жасадық. Бұл эпифильмдер қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінде жинақталады. Сонда мұндағы конференциялардың оқушыға білімдік, тәрбиелік қана маңызы емес, қазақ тілі кабинеті көрнекілікпен молықтыруға пайдасы тиеді. Әдеби конференцияны өткізуде оқушылардың жасын, оқытын класын, білім көлемін ескереміз.

Барынша жан-жақты ойластырып өткізген конференциялар оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын арттыра бермек. Олар әрбір кейінгі өткізілмек конференцияға жаңа жігер, жаңа талап-талғам, ынта-дайындықпен баруға сабактан тыс уақыттарын мұқият арнайтын болады.

Мектебімізде әдебиеттік викториналар, қоңілді тапқыштар клубы (КТК) әдеби монтаж, инсценировкалар өткізіледі. Мектебімізде жүйелі түрде, үздіксіз жұмыс істейтін әдебиет үйірмесі мен қазақ тілі үйірмесі бар. Үйірменің мектеп директоры бекіткен арнаулы жоспары, үйірме советі, үйірме советінің председателі бар. Әдебиет үйірмесінде ақын-жазушының шығармасы оқып талданады, кейде жас талапкерлердің творчествосы талданады. Оқушыларға жаңа жарық көрген ақын-жазушының шығармасын мән таныстыру үшін үйірме жоспарына сол шығармалар жазылып, үйірме жұмысында талданады. Мысалы: Әткен оқу жылында үйірме жұмысында F.Мұсіреповтың “Ұлпан” повесі, Д.Әбіловтің “Баянауыл баурайында” шығармаларымен қатар жерлес-жазушы, Қазақ ССР-ына енбегі сіңген мұғалім С.Сауытбековтың “Аютас” атты жинағы талданды. Үйірме жұмысында жас талапкерлердің әр түрлі тақырыпта жазылған тырнақалды туындылары да талқыланды. Әдебиет үйірмесінің мүшелері сабакты жақсы үлгіретін болуы шарт емес. Әдебиетке ынтасы бар орташа оқытын оқушыларды да тартамыз.

Корытындылай айтқанда, әдебиет үйірмесі оқушылардың дүние таным шенберін кеңейте түседі, логикалық ойы мөн ойлай, байсалды жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге, көркем сөзге құштарлық, сүйіспеншілік сезімдерді қалыптастырады. Үйірме айына екі рет жұмыс істейді. Ал үйірме мүшелерінің творчествосын талдауға арналған мәжілістер екі айда бір рет болады (Үйірме жетекшісі Базарбаева Қ.Б.). Мектебімізде тіл-әдебиет апталығын өткізу де дәстүрге айналып көледі. Жұмыстың бұл түрі

оқушылардың көркем әдебиетке ынта-сүйіспеншілігін біріктіріп, шабытпен қарууландыратын кластан тыс жұмыстың бүкіл класқа ортақ түрі. Мұндай қундері мектеп клубқа айналады. Жеке класс бөлмелерінің есіктеріне қандай іс-шаралар етілтіндігін хабарлайтын көркем жазылған жарнамалар ілінеді. Мысалы, комсомол күні қарсаңында өткізілген алтальқ “Комсомолдар – жас қайраты елімнің” деген тақырыпта өтті.

Бұл алтальқ мынадай жоспармен өтті:

1. “Ленин комсомолының күрес пен еңбекке толы даңқты жолы” деген тақырыпта көрме үйимдастыру.

2. “Комсомолдың жауынгерлік жолы” (баяндама).

3. “Комсомол Ұлы Отан соғысының майдандарында” (баяндама).

4. “Әлия мен Мәншүк – өшпес даңққа бөләнген есімдер” (пионержыны).

5. “Қазақ совет әдебиетіндегі комсомол бейнесі” (әдеби конференция).

6. Даңқты еңбек озаттары-комсомолдармен қездесу.

7. “Олар бізе-улл, өнеге” деген тақырыпта (мектепті бұрын бітірушілер-қазіргі ғалымдар, еңбек ардагерлери, ерекше стипендиямен оқитын студенттер) стенді дайындау.

8. “Жас қалам” газетінің арнаулы номерін шығару.

9. “Комсомолдар – жас қайраты елімнің” деген тақырыпта альманахтың кезекті номерін шығару.

Осы жұмыс түрлөрі күні бұрын дайындалып, алта бойы өткізіледі. Бұл жұмыстардың әрқайсысын әр класс коллективтері дайыннады. Сонда мектеп өмірінде әдебиет алтальғын өткізу кең көлемде жүргізілетін жұмыс түрі екені белгілі. Оны өткізуге орта буындағы (пионер) кластар мен жоғары буындағы (комсомол) кластар төсіс қатысады.

Сол сияқты, кластан тыс жүргізілетін жұмыстардың бірі – кластан тыс оқуға басшылық жасау. Әдебиет сабағының жалғасы ретінде жүргізілетін бұл жұмыстың оқушының дүние танымы мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына жасар ықпалы зор екені мәлім. Оқу жылдың басында әр класс оқушыларына кластан тыс оқылатын шығармалар тізімі ұсынылады. Бұл тізімді жасауда мектеп және совхоз кітапханасының мүмкіндіктері ескеріледі. Қазақ тілі мен әдебиет кабинетінде “Кластан тыс оку” деген стенд жасалды. Жоғарыда айттылған тізімді жазып және көркем шығарма мен жүргізілетін жұмыс түрін аннотация дәптерінің үлгісінде жазылды. Бұл сияқты жұмыстардан соң әр класс оқушыларымен “Сен қандай кітап оқыдың, ол саған қалай әсер етті?” деген тақырыпта әңгіме өткізіледі. Осы жұмыстың жалғасы ретінде “Менің сүйікті кітабым”, “Менің сүйікті жазушым” деген тақырыпта ерікті тақырыпта шығарма жазды.

Міндеттес, осы сияқты қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне байланысты кластан тыс жүргізілетін сан салалы жұмыстар оқушының туған әдебиетіне, туған тіліне деген сүйіспеншілігін оятумен бірге, оқушының коммунистік рухта тәрбиеленуіне де ықпалын тигізеді.

Қагида Базарбаева

II – БӨІЛІМ ҚАҒИДА БАЗАРБАЕВА ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

Мұғалім мерейі ТАЛАП ТҮФІРЫНДА

Жас қанат көкке самғауды қалайды. Ол осы көз жетпес биіктө өз күшін байқайды, алдағы күнге батыл сеніммен қарайды. Сол сияқты мектеп қабырғасынан қанат қағар қай жас болмасын арманмен өйткені, соның тұнық теңізінде құлаш сермейді. 1953 жылы Ленин орта мектебін тәмамдап кәмелеттік аттестат қолына тигенде Қағида арманышыл қөңілдің жебесін көтпенгі ойына-таргты. Мұғалім болу, бала оқыту оңай іс емес, үқытуру, үнемі ізденип отыру бойына асыл қасиет болып қалыптасуы қажет. Бұл мамандықта жасқаншақтық жақсылық нышан емес. Жауапкершілік сезім жүргегінде берік ұялап, болаптай бекініп, ауырлығын өз иығыңмен көтеру керек.

Міне, бұл жәйіттерді ол ертеден-ақ ойына тоқып алған-тұғын Сейтін Қағида мектепті бітірген жылды Алматы қаласына Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тіл әдебиеті факультетіне түседі. Ұстаздықтың әліппе бетін ашар, еңбек ордасына жолдама берер осы оқу орнында жүрген де мұғалім мамандығының мархабатын сезгендей болатын. Бір кезде өзіне сабак берген Шияп Садықов, Ахметжан Қалиахметов секілді ұстаздарының сөздері құлағына қайта жаңғырыға естіліп, бейнелері көз алдына оралатын.

Оқу жылдары артта қалып, енді Қағида Базарбаева өзін түлөтп үшірған сүйікті ұясы мектебіне оралды. Таныс жүзді ағалар мән апайлар жас маманды құшақтай қарсы алды. Бұл жылдары Ленин орта мектебінде институт бітірген жас кадрлар келіп жатқанды. Бері де бұрынғы түлектері, мектеп шәкірттері. Сонда осынау сәтте директор, Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалімі Шияп Садықов қалайша қуанды десеніш!

– “Ат тұяғын тай басар”, демекші біздің де құтты құрығымызды ұстаған, жолымызды қуған жастардың мұғалімдікке бел буғандары ерекше қуаныш. Енді сіздердің алдарыңыздың қындығы мен қызығы мол жұмыстар тұр. Мамандыққа деген сүйіспеншілік-теріңіз, адаптациялардың жаңа жағдайлардың мемлекеттік маңыздылығынан зерттегіңіз, – деген сонда қарт ұстаз.

Мектеп өмірінің өрнектері сан алуан. Мұнда тек өзіңе бекітілген сабактарды берумен тынып, қол күсырып отыру мұғалім мамандығына сиымсыз. Сондықтан да Қағида Базарбаева қоғамдық жұмыстарға белсендегі араласып, мектептегі пионер, комсомол үйімдарының істерін



Базарбаева Қағида - Қазақ ССР-ның еңбек сінірген мұғалімі,
Мұғалім-методист.



Есмақан және Қағида





Есмақан және Қағида сабак үстінде



Базарбаева Қағида қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған курста лекция оқып тұр



Пед. оқуларға катысушылардың бір тобы.
Екінші кatarда солдан онға қарай 6 Базарбаева Қагида.
Алматы.



I. Жансүгіровтің туғанына 90 жыл толуына арналған окушылар
конференциясы. Солдан онға қарай отырған 2 Базарбаева Қагида



Озық тәжірибе - көпке ортақ
Пед. окуға қатысушылардың бір тобы.
Бірінші қатарда солдан онға қарай 3) Базарбаева Қагида.
Алматы 1988ж.



Пед. оқуларға қатысушылардың бір тобы. Бірінші қатарда ондан
солға қарай 2) Нұрғалиев Мұрат, екінші қатарда ондан солға қарай
7) Базарбаева Қагида.
Кекшетау 1987ж



Мәскеу

Екінші қатарда соңнан оңға қарай 8 Базарбаева Қагида,
10 Қожақметов Есмақан және окушылар



Петропавлдағы қазақ орта мектебіне-50жыл.
Қожақметов Есмақан осы мектептің түлөгі. Бірінші қатарда солдан
оңға қарай 4 Қадыралин F., 5 Қожақметов Е., 6 Базарбаева Қ.



Бірінші қатарда солдан онға қарай 3 Базарбаева Қагида
4 Кекіжанова Фарида, екінші қатарда солдан онға қарай
2 Малдыбаева Элия және оқушылар



Базарбаева Қ. үйымдастырылған қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің
белсенді мүшелері.



Мәскеу

Екінші қатарда соңдан онға қарай 8 Базарбаева Қагида,
10 Қожақметов Есмақан және оқушылар



Петропавлдағы қазақ орта мектебіне-50жыл
Қожақметов Есмақан осы мектептің түлөгі. Бірінші қатарда солдан
онға қарай 4 Қадыралин F., 5 Қожақметов Е., 6 Базарбаева Қ.



Бірінші қатарда солдан онға қарай 3 Базарбаева Қағида
4 Кекіжанова Фаридә, екінші қатарда солдан онға қарай
2 Малдыбаева Элия және окушылар



Базарбаева К. үйымдастырган қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің
белсенді мүшеселері.



Аудандық Құрмет тақтасы.
Солдан онға қарай 2 Базарбаева Қ.
Сергеевка 1981 ж.



Базарбаева Қ., Жұсіев Есмағзі артқы қатарда. 1 қыркүйек 1985 жыл



М.Әuezов “Абай”
Базарбаева Қ., Зеренің рөлінде, бірінші қатарда солдан онға қарай 2.
Алматы 1953-57 ж.



F. Мұсірепов “Қозы Қорпеш - Баян сұлу” Базарбаева Мақпал рөлінде 1.



С.Мұқанов “Шоқан Уәлиханов” Базарбаева Қ., Шоканның анасы
Зейнептің рөлінде. Солдан онға қарай 3.



Қазақстан кәсіпөдақтары XIII съезі.
Бірінші катарда оннан солға қарай 1 Базарбаева Қагида.
Алматы 1987ж.



Композитор Шәміл Әбілтаевпен кездесу. Бірінші қатарда
солдан онға қарай 1 Жұматаева Еңлік 3 Базарбаева Қагида.



Қожакметов Есмақан - Қазақ
ССР халық ағарту ісінің озық
қызметкері.



Анам Құлжемилә



Жанұям: 1-зайыбым Қағида, 2-Қағиданың анасы Рақима, 3-жолдасы Есмақан
Екінші қатарда тұрған 1-Мұқтар, отырған 2-Мұрат, 3-тұрған Құрманқожа



Екінші қатарда солдан онға қарай 4 Садықов Шияп-Қазак ССР-ның
еңбек сінірген мұғалімі, 5 Қожақметов Есмақан және оқушылар.



Бірінші қатарда солдан онға қарай 4 Қонарбаев Ермек - ұстаз-жазушы
4 Қалиақметов Ахметжан 6 Қожақметов Есмақан және оқушылары



Солдан онға қарай Қожақметов Есмақан 2 Тасбұлатов А.-генерал, 3-
Тасболатовтың досы, 4-Мұқанов Қ., 5-Қадыралин F. Конференцияда...
Қызылжар.



Ондан солға қарай 3 Қожақметов Есмақан және оқушылар.



Қазақстан кәсіподақтары XII-съезі. Бірінші қатарда солдан онға қарай
2 Базарбаева Қағида. Алматы 1982 ж.



F. Мұсірепов "Амангелді" пьесасы теледидардан көрсетілді.
3 қатарда солдан онға қарай 2 Базарбаева Қ., 3 Әбілов Т.,
4 Қожақметов Есмақан және окушылары. Қызылжар



С. Мұқанов “Шоқан Уәлиханов” пьесасында Қ. Базарбаева ойнағанда шығарма авторы С. Мұқанов пен институт директоры М. Фабдуллиндер қатысып, студент жастың талабы мән таланттына тәнті болған.
Алматы 1956 ж.



Суретте: солдан онға қарай 1) Қагида Базарбаева, 2) Еслемғали Мұқанов,
3) Майра Оразакова. Алматы 1957 жыл



Суретте: Бірінші қатарда солдан онға қарай 2) Қагида Базарбаева, 3)
Қожахметов Есмақан және оқушылар



Суретте: Екінші қатарда солдан онға қарай 4) Қагида Базарбаева және
оқушылар 10 "а". 1984 жыл



Медалбай мен Элия ұстазы Қағида Базарбаеваны туған күнімен құттықтал
туған сәті түсірілген



Республикалық пед. оқуларға
қатысушылардың бір тобы.
Суретте: солдан онға қарай

- 1) Жұматаева Е.,
- 2) Базарбаева К.



Екінші қатарда солдан онға қарай 1 Куандыков Шаяхмет, 4
Қожақметов Есмақан және оқушылары.



Суретте: 1 Есмақан, 2 Шорманова Шәкен (Шәкен-тәте
Баян ауылдағы Шорман бидің немере келіп, Аспандияр
Әмір-Темір Әужанұлы Шормановтың зайдыбы) 3 Қағида.
Алматы 1973 ж.



Базарбаев Құрманқожа мен
Салтанат балалары Жәнібек,
Рұстеммен



Немерем Рұстеммен
атасы Есмақан



Балаларым Сәүле және Қанат



Немерем Шыңғыс пән атасы Есмақан
Қызылжар



Құрманқожа балалары Рұстем
мен Жәнібек,
Қанаттың балалары Мәдина,
Зауреш.



Қожақметов Есмақан-60.
Қағида, Есмақан



Қожақметов Есмақан сабак үстінде



Қагида және Есмақан

Облыстық Құрмет тақтасы



Солдан оңға қарай үшінші қатарда жоғарыда 1 Базарбаева Қагида

Тюльпаны,
Фото Г. Констанко

УВАЖАЕМАЯ КАГИДА БАЗАРБАЕВНА!

Сердечно поздравляем с
присвоением высокого и почет-
ного звания "Заслуженный учи-
тель Казахской ССР".

Желаем крепкого здо-
ровья, личного счастья и успе-
хов в обучении и воспитании
молодежи.

А. ЦЫГАНКОВ
Х. ДЖУНУСОВ

Индекс предприятия снизу места назначения



Куда Северо-казахстан
Сергейевский р-н
Ленинск председатель
Кому Базарбаевой
Кагиде Базарбаевна

Индекс предприятия связи и адрес
отправителя
642005 г. Петропавловск, 5
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛ.
ул. Ленина, 40
Областной комитет
КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ
КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН КАЗАК ССР ОКУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖУРНАЛЫ
МЕКТЕБІ ЖУРНАЛ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ССР

Алматы, Ленин проспекті, 18 33-18,
тел. 24 2-65-01, 9-89-63

1-X 1968 г.
№ 6-68

Кадрлі К. Базарбеке!

Сіздің "Әдебиеттік оку сабакында тех. куралды пайдалану
тасілі" деген макаланды алдың.
Макаланы 1969 жылдың алғашқы сандарында пайдаланамыз.

Сөлемімен /А.Өміржіленев/

ТұДСМ. Зрн. 1245-2000.

**КАЗАХСКИЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ СОВЕТ
ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ СОЮЗОВ**

1 февраля 1982 г.

№ 502

460003, г. Алма-Ата, ул. Мира, 37.

И З В Е Щ Е Н И Е

**ДЕЛЕГАТУ XII СЪЕЗДА ПРОФСОЮЗОВ
КАЗАХСТАНА**

товарищу Базарбаевой К.

Казсовпроф извещает Вас, что XII съезд профсоюзов Казахстана открывается 18 февраля 1982 года в 10.00 часов утра в Казахском Государственном ордена Ленина академическом театре оперы и балета имени Абая.

Регистрация делегатов съезда будет проводиться с 15 февраля 1982 года в здании Казсовпрофа, ул. Мира, 37, второй этаж, малый зал.

ПРЕЗИДИУМ КАЗСОВПРОФА

**Исполнительный комитет Северо-Казахстанского
областного Совета народных депутатов**

от 2 декабря 1986 года
г. Петропавловск

№ 292

О командировке тов. Базарбаевой К.Б.

Командировать учительнице казахского языка и литературы Базарбаеву К.Б. в г.Москву для участия на Всесоюзной конференции по инициативе и творчеству учителей в свете требований школьной реформы.


Срок командировки с 5 по 20 декабря 1986 года .

Основание : телеграмма Министерства просвещения Казахской ССР № 902 26 3 350

Заведующий облною

И.И.Тимошенко

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА



ПРУЖАЕТСЯ УЧИТЕЛЮ ЛЕНИНСКОЙ СШ КОЖАКМЕТОВУ Е.К.
ЗА ОФОРМИЛЕНИЕ И ОБОРУДОВАНИЕ КАБИНЕТА АНГЛИЙСКОГО
ЯЗЫКА, ЗАНЯВШЕГО 1 МЕСТО В РАЙОННОМ СМОТРЕ - КОНКУРСЕ
ПОСВЯЩЕННОМ 60-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОГО ОКТЯБРЯ

Зав. Сергеевской РСНО
Би Штуданко Х.Л. т-

Председатель райкома
средн. учителей
Гуцкова Н.Н.

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ПОЧЕТНОЙ ГРАМОТОЙ

награждается кабинет казахского языка
и литературы Ленинской средней школы,
занявший I место в районном смотре
кабинетов, посвященном 60-летию Великого
Октября!



Зав. Сергеевским
РОНО:

/Х. БАЙГУТДИНОВ/

Председатель РГБ

работников просвещения

/М. ГРИШКО/

1978 г.

Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты



Мына суретте: Екінші қатарда солдан онға қарай отырған
5 Базарбаева Қагида Қазак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне
арналған күреста лекция оқыды.

«Новатор», 1988 г.

Народным обычаям – жить

Быть ответственным не только за настоящее и будущее своего народа, но и за сохранение его прошлого, за бесценные творения предшествующих поколений – гражданская обязанность каждого человека. Именно такую задачу возложила на себя фольклорная группа из РСХО им. Ибраева под руководством заслуженной учительницы Казахской ССР К.Б. Базарбаевой.

На прошедшем празднике, Дне города, сергеевцы стали зрителями интересного самобытного обряда – казахской свадьбы, поставленного силами этого коллектива. Весь процесс обряда проходил в обстановке красочности и праздничности. Недолго зрители запомнят чистый голос Амины Рамазановны Бекбасовой, которая исполняла казахские народные песни, словесное состязание дәвүщел и джигитов. Словом, все участники старались максимально реализовать свои физические, интеллектуальные, творческие способности в специфической, игровой форме – через конкурсы, соревнования, танцы, игры. Прекрасно справились с ролями жениха и невесты водитель Жанат Жусиев и Раушан Сайдапина, воспитатель детского сада. Поэтому, наверное, что мероприятие проходило накануне их настоящей свадьбы. Хочется поэтому от имени зрителей поздравить эту замечательную пару со знаменательным событием в жизни, пожелать счастья и взаимопонимания. А всему коллективу фольклорной группы от имени сергеевцев выразить большую благодарность за доставленную радость и пожелать огромных творческих успехов.

Г. Шарипова, Заместитель председателя исполнкома горсовета.
г. Сергеевка

*Мы придем к победе
коммунистического труда!*
В. И. ЛЕНИН

Уважаемый товарищ

БАЗАРБАЕВА К.

Министерство просвещения Казахской ССР и Научно-исследовательский институт педагогических наук имени И. Алтынсарина въносят Вам благодарность за активное участие в Республиканских педагогических чтениях, посвященных 50-летию образования СССР, и прочитанный Вами доклад "Развитие речи на уроках казахского языка в IV классе".




*Министерство просвещения КазССР
Научно-исследовательский институт
педагогических наук им. И. Алтынсарина*

ҚҮРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданынын
Ленин орта мектептің казак тілі мен адебиеті
пәннің мугалімі БАЗАРЕАЕВА Кагида Базарбаева.

жасөспірімдерге білім және коммунистік пәр-
бие берудегі табыстарды үшін Құрмет грамо-
тасымен наградталады.



МАРТ 1985 ж.
Алматы қаласы

№ 2745

Оқу-агарту, жогары мек-
теп және, гылымы жеке-
мен кызметкерлері ке-
сілдеболы. Республикалық
помитеттің председателі



За науку Советскую Родину!

1918



1962

**Пригласительный
БИЛЕТ Kozhakov E.K.**

Уважаемый товарищ!

Ленинский РК КПСС, Райисполком, РК ВЛКСМ, Командование и Партийный комитет Военной Академии им. М.В.Фрунзе приглашают Вас на торжественное собрание, посвященное

**44-й ГОДОВЩИНЕ СОВЕТСКОЙ АРМИИ
И ВОЕННО-МОРСКОГО ФЛОТА.**

*Собрание состоится 21-го февраля 1962 года
в Офицерском клубе Военной академии им. М.В.Фрунзе.
(Земледельческий пер., д.20.)
Начало в 17.00.*



Әминә Бекбасова
Ленин орта мектебінің
ағылшын тілі мұғалімі



F. Мұсірепов “Амангелді” пьесасынан көрініс
Қызылжар 1967 ж.

Ленин ауылы



Машинаның үстінде тұрғандар солдан онға қарай:

1. Қожахметов Есмақан баласы Қанат.
2. Оразалин Қаби - бас зоотехник.
3. Нұрқанов Жарасбай.
4. Бектұров Темірғали - бөлімшесі меншерушісі.
5. Қонарбаев Ермек.
6. Балғожин Фазез - журналист.



Ленин орта мектебінің өқүшылар хоры

Суретте солдан онға қарай тұрғандар 1-Хордың жетекшісі
Қожахметов Есмақан және оқушылар

алға бастыруға үйткы болды. Жылдар өткен сайын оның қанаты қатайып, педагогикалық шеберлігі ұшталып; тәжірибесі арта тусты.

Қазақ тілі мән әдебиет пәнінің мұғалімі қашаңда балалардың ойтаным ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, орай өкіту өдісін байытып отыру қажет. Сүйсінерлігі сол, Қағида Базарбаева бұл күндері мектепте, ауданда ғана емес, есімі облыс, республика көлеміне аян болып отырған қадірменді ұстаз. Оның педагогикалық тәжірибесі, сабак беру методикасы қазіргі уақытта көпшілік мұғалімдердің ігілігіне айналуда. 1967 жылы оған Қазақ ССР оқу ісінің үздігі" құрметті атағы берілді. Ол талай рет республиканың, облыстық педагогикалық оқуларға қатысып, баяндама жасады.

Біз жақында осы аbzal ұстазды қазақ тілі мән әдебиеті мұғалімдерінің облыстық ғылыми практикалық конференциясында кездестірдік. Байсалды жүзді, асықпай сөйлейтін, әрбір сезіне ой түйетін Қағида Базарбаевамен әңгімелескенде оны шын мәнінде де тіл әдебиет зерттеушісі ме деп ойлап қалуын мүмкін.

— Әдебиет пәнінің мұғалімі, — дейді ол — классик жазушылардан бастап баспасөз бетінде жаңа көріне бастаған жас қаламгерлердің туындыларын қалт жібермеуі керек. Өйткөн олардың қай қайсының болмасын өзіндік ой түйіні, ен басты жалт еткен бір жаңалығы болады. Сол сияқты қазақ тілін оқытуда да окулықтағы материалдарды игерумен бірге құнделікті өмір үніне құлак асып отыру қажет. Бір сезібен айтқанда, өзің біреуді оқытып, үйретуде өздігінен үйренбесен болмайды.

Ол осы облыстық ғылыми практикалық конференцияда "Қазақ тілін оқытуда көрнекі құралдарды пайдалану туралы" баяндама жасады. Шын мәнінде де онда тағылым аларлық, үйренерлікті жәйттер көп еді. Сабакта эпидоскоптарды, картиналар мен кинофильмдерді пайдаланудың нәтижесінде оқушылар да жаңа материалдарды қызыға тыңдап, тез үғып алатындығы баяндамада нағымды айттылды. Тағы бір ғажабы, бірқатар көрнекі құралдарды Қағиданың өзі жасап алған. Мінё, мұның өзі оқушылар, педагоги-калық коллектив, бүкіл ата-аналар алдыңдағы жауапкершілікті сезінгендік. "Калинин айтқандай, — дейді ол, — бәріміз де "қырық жыл мұғалім болсақ та қырық бес минуттық сабакқа әзірленуге тиіспіз".

Иә, бүгіндері Қағида Базарбаева мектептегі қадірменді ұстаз. Талап тұғырына талмай қанат қаққан өз мамандығының шебері атаған мерейлі мұғалімнің жас үрлақ тәрбиесінде әлі де талай биіктеге көтерілетінің күмән жоқ.

"Лөнин туы", 1974 ж.
А.Әбжанов. Сергеев ауданы.

МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІ Жұлдызды жылдары

... Клубқа халық көп жиналыпты. Бір топ әріптестерімен қатар отырған Қағида кеңет ез фамилиясын естігенде, негістерін білмегендей жан-жағына қарады. Оның көзі алдыңғы қатарлардың бірінде отырған анасына түсті. Рахима шешей: "Жарайсын қызыым", – дегендей, бұған жылы шырай білдіріп, бас изеді. Дүркіреп қол сөғылды. Қағида мінбеке қалай жеткенін де аңғарған жоқ. Аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары У.Л.Латанов: "Жоғары атақ алуыңызben құттықтаймыз", – деген белгіні өніріне қадады. Құттықтаулар мен ізгі тілектер түс-түстен естілген сәтте оның жанарапы нұрга толып, құшағы гүлге оранды.

Қағида – "Қазақ ССР-ның еңбек сінірген мұғалім". Ол ез-еziңен күлімсіреді. Бұл атақ оның үш ұйықтаса түсіне кірген бе! Ол өзінің өткен өміріне ой жүгіртіп, бал-дәурен балалық шақтың базарлы күндерін сүзіп отыр...

Мектеп қабырғасында жүргенде-ак "Ұстаз болсам" деген ой оның көңіліне мықтап ұлаған оқу бітірген жылды астанадан бір-ақ шығарды. Жолы болып, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетінде студент болып қабылданды. Студенттік жылдар – ол адам өміріндегі қайталанбас кезең ғой. Төрт жыл тіпті тез өткен сияқты.

Мектеп табалдырылышынан жүрексіне аттап, аяулы күндерімен қайта табысқандай болған Қағида өзінің қыын да аса жауапты іске бой ұрғаның жүргімен сезінеді. Оның алғашқы ұстаздарының бірі Сейтән Сауытбеков ұлы жазушы-педагог Л.Н.Толстойдың "Егер мұғалімде іске деген сүйіспеншілік болса, ол жақсы мұғалім бола-ды. Егер мұғалім окушыға тек оның әкесі, шешесі сияқты сүйіспеншілік таба білетін болса, онда ол барша кітапты оқып берген, бірақ ňе іске, ňе окушыларға ешқандай сүйіспеншілік жоқ мұғалімнен әлде қайда жақсы болады. Егер мұғалім ез бойында іске, де, окушыларға да деген сүйіспеншілікті бірлікте ұстай білсе, онда ол нағыз жетілген мұғалім", - деген ұлағатты сөздерін жиі қайталаушы еді. Ұстаз сөзін жадына түйген Қағида оны өзіне қойылған талап деп түсінеді.

Ол осы жоғары талап тұғырынан көріну жолында үздіксіз ізденіп, аяңбай енбекетті. Сейтіп, ежелден қалыптасқан дәстүр бар коллективке тез сінісін өзінің аға әріптестері Шияп Садықов, Әсима Сүлейменовалардың істәжірибелерінен дең қойды. Өмір мұратына айналған ізденіс бүгін де оның ұстаздық жолының нұрлы шырағы іспеттес.

Ленин орта мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Қағида Базарбаева өзінің көп уақытын мектепте өткізеді. Сондай-ақ ауыл тұрғындары, ата-аналар арасында жиі болып, сан алуан тақырыпта сұхбат құру оның ежелі әдеті. Ол – облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының штаттан тыс методисі, селодары көркемәнрәздар үйрмесі жетекшілерінің бірі. Бұл істерде де Қағиданың қолтаңбасы айшықты.

"Ұстаз-еңбегі творчестволық ізденістер мен талпыныстардан құралады. Сондықтан да мұғалімнің жұмыс күні белгілі уақытпен шектелмеуге тиіс". Қағида өз міндетін осылай түйіндеді. Оны бақыт шыңына өрлетіп, әріптестер құрметіне бөлөген де·өсінау жоғары жауапкершілік. Қағиданың еңбегі мен іс-тәжірибесі кейінгі жастарға жарқын үлгі. Ол істе өрқашан белсенді, уақытпен санасуды білмейді.

Мектептегі жұмыс, қоғамдық істер, үй шаруасы – ол осылардың бәріне үлгеруі керек. Бұл істерде оған жолдасы Есмақан, бауыр еті балалары: Қанат, Мұрат, Сәуле, Құрманғожа, Мұхтар мен анысы Рахима көмекші. Тату семьяның қуанышы да, реніші де ортақ. Әсіресе Қағиданың анының айттар алғысы мол Жалғыз ұлы ел қорғау жолында құрбан болған ана қайыға қайыспай барға шүкіршілік етіп, Қағидасының тілеуін тіледі.

Қағида оқу бітіріп келгенде анысы қуаныштан көзіне жас алып: "Еліңе, халқыңа адаптың кызмет ет", – деген еді. Аны аманаты Қағиданың өмір арқауына айналды. Қуаныш сәтінде Қағида анының жанарынан "Аманатымды ақтадың, өшкенім жанды" деген сөздерді оқиды.

Уақыт озған сайын өмір баспалдақтары биіктей береді. Бұл заңды құбылышы. Қағида да бүтінгі шыққан биігін ертеңге өлшем етпейді. Дүріс-дүріс соққан ұстаз жүргегі жаңа биіктерді аңсайды.

"Ленин туы", 22/XII-77 ж.
Ж.Сулейменов, арнаулы тілшіміз.
Сергеев ауданы.

ҰШҚАН ҰЯ

Мұғалім – қоғам сенгеч өкіл

Ол күн Қағида Базарбаеваның бүтінгідей көз алдында. Түнде кеш жатса да, көпке дейін ұйықтай алмаған. Кешегі студенттік жылдары есінде орала берген Оқумен, қажырлы ізденіспен өткен жылдар, әр сынақты тапсырар алдындағы толғаныстар, сессиялардан кейінгі қасқағым сәттей өте шығатын қысқа каникул күндері... бәрі-бәрі де енді артта еді. Енді, міне, кешегана Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітіріп келген шүйкедей қызы осыдан біраз жыл ғана бұрын өзі орта білім альп шыққан алтын ұясында қазақ тілі мен әдебиетінен сабак беріп, ұстаздық соқлағын бастамақ. Ленин орта мектебін осыдан былай бітіре бастайтын түлектердің ана тілінде қаншалықты сауатты болуы, төл әдебиеттің тереңінен қаншалықты қанып ішे білуі енді өзінің де ұстаздық шеберлігіне байланысты екенін ойлап толқыды ол.

Бұл 1957 жылдың бірінші сентябрі еді.

Қағиданың содан бергі өмірі осы Совет Одағының батыры Ы. Ұбыраев атындағы мамандандырылған бірлестіктің орталығына орналасқан көсем атындағы орта мектепте өтіп келеді.

"Институт студенттің бойына болашақ мамандығының тек негізін қалайды.

Алоның барлық қырсырын, қындығы мен қызығын адам сол мамандық бойынша жұмыс істей келे сезінеді", – деген жоғары оқу орнындағы үстаздарының пікірі де рас екен. Оқушылық өмір белгілі болғанымен де, үстаздық әлемі өз қақпасын Қағидаға да мектепке келген соң кеңінен аша бастағандай. Оның үстіндегі Қағида институттегі қош айтысқан соң, окулықтардың, үстазға қатысты әдебиеттердің бетін жылы жауып қоя салған жоқ. Қайта институттағы қарбаласжылдарда үлтіре алмаган әдебиеттерді енді асықпай, байыппен - оқытын уақыт жетті деп ұтты.

Ұяң, ибалы мінезді Қағида мектептің педагогтік колективімен тез тіл табысып кетті. Тиянақты ізденіштігінің арқасында өзі қызықты пәнді одан да құлпыртып өткізетін Қағиданың сабак беру тәсілі шәкірттерінің кеңілінен табылды. Оқушылар Қағидамен түрлі қоғамдық жұмыстарға байланысты кластан тыс сағаттарда да жиі жүздесіп жүрді. Қағида келісімен мектептегі драма үйірмесінің жұмысы жанданып сала берді.

Өткен жылы мұғалімдердің облыстық конференциясында өзінің шәкірті Әлия Малдыбаеваны ұшыратты. КазГУ-ді бітіріпти. Петропавл қаласындағы № 2 мектепте сабак береді екен. Үстаз бен шәкірт өткенді еске алып әңгімелескен.

– Тәте, сіздің мектептегі жүріс-тұрысыңыз, сабак беру әдісінде мәнің әліге дейін көз алдыымда. Үстаздық қызметтімде сізге еліктеуге тырысамын. Тіпті, мән де сіз сияқты мектептегі қызметтімді драма үйірмесінің жұмысын жолға қоюдан бастадым, – деді Әлия үстазы алдында қымсына.

Шәкіртінен өз бейнесін көргенде, мамандығының лайықты ізбасарын танығанда Қағида іштей масаттанып қалып еді.

Бір күні класқа кіріп келгенде шәкірттерінің өзін әдеттегідей емес, салқын қарсы алғанын сезе қойды. Бірақ, оны байқамағансып тақтада бұрылышп сабағын жалғастырған.

Арт жақтан:

– Мұғалім! – деген күтпеген сөзді естігендеге, ол аң-таң қалыпта балаларға бұрылған.

Таңданатын жөні бар. Өйткені шәкірттер оны үнәмі "тәтей" деуші еді ғой. Бәлкім Қағиданың құлағы жаңсақ естігендегі шығар.

Жоқ, ол дұрыс естілті.

"Мұғалім!" деген сөзді айтқан орта тұста отырған шәкірттерінің бірі екен. Ол – Сіз кеше біздің кластас жолдасымызға қиянат жасапсыз ғой, – деді.

Қағидаға өнді бәрі де мәлім болды. Таяуда класындағы екі шәкірті төбелесіп қалғанды. Екеуден де өздеріне жақтастар ізделеп, коллективте алауыздық тудырып, ұят жасаған. Балаларының бұл өрекеті Қағиданың жаңына қатты батты. Шақырып сөйлесе келе басты кінәлінде анықтады. Ол интерната жатып оқытын Бейбіт деген шәкірті екен. Осы оқығаға байланысты педсовет болған. Сонда Қағида Бейбітті интернattan шығару жөнінде ұсыныс жасаған. Оның әділдігіне шүбә келтірген мұғалімдерге

Осы бір өніңде әмір жылдарының өзгерістері түскен, шашының қарасынан ағы қөбейген жан сол алғашқы ұстаздық жолы басталған 1953 жылы қылышылдаған жігіт екен-ау. Алматы шет тілдері институтының түлөп, ағылшын тілінің маманы. Бір қызығы – қазақ аулында, қыындығы ағылшын халқы түгіл өз ағайыны орыс тіліне шорқақ қазақтар үшін бұл ерсі көрінді. Алайда ағамыз нағыз полиглот еді. Оның өзгеден ерекшілігі ағамыз әлемнің теңжартысынан астамы сөйлейтін тілді менгергені болатын.

Сол жылдан бастап осы Ленин аулындағы мектепте үш тіл - қазақ, орыс және ағылшын тілдері қатар оқытылып, шәқірттердің білім аясы кеңеіле түскені анық.

Жылға жыл үқсаушы ма еді?! Сол еткен отыз алты жылдың әрбірінің өз кескін-келбеті бар. Алайда, солардың бері ағаның ойында тайға таңба басқандай хатталып жатыр десек қысынсыз болар еді. Бар анық сақталғаны ол жастайынан мұрат еткен ісінде көштің алдында болмаса да, сонынан

табылмады. Өзінің адаптацияның қасиетінен таңбай, жылма-жыл миуалы жеміс тереберген бағандайды ел алдындағызыметті.

Қашанда ұстаз жайлардың лебізді шәкірттер көңілімен бағалаған алғаш болған сияқты көрінеді. Әйткені нағыз ұстаз еңбекіне солардың танымы шынайы баға, өлшем болмақ. Осы қысында Есмақан аға жайлардың орынсыз сезестігендегі жеріміз жоқ. Мен осыған да сүйсінімін. Ағаның алдын көрген қайбір шәкірт болмасын: "Жаны жайсан; адамға тарыншылық қылмайтын, елгезек, кеңпейіл кісі ғой" деп отырады. Тіпті көп жыл бұрынғы да, күні кешегі де шәкірттері.

Соның бір айғағын алға тартып кеткенім де теріс болмас. Осы биылғы оку жылдарың басында мектепті бітіргенінде жиырмана жылдың жүзі болып қалған Гүлнэр деген құрбымың кездестіріп, әңгіме шертіп отырдық. Әйткен күндер, қол ұстасып гүл терген қызық шақтар еске алынды. Соңдай бір сұхбағ ұстінде ол өздерінде класс жетекшісі болған Есмақан ағай жайлар әңгіме тиегін ағытты. Аға жайлардың жылдың сезіден басқа реніш, өкпе, ғайбат аузыға алынбады. Айтқаны ағайдың жібектей мінезі, тапқырлығы.

Есмақан ағаның бір сүйсінерлік қасиеті – бала мен ұстаздың бірі көктеме, біріншердегі тұрған жаңға баламайтыны. Ол шәкіртті өзінде тен жандай көріп, бауырға тарта біледі. Соның өзінде әңгіме аbzалдық, ақыл парасат арнасынан аспайды. Біздер қазіргі кезде сенім педагогикасы, ұстаз бен ынтымақтастырып деген айдар тағып жүрген жаңалығымыз құнарсыз топыраққа сіңірлген түкимдай емес, өмірдің өзі ұсынған жаңалық қой. Тек соны қазір жаңаша ойлау, жаңа мұрраттарды алға тарту кезінде көре білгеніміз ғой. Әйтпесе, Есмақан аға сыйнды қаншама ұстаз осы сыпатын өзінің өмірлік, ұстаздың жолында бойында сақтамай жүр дейсін бе.

Әрине, адам жайлардың жылдың сезіді сол жаннның азаматтық тұлғасына сүйінгендіктен, тәнті болғандықтан ғана айтасың. Ұстаздың бәрі ұлағат иесі бола алмайтындыры да жасырын емес. Ондайлар қай мектепте болса да табылады. Сабағын ғана беріп, шәкірттен сұрап баға қойып, тоқсан сайын қорытындысын шығарып та ұстаз атандып жүре беруге болады. Бірақ, творчестволық ізденис, оқудың түрлі құралдарын пайдалануға үмтізу шәкіртті білімдарлықпен қатар әдамгершілік сыпаттарға да баулу, сол үшін уақыт қанша тапшы болса да тарылмай тырысу баршаның қолынан келе бермейді. Міне, сондықтан да шын жүректер аз болады. Ал Есмақан аға сол аздардың санатында.

Сөзжок, біздің мектептің көптеген жас ұстаздарына осындай жандардың тұлғасы өнеге. Тіпті өзімізді айтпағаннның өзінде, біздің алдыңыздары өнегелі адамдардың өздері Есмақан ағайды ардақтай-ды. Айтальық Фалым Қадралың Элия Мадыбаева, Мәриям Мусина, Мейрам Эбілкарімов, Мәкеш Садықова, Қазжан Махметов, Ботакөз Ысмагулова, Газиза Құрманғалиева, Зәуреш Қайырбековалар да ағаның алдында бас иеді.

Мана айтып кеттім ғой, қазақ аулында ағылшын сезін алғаш рет ағаның

аузынан естідік деп. Ол ақиқат. Ал ағаның сабак үстіндегі тұлғасына көз салсаңыз – бейнө бір қияға қанат сермегелі тұрған іспетті. өзін де өзгөні де ұмытып кетеді. Бар ой-мұраты сабакта ғана болады.

Мектебіміздегі көзге түсерлөрдің бірі – ағылшын кабинеті. Оның көзге тартымды, мазмұнды болуына Есмақан Қожақметұлы бар құш-жігерін жұмсады. Бір мақтаныштысы, осы кабинет аудан бойынша алдыңғы қатарлы пән кабинеттерінің санатынан қалмай келеді. Өткен оқу жылдарының бірінде ол пән кабинеттерінің әуелі мектеп ішіндік, ал содан соң ауданаралық байқауында бірінші орынға ие болды.

Аға бала ынта-ықыласын арттыруға шебер-ақ. Кабинеттегі стенділерді үнемі жаңартып отырады. Жалпы жаңалық, іздену жолында Есмақан Қожақметұлы жаһынан десем, асыра айтқандық емес. Кластан тыс жұмыстарда да Есмақан ағаның іскерлігі танылады. Ағылшын тілі үйірмесі үзбей жұмыс істеп келеді. Ол әдеби мұзыкалы кештерді үйлемдастыруға қатысады, концерттік нөмірлөрде ағылшын әндерінің қамтылуына жетіседі. Мысалы, өзім оқушы болған кезде осындағы бір кешелі құнға есімде қалыпты. Бічер Стоудың “Томагайдың лашыны” романы бойынша көрініс, онда нәрг баласы болып ойнаған Шоқан деген оқушы бейнесі жадымда. Сол кеште шырқалған ағылшын әндері де көкейде жүр.

Ал тым әріге бармай, бертіндегісінің өзі де ағайдың өз ісіне деген жанашырлығың, табандылығың көрсетуге жетіп жатыр. Мысалы, өткен оқу жылында ол ағылшын тілі апталығында өзі сабак беретін оқушылармен даярлаған “Құл саудасы” атты сықақ көрініс, “Кім боламын?” деген монтаж ерекше есте қалды.

Осы көріністерге негіз боларлық материалдарды ағайдың өзі жинайды. Ол үшін аға ағылшын тіліндегі “Москва жаңалықтары” газетінен қызықты материалдарды аударады. Айтпақшы, оның осы аудармалары облыстық “Ленин туы” газеті арқылы бүкіл Есіл өніріне де таныс. Мен бұл аудармаларды өзім шәкірт кезімнен бері оқып келемін.

Ұстаздың іскерлік тұлғасына тағы бір баға облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты шет тілдер кабинетінің менгерушісі Г.Усованың осыдан төрт-бес жыл бұрын облыстық “Ленинское знамя” газетінде жарияланған “Шабытты еңбек жолы” атты мақаласы. Осы баға: “Еңбек, творчество, талант” деп тиянақты діттеледі. Бұған мен де қосыламын.

Жоғарыда атап кеткенімдей, Есмақан аға соңғы жылдары ағылшын тілінен тікелей аударуға әбден төсөліп алған. Бірде ол “Қазақ әдебиеті”, “Қазақстан әйелдері”, “Қазақстан мұғалімі” сияқты республикалық газет-журналдарда басылған аудармаларын көрсеткен еді. Бақсам, оның аудармаларының жарияланып жүргеніне де отыз жылдай уақытты қамтып қалыпты.

Ұстаз еңбегіне шәкірт биігімен қарау да жөн. Алайда мен бұған әуестенсем, мақаламның біраз жолдарын сол жігіттердің аты-жөндерін, қазір атқарып жүрген қызметтерін тізіп шығумен-ақ толтырған болар едім.

Менің айтпағым – ағаңың өзі сияқты осы пәнді оқытуға сол кісіден өнеге алған шәкірттерінің өзі бірқыдыру екендігі. Солардың бірі – өзім. Биыл ағамыз алпыс жылдың асқарына шығып отыр. Оның отызғапты жылы үстаздық жолға бағышталған. Осында ардақты үстаздан жалғас алып, оның ісін әрі бастыруға ниеттену үлкен құрмет әрі сын да. Аға үмітіне лайық болу – мениң мұратым. Мен манағы ағылшын тілі кабинетінің кілтін қолыма үстағанда кішкене ғана темір алақаным-ды өртеп бара жатқандай болды. Өйткені Есмақан Қожақметұлы сияқты үстаздың жолын жалғап әкету үшін мен көп күш-жігер жұмысауым керектігін пайымдаймын Бірақ ағаңың жанашырылқы жәрдемінен дәмесіз емеспін.

“Азamatына қарап, ауылшын таны” демекші, осы Есмақан ағалар сияқты ардақты жандар ғой өз тұрағының түтіні түзу үшса екең деп терін төгетіндер. Осы лебізді мынаған негізден айтып отырмын. Осыдан бірер жыл бұрын Ыбыраев халық театрының бұрынғы гүрілден тұрған атақ-абыройдан жүрдай бола жаздағаны. Театрға режиссер тұрақтамай-ақ қойды. Бірі келіп, бір кетіп ауыл әртистерін ғана емес, театр маздағы сөнбесін деп қам жеген басшыларды жерге қаратада берген. Осы жайды Есмақан ағай үнемі айтып жүрді, айтқанда да құрғақ сөзben емес, шынайы жанашырылқы пен ауызға алатынды. Зайыбы Қағида Базарбаева облысқа ғана емес, бүкіл республика педагогтарына әйгілі адам ғой, екеуі үй іші отырып ақылдасады да, апай әдебиетші үстаз болғандықтан, театрды қолға алууды үйғарады.

Сонымен бір күнде театрға режиссер табылып қалған Сәнген шырақ қайта жанып, ауыл саҳнасы қарбаласқа толды. “Қазақ ССР-ның еңбек сінірген мұғалімі” атағы бар апай беделді адам ғой, оған ағай да қосылған соң театрдан сырт айналып кеткен ауыл жастары қайта бас қосты. Қойылым даярлау жұмыстарына ерлі-зайыпты екеуі бірдей атсалысты. Ұзын сөздің қысқасы, Ыбыраев халық театры өзінің атағын қорғап, осы құрметке әбден лайық деген баға алды.

Қазіргі кездері қала тұрғыны, яки ауыл тұрғыны деп бөлерлік емес, уақыт қайда болмасын қарбалас емес пе. Сондай аз уақыттың өзіне лайықты үлесін, еңшісін таба білетіндіктен де Есмақан аға үнемі жарқын істердің басы-қасынан табылады.

Ретінен орай, ұлы үстаз А.С.Макаренконың мына бір ұлағатты сөздерін айта кету жөн тәрізді. Үстаздардың үстазы “Бала тәрбиесі үшін аса көп уақыт қажет емес. Ол үшін аз уақыттың өзін орынды пайдалана білсе жеткілікті” дейді. Есмақан Қожақметұлы да, зайыбы Қағида апай да осы ұлағатты шамшырақ еткенге ұқсайды. Өйткені олардың “Қолым тимейді, уақыттың тапшы” деп бас тартқан жерін көрген емеспін.

Ия, Есмақан ағаңың енбегі ел алдында. Бәрі де алақанға салғандай анық, белгілі. Ол кісі осыдан төрт жыл бұрын Қызылжарда болып өткен

шет тілі мұғалімдерінің конференциясын-да көзге түсті. Оның "Шет тілі кабинетін сабак процесіне пайдалану тәжірибемнен" деген тақырыптағы баяндамасының мазмұнды болғандығын барша мойыннады. Оның осындай білімдарлығы, іскерлігі лайығымен бағаланып "Қазақ ССР оқу ісінің үздігі" значогімен наградталды.

"Көптеген шәкірттерім мектептерде, колледждерде, университете ағылшын тілінен сабак береді. Бекбасова Эминә Ленин мектебінде Кәкіжанова Фарида Қарағандыда Е. Бекетов атындағы университете шет тілдер кафедрасының менгерушісі, бірнеше методикалық кітаптардың авторы, Құсайынова Роза. М.Жумабаев атындағы гуманитарлық колледжде, Еслямова Раушан – Сәрсекеева Бақыт қаладағы № 6 Қазақ мектебінде т.с.с. Қорыта айтқанда өмірім зая өткен жөқ. Шәкірттеріммен де мақтана аламын – дейді Есмақан аға".

Ұстаз қауымы туралы композиторлар ән шығарып, ақындар жыр төгіп, әншілер ән шырқап келеді. Олардың бірде бірі ұмыт емес. Қай-қайсысында болмасын ұстаздың ұлылығын, абырайлы ісін ардақтайды, тұлғасын асқар тауға балайды. Мен соның бәрінде де қосыламын Жан сырым – осы бір тамаша ләбіздер езіме арналса екен деп армандаимын. Ал осыған лайық адамдарға қызығамын да. Сол сәтте Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Fafty Қайырбековтың:

"Ұстаз болу –
Жүректің батырлығы,
"Ұстаз болу –
Сезімнің ақындығы,
"Ұстаз болу –
Мінездің күншуағы,
Азбайтұғын адамның
Алтындығы"

деген өлең жолдары осы менің Есмақан ағама арнағандай болады.

Ә.БЕКБАСОВА.

Ленин орта мектебінің
ағылшын тілі мұғалімі.

ДУМАНДЫ ДОСТЫҚ

Сергеев аудандық Мәдениет үйінә жиналған көрермен жұртшылық жедегабыл жайғасып бола бергенде сахна шымылдығы ашыла бастады. Үш қатар болып, он бес одақтас республиканың үлттых күйін киген қыз келіншектер қаз-қатар сап түзеп тұр. Бәрі де көктемнің жауқазың желегіндей үлбіреп, көздің сұғын алғандай. Сәл үнсіздікten соң осынау өнерпаздардың жетекшісі Александра Шакенова ортага шықты:

Сахнада – Ленин орта мектебінің мұғалімдері. Хор - "Россия – Отаным менің". Дирижері – Есмақан Қожақұметов.

Сол-сол екен, жаудыраған жанарларда һұр ойнап, іле-шала шатұр-

шұтыр қол соғыла бастады. Сәл саябырси бергенде дирижердің таяқшасы көтерілді де, аққудай сұнқылдаған баян сазына – хөр қосылып кетті. Диапазоны кең ән әүені әүелеп барады. Қөрермен болса сүттей үйіп, тыңдал қалған.

Ұстаздар концерті осылай басталды. Зәуреш Қайырбекова мен Айтжамал Мешелова орыс, қазақ әндерін, ал Бәпеш Нұргалиева ағылшын тілінде "Ескі достуралы әнді" орындал, әркімді-ақ әсем сезімге бөлегендей болды. Сондай-ақ "Біржан-Сара" операсынан Біржанның ариясын, Огинскийдің "Полонезін" домбырада және әртүрлі әндерді орындаған вокалдық-инструменталдық ансамбль мен Есмақан Қожақметов, Гүлжанар Ибрағимова секілді ұстаздардың өнері бір бөлек.

Мініе, құлак күйінә келген домбыра күмбір күмбір сөйлеп, "Балбырауын" бебеу қаға бастады. Сабау саусақ сағаға өрлеңен сәтте алыстағы ат дүбірін көз алғына келтіреді. "Кеңес" күйі детьындаушы қауымның құлак құрышын қандыргандай. Бұл күйлерді орындаған Г.Ибрағимова мен инструментальдық квартетке алғыстар арналып жатты. Бұдан соң қырғыз әндері орындалып, одан соң "Киіз басу" секілді билер қанат қақты...

Іә, қесем атындағы ауыл мектебінің ұстаздары нағыз өнерлінің өздері екен! Олардың программасы көнілге тоқ, көкейге қоныымды. Ең бастысы концерттің өн бойынан дәстүрлі достық рухы сезіліп тұрды.

Осы өнерпаз ұстаздар келесі күні жүлттарын жазбай совхоз клубында концерт қойып, тағы да достық дәстүрін дәлелдей бергендей болды.

Р.СҰЛТАНОВ, Ж.СЕЙІТБЕКОВ,
Жергілікті тілшілер.

ҒУМЫРЫ ФИБРАТ ЕДІ-АУ!

Адам ғұмырында өзгермейтін, ұмытылмайтын белестер болады. Жадыннан шықпайтын, жазуынан танбайтын ол белестер адамның мәңгілік жәдігері іспетті, үйықтап жатқан жерінен оянып алып сұраса, жаңылмайтын ақиқат іспетті.

Осындағы елеулі емір белесі – менің зор тұлғалы ұстаз, ғибратты жан Сейтен Сауытбековпен қызметтес болған жылдарым екенін көзім анық жетеді.

Бұл ғұмырдағы белес, былай алғанда, баршамызға, ортақ оқиғадан бастау алғандай. Ол-жас ұстаздың оқыту, дәріс беру ісіне ынта қойып, мектепке орналасуы деп білуге де болады. Мен де осындағы жайды бастан өткердім.



Солайша, мен 1953 жылды Алматы шет тілдер институтын тәмамдап, облыстық оқу бөліміне келгем. Ондағылар мениң қазіргі Шал-ақын ауданындағы Ленин орта мектебіне баруымды жөн көрді.

-Есмақан, сен елге барсаң Ленин орта мектебіне орналасуға тырыс. Ол – бір білім ордасы, облыстағы озық мектептердің бірі, онда кілең ығай мен сұғай дерлік мұғалімдер қызмет істейді, - деп мениң желпіндіріп қойған шет тілдер институтын менен бұрын қызыл дипломмен тауысқан Хамит Біржанов деген жігіт еді. Мениң таңдауыма орай, жолдаманың осында берілуінің сыйры да сол еді.

Есілден аудан орталығы Марьевка арқылы көпірден өтіп, осында келдім. Ауыл арасы қашық. Біздің ауылдан тура жүз шақырым.

Көніл қаңшажеллініп, лекіп тұрса да осы сат бір қобалжу бойды толқытты. Жан-жағыма қараймын. Эсіресе, мектеп үйіне көбірек көз саламын.

Қарағайдан қиған үй екен, ішкі бөлмелері тап-түйнақтай жинақы, таптаза, кең, әрі биік, терезелері де үлкен. Айналасында жайқалып өсken ағашы мол Жан-жағы биік қадалармен қоршалған. Жұзден аса оқышы тұратын интернаты жанында. Майталман мұғалімдері Шияп Садықов, Жанғали Құсайынов, Ахметжан Қалиахметов, Есім Смағұлов, Мисальым Садықова, Нұрсұлу Құсайынова, Құлшара Қасымова – бәрі де, анықында, айтулы деген абзап жандар. Апыр-ау, бұларды басқарып отырған қандай азамат екен деп толғанамын іштеп.

Мектептің бұрынғы директоры Садықов Шияптың есімі облысқа, республикаға да танымал жақсы ұстаз екенін білемін, басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның орнына Сейтән Сауытбеков келді. Осындаі кілең “Сен тұр, мен атайынның” ішінен озығы Сейтән Сауытбеков екен.

Аса білімді, сабырлы, мәдениетті, көп тыңдалап, аз сейлейтін, кішілдейді, біреуге дауыс көтеріп, ашу шақыруды білмейтін нағыз сырбаз екен.

Жас ұстаздың өз жолын тауып, оқыған білімін тоқығанға жеткізуіне уақыт керек. Алғашында оның біліппіз бе...

Сейтән-ага бірнеше мәрте сабақтарыма қатынасып, айтқан ақыл кеңестері әлі күнге дейін санамда сайрап тұр.

-Есмақан, өз пәнніңің тәжірибелі мұғалім болу оңай емес. Оған пәрменді білім, соған қоса қажымайтын-талмайтын ынта-ықылас керек. Көп ізден, ол үшін әдістемелік материалдарды көп оқуға тырыс. “Қырықтың бірі – қыдыр” демекші, біреуі болмаса, біреуі жадында қалады, -деді ол.

Ол осы әңгімесінде маған тек сабак үақытымен шектеліп қалмай, одан тысқары да жұмыс істеуді тапсырды.

-Бұл үшін сен ағылшын тілі үйірмесін аш. Қазаққа таңсық тіл ғой, балалардың ынтастын оята алсаң- ісің өрлейді.

Ағылшынша концерттік нөмірлер үйімдастыры, жеке әндер орындауға машиқтандыры, шағын қойылымдар әзірле, - деді ол сөзінің соңында.

Мен ұлағатты ұстазға таң-тамаша қалдым. Оның мәнісі-бұған дейін

Балуан жетіжүлдүк мектебінде директор болған ол орта мектепке басшы болып келгенінде істі қалай үршықтай үйіріп, тізгінді тәң тартып әкеткен. Тіпті әр пәннің өзінің қыр-сырна ғаламат жетіктігімен таң қалдыратын. Соны мен де сезіп, осында зор білімді басшыға қиналғанда сүйенуге болатының аңғардым. Осы ретте ол облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдіскер маманы тәрізді болып кетті маған. Оның әлгі ақылкеңесінен Сейтен-ағаның көсіби газет-журналдардың бірде бірін, олардағы әдістемелерді көзден таса қылмай оқып, білім алатыны сезілді. Ағылшын тіліне де мән беретінін байқадым.

Ағаның сөзі ісімен салмақтанатын машығы барын осыдан көп ұзамай-ақ сездім. Соның арқасында маған да, ағылшын тілі кабинеті ұйымдастырылды. Қазіргі пән кабинеттері деғенді Сейтен-аға сол кездің өзінде өмірлік тәжірибеге өнгізіп қойған екен фой.

Сол кабинет заман талабына сай жарақтандырылды. Алғашқы лингофон қондырғысы орнатылды. Осы кабинет соның арқасында аудандарғы озық класс бөлмелерінің біріне айналып жүре берді. Кабинет менгерушісі Есмақан Қожахметов аудандық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Осы жайларды көріп, риза болған директор ағамыз ашық сабак беруді ұсынды. Ол аудандық семинар ретінде өтіп, оған қатысуышылар мәнін өткізген сабағымды, әсіресе, көрнекі құралдарды пайдаланудағы әдіс-тәсілдеріме ризашылық білдірді.

Алдында жүрексінген үрей Сейтен-ағаның салмақты демеп, қолтықтауынан соң сөйлем жүре берген едім.

Осы семинарда болған облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының кабинет менгерушүсі Г.Усова маған да, әсіресе, мектеп директорына аса ризалығын білдіріп, осыдан кейін бұл жайында облыстық "Ленинское знамя" (қазіргі "Северный Казахстан") газетінде мақала жариялады.

Ал Сейтен- ағаның мақтаулы істері әр пән бойынша қол жеткізген жемісті нәтижелердің алтын діңгегі еді. Сондықтан осы аудан ұстаздары "Біздің Алтынсариніміз!" деп мақтайдын Жоғарыда айтқанымды қайталай кетсем, оның негізгі пәні-математика, Сейтен-аға әрі физик, әрі химик, әрі биолог, әрі тарихшы, тіпті суретші, шахматшы еді фой. Ол сан қырлы адам болатын. Оны осылай өтіп Тәнірдің жаратқанына біз бәріміз де имандай иландық. Және бұл негізі бар сенім еді.

Ағамыз әйгілі балалар жазушысы болды. Оның гибрат-фақлиялы әңгімелері, дастандары, ертеғілері, хисса-хикаяттары балдырығандар мен жеткіншектердің жүргегіне нұр болып құйылышы жатты. Сейтен-аға аса еңбекқор жан еді фой. Оның қай уақытта тынышып, дем алатының білмейтінбіз. "Апыр-ау бұл не қылған ғаламат еңбекқор еді!" деп ұстаздар таңдай қафатын.

Ол қашанда “Уақытқа есе бермеймін!” деп серттескендей қимылдайтын еді. Соның айғағындей, бірнеше кітә шығарып үлгерді. Нақыл дейсің бе, ақыл дейсің бе озық ойлы адамның тұнып тұрган сибірлік осы кітаптардан табылады.

Сейтен- аға зейнет демалысына шықасын да қарап отыра алмады. Алматыға көшіп барған соң Ұлттық кітапханаға кызметке кірді. Оны бұған итермелеген құдайы шыным, құнқерістің қамы емес. Құдайға шүкір, ол құнқерістен қағажу көре қойған жоқ. “Ұмтылып қалайың, артыма сый қалдырып кетейін” деген ниетпен тыныш отыра алмады. Сейтіп, Ұлттық кітапханада араб тіліндегі көне жазбаларды шалқардың тұнығынан су ішкен сәйгүлүктей сүзіп алып ұсынды да отырды.

Секен өсылайша, екі мың екі жүздей кітапты жүйелеген орасан зор еңбек сіңірген. Олардың бәріне аннотациялар, дәйектемелер жазып, жүйеледі. Ол 14 тіл білген, кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар боліміне аудайдай қажет болған білікті маман, энциклопедиялық білімі бар ұлағатты ұстаз болатын.

Сейтен-аганың өсылайдай ғұламалығына тәнті болғандар жалғыз мен емеспін. Ол жайында талай-талай шәкірттері тамсана толғап, естеліктер айтып келеді.

Тіпті тетелес ғалымдарда оған тәнті болған. Айтсақ, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық жоғарғы мектеп академиясының құрметті академигі, Қазақстан Республикасының ғылымина еңбегі сіңген қайраткер Тұрсынбек Қекішұлы Сейтен Сауытбеков тұралы “Ұлы мұғалім” деген естелік жазды.

Белгілі журналист, ақын, әдебиетші Серік Сапарұлының “Сейтен тағылымы” атты кітабының “Сейтеннің сары кітабы” деген тарауында зерттеуші осы кітаптың ғылыми құндылығына қазақ мәдениетінің тарихын зерттеуде қосқан үлесіне, илілікті әсер-ықпалына жан-жақты тоқталыпты

Енді мениң зайыбым, марқұм Қағида Базарбаева жөнінде айтып етейін. Қағида Балуан жетіжкілдік мектебінің директоры, Отан соғысының ардагері, ғалым-ұстаз, ақын жөнә жазушы, Қазақ ССР-ның еңбексіңірген мұғалімі Сейтен Лиманұлы Сауытбековтің – шәкірті еді 1950 жылы Балуан жетіжкілдік мектебін бітіріп, 1950 жылдан 1953 жылға дейін Сергеев ауданындағы (қазіргі Шал ақын ауданы) Ленин орта мектебінде оқыды. Абай атындағы пед. институттың филология факультетінде түсіп, 1957 жылы институтты бітірген, өзін қанаттандырып ұшырған ұяға мұғалім болып келді. Кезі тірісінде облысқа, республикага танымал Қағида Базарбаеваның тұла бойы тұнып тұрган адамгершілік болатын. Әсіресе, оның еңбек сүйіштік қасиеті өзгеге өнеге тұтарлықтай болушы еді. Оның байындағы тағы бір қасиеті ешкімге ешуақытта дауыс көтеріп сөйлемейтін. Әр нәрсөні байсалды, байыппен түсіндіретін ашу шақыру, ол кісіде болмайтын.

Үйде де, түзде де өзін бір қалыпты ұстайтын Қағида жабдықтаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні кабинеті аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, аталған кабинет мәнгерушісі Қағида Базарбаева аудандық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен наградталған.

Кабинетте оқушылардың білімін толықтыратын және оларды ізденіске жетелейтін “Ұлы Абай”, “Жыр албы”, “Сөнбейтін жұлдыздар”, “Біздің Сабен”, “Халқымыздың мақтанышы” (Мұхтар Әуезов туралы), “Білімдің шыққан сөз”, “Кластан тыс оқу” және сабак сайын материалдарды өзгертіліп отыратын “Сөз зергери”, “Бүлінгі сабакта” стенділері әр сабактың сапалы да, қызықты өтуіне үлкен көмек көрсетеді.

Әр класс үшін программа бойынша үлестірмелі карточкалар жасалып, жеке жәшіктеге орнатылған грамматикалық калейдоскоптар, эпилеңталар, альбомдар жасалған. Әрақын-жазушылар шығармашылығына байланысты өтілетін материалдар арнайы папкаларға жиналдырылған. Кабинет жабдықтау ісіне оқушылар көп үлес қости. Заман талабына сай безендіріліп жабдықталған кабинетте лингофон аппараты орнатылған бай кітапхана бар.

Оқушылардың туған әдебиетіне құштарылығын сиятып білім көжкиеңін кеңейтетін кластан тыс жұмыс әдебиет үйрмесі. Үйріме мүшелері кітап оқушылар конференциясы, жазушылардың мерекелі юбилейіне байланысты кеш, апталықтар, диспуттар сияқты жұмыс түрлөрін жоспарлы жүргізіп отырды.

І. Жансүгіров пән С. Сейфул-линнің туғанына 90 жыл толуына арналған “Жыр Гималайы”, “Дала дауылпазы” әдеби кештері ете қызықты, мазмұнды өтті. Қ. Әзірбаевтің 100 жылдық торқалы тойына арналған әдеби кеш, оқушылардың ортақ мерекесіне айналды.

Негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің аудандық, облыстық семинарлары өткізілді.

Қағида Базарбаеваның “Класстан тыс жұмыстардың түрлөрі” деген тақырыптағы іс-тәжірибесі республикалық теледидар арқылы насиҳатталды. Оның тәжірибесін әріптестері өздерінің құнделікті сабактарына пайдаланып жүр. Базарбаева Қағидаға 1977 жылы “Қазақ ССР-ның еңбек сінірген мұғалім” деген құрметті атағы берілді, 1983 жылы “Мұғалім – методист” дәрежесін алды. Қазақстан қасіподактары XII, XIII съездерінің делегаты болды. Аты аудандық, облыстық Құрмет тақтасына жазылды, “Қазақ тілімән әдебиетін оқытудағы техникалық құралдарды пайдалану әдісім” деген тақырыпта баяндама жазып, Жамбыл Алматы, Орал, Қекшетау қалаларында өткен педагогикалық оқулар мен конференцияларға қатынасты. Онда Қағида Базарбаеваның баяндамалары жоғары бағаланып, ол Қазақ ССР Оқу министрлігі Педагогика



“Шоқан Үәлиханов” пьесасында F.Мұсіреповтің “Қозы Қөрпеш-Баян сұлу” пьесасындағы Қозының шешесі –Маклалдың рөлдерін шынайлықпен сомдай білді. Қазақ әйелдерінің жақсы қасиеттерінің, заманың терең ақыл-ойлы аналарын көрермендер талғамына тамаша тарту ете білгеч, оның өнеріне елімізге тағымал өнер мәдениет қайраткерлері зор баға берген. “Шоқан Үәлиханов” пьесасында Қағида Базарбаева ойнағанда, шығарма авторы академикжазушы С.Мұқанов пен институт директоры академик М.Ғабдуллин өз пікірлерін айттып, студент жастың талабы мен талантына риза болған еді.

Сонда Мәкеннің Қағиданың қолын алып тұрып:-Тусандың ту қызыым, сен озат студент қана емес, тамаша әртіс те екенсің фой. Сен ойнаған Зейнеп ананың бейнесі мәнің мәңгілік есімде қалады, балам,-деп тебірене сөйлегені бар. Ал атақты өнер шеберлері КСРО халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлов пен Қазақстан халық әртісі Қойшыбаевалар жаста болса жарқырай көрінген, Қағиданың арқасынан қағып, өз ризашылықтарын білдірген болатын.

Қағида әртістік өнерін үстаздық еткен Ленин орта мектебінде де жалғастырды F.Мұсіреповтің “Амангелді” пьесасы облыстық теледидардан көрсетілді. Үйірме мүшелері грамоталармен ділпомдармен наградталды. Сонымен бірге Қағида мектепте қуыршақ театрын да ұйымдастырып, оқушылармен халық ертегісі бойынша спектакль қоюшы еді. Сондай

ғылымдарының ғылыми зерттеу институтының ұсынысы байынша Оку, ағарту, жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері көсіподағы Республикалық комитетінің Құрмет грамоталарымен наградталды. Қағида бір неше жылдар бойы өзінің озық педагогикалық іс-тәжірибесінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне арналған курстар мен семинарларда, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында лекция оқыды.

Қағида Базарбаеваның студенттік шағында да әртістік қабілеті танылған. Оқып жүргенде бірнеше қойлымдарда ойнады. Сол жылдары М.Әуезовтің “Абай” пьесасында Зеренің, С.Мұқановтің

Шоқанның шешесі Зейнептің,

спектакльдердің бірі - "Залым тұлға". Сценарийін үстаз өзі жазып, музыкамен безеңдіруінде өзі басқарды. Бұл спектакль кезінде облыстық теледидардан көрсетіліп, тиісті бағасын жүртшылықтан алған еді. Қағиданың алдынан білім-тәрбие алып шықкан шәкіртері қаша десенеңші! Солардың бірі Қызылжар қаласындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Қағиданың шәкірті Әлия Ғалымқызы Малдыбаеваға "Қазақстан Республикасы оку ісінің озық қызметтері" деген құрметті атағы берілді. Халық театрның көп жылды режиссерлері Дулат Рыспаев пен Боранбай Қажыақпаров Қағиданың шәкіртері болатын:

Жазушы, педагог Сейтен Лиманұлы Сауытбековтің туғанына 95 жыл толуына арналған салтанат көркіті Қызылжар жерінде зор қуанышпен атап етілді. Сейтен тойы Шал-ақын ауданының орталығында және Балуан ауылында болды. Аудан орталығы Сергеевка селосында "Сейтен Сауытбековтың үлптық тәлім-тәрбие идеяларын мектептегі оку тәрбие жұмыстарына енгізудің ғылыми-әдістемелік жолдары" деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияны Қекшетау Университеті мен Ж.Баласағұн атындағы Қыргыз мемлекеттік университеті халықаралық білім жүйесін интеграциялау институты үйімдастырыды. Оны Қекшетау университетінің ректоры, профессор, республикалық "Алаш" партиясының тәрағасы Жанат Жақыпсейітулы Касым мырза ашты.

Конференциядағы ғалым-зерттеуші М.Құрсабаев "Ағартушы ғалым Сейтен Сауытбеков шығармаларындағы үлптық тәлім-тәрбие көріністері", "Алаш-Ұні" газетінің редакторы, "Сейтен тағылымы" атты кітаптың авторы Серік Сапарұлы "Сейтеннің сары кітабындағы этнотәлімдік дүниелер" деген тақырыптарда баяндама жасады. Сейтен Сауытбековтың баласы, Әл-Фараби атындағы Қаз МУ-дің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Сейіл Сауытбеков, қыздары Роза, Гүлнэр Сейтәнқызы, әріптестері сез сейледі. Үлптық әдебиетіміздің мақтанышы жерлесіміз Сәкен сері Жұнісовтің Сейтен-ага туралы "Ер бақыты – үлптың амандағы" деген сезін жиналған халық аса зор ықыласпен үйіп тыңдады.

Сейтен салтанаты келесі күні Балуан ауылында одан әрі жалғасын тапты. Қырық жыл Сейтен Лиманұлы жемісті еңбек еткен жергілікті Қазақ орта мектебіне көрнекті жазушы, педагог, зерттеуші ағамыздың есімі берілді. Мектепте Сейтен Лиманұлының музейі ашылып, ғимарат қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды. Мемориалдық тақтаны аудан әкімі В.Колода және халық жазушысы Сәкен сері Жұнісов ашты.

Тойда, ат шаптырылып, палуандар күресі , тоғызқұмалақ, шахмат ойындарынан жарыстар өткізілді. Женімпаздарға түрлі түсті телевизорлар , бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Салтанатты сәттен кейін ауыл адамдары және жан-жақтан келген қонақтар ауылдың күн шығыс жағындағы "Ботай" ормандарына қарай ағыла бастады,



жап-жасылорманың өн байын жағалай қазактың өю өрнектерімен безендірілген үлкендей-кішілі ақшашқан киіз үйлер тігілген. Тойда ат шаптарылып, палуандар курсе, тоғызықұмалак, шахмат ойындарынан жарыстар өткізіп, жазба және айтышкер ақындаренер жарыстырыды. Қекшетаулық қекусинкай- каратэ федерациясының жекпе-жек шеберлерінің мерекелік көрсетімі тамашаланды. Фалым - ұстаз, жазушы зерттеуші Сейтен Лиманұлы Сауытбековтың 95 жасқа толған салтанатты мерекесінде, биыл ғана Жапониядан әлем чемпионы болып оралған, жиені Шоқан Жанатұлы Қасым жекелей өнер көрсетті. Шоқан - студент, әлем чемпионы, спортшы, "Қазақстан Республикасының спорт шебері" әрі жаттықтырушы. Бұл чемпионатта Шоқанның қарсыластарының төртеуде жапондық каратэшілер еді, қарсыластарын айқын басымдылықпен женіп, екінші қарсыласын-30 сөкундтқа жеткізбей нокаутпен женіп, Баян батырдың жетінші үрпағы Шоқан батыр болып, әлем чемпионы атанды.

Кекшетаулық сазгерлер Иран Тасқараның, Тыныштық Шаменовтың Сейтен ағаға және қызы Гүлнэр Сейтен қызының сөзде-ріне жазылған туындылары орындалды. Эйгілі айтышкер ақын Баянғали Әлімжанов "Манасты", Сейтен Ағаға арналған тамаша толғауын орындады. Женімпаздарға түрлі түсті телевизорлар, бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Жергілікті ақын, сазгер Тыныштық Шеменов Шоқанға өлең жолдарын арнапты:

Қажымұқан ізімен

Жырларым сонан от алды,
Қуантты халқын, Отанды.
Чемпионы әлем атанған,
Мақтамайын қалай Шоқанды.
Жұлдызы жанып, таңы атқан,
Сұрадық сүйінші Жанаттан.
Баласы Шоқан әлемді,
Өзіне бұрып, қаратқан.

Сарықиқидің жұлышының,
Қажымұқан үзіп ең.
Жеңіске жетіп Шоқан да,
Бабалар келеді ізімен.

Шарықта, самға талпын да,
Арманың асқақ алдында.
Қолыңнан берме намысты,
Дайын тұр әзір қалпында.

Отаның саған сенеді,
Жасыңың толар кемелі.
Чемпион тағы атанғай,
Қолыңнан сөнің келеді.

Шоқанға женістен женіске жете бер, нағашы бабаң Баян батырға
ұқса деп тілек білдірейік.

Есмақан ҚОЖАҚМЕТОВ
Қызылжар.

Кел бет

АРТТАҒЫFA ICI МЕН СӨЗІ ҚАЛҒАН

“Өткен күнде белгі жоқ”, - дейді дана халқымыз.

Әйткені, ол сенің ғұмырының бір бөлшегі, ажырамас шежіресі.

Мініе, осыдан аттай елу жыл бұрынғы күндерім есіме тұсіп, ойға оралып отыр. 1953 жылы Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебін бітірген соң Бағира, Қағида, Құлпән, Құлтәй және мен - Оразақова Майра, Алматыға аттандық. Құдай ондап, жолымыз болып, біз бәріміз Абай атындағы Пед. институтының филология факультетіне тұсіп, студент болдық. Бізben бірге Кекшетау облысынан Құлтәй Ұбыраева мен Құсни Хасенова деген екі қыз оқыды.

Сол кездеғінstitut директоры Совет Одағының Батыры, академик Мәлік Фабдуллин қазақ әдебиетінен бізге лекция оқыды. Ол ерекше құрмет тұтар, жүректе сақтар ардақты есімғой. Оның қаһармандық батырлық іс – терең кимылдармен, ғылыми іздептермен ұстаздық, санаткерлік ерөн еңбегімен, қаламгерлік қабілет дарынымен, жан дүниесінін кіршікіз мәлдір тазалығымен, кісілік мейірім – қасиеттерімен әдел инабатымен, үздік жаратылышымен, ақыл парасатымен ерекшеленген тарихи тұлға екенін білеміз. М. Фабдуллин И.В. Панфилов бастаған даңқты 8 – Гвардиялық дивизия құрамында Ұлы Отан Соғысында Мәскеу іргесіндеі қанды шайқаста қаһармандықтың асқан үлтісін көрсетіп, Қеңес Одағының Батыры атағын алды. М. Фабдуллиннің талантты сан қырлы, жан-жақты, әр тарағын. Ол артына көркем проза, аскери мемуарлар, сынни еңбектер қалдырган

ғалым үстаз. Батырлардың тұйғыны, ғалымдардың жүйрігі. М. Габдуллин үлттық фольклор тану ғылымына да субелі үлес қосқан қажырлы зерттеуші. Сондай – ақ жоғарғы оқу орындарының студенттеріне білім берे жүріп, "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" деген үлкен монографиялық еңбек жақынды. әдебиеттің тарихына, сыйнына да араласты. Ол кісі соғыстан кейінгі жылдары өндіре еңбек етіп, ғылым саласында зор табысқа жеткені мәлім. Атап айтқанда, филология ғылымдарының докторы, КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі атағын алды. Ауыз әдебиетіне аса жетік, жастайынан елдің асыл сезін жүрек тубіне түйген Мәлік Габдуллин сабактары аса тартымды да мазмұнды болатын. Арасында нәше түрлі әзіл-қалжың айтып, біздерді серлітіп, күлдіріп алатын

Сондықтан оның әр лекциясына елеңдеп отырушы едік. Айта берсе, нәше түрлі күлкілі жағдайлар да болған. Мысалы: Шекті руының атақты батыры Көтібар жайында айтуға болар еді. әрине, жас қыздар мұндан ерсілеу есімді ауызға алып айтуға именедігі. Сонда асыл аға ол жағын қалжыңға айналдырып, әңгімені әсерлі жеткізуіндік жолын табушы еді... Мәлік аға өте кішіпейіл, жайдары жан еді. Біздің курстың старостасы Бестібек деген жамбылдық жігітпен бірге Илья Молотов деген өлең жазатын үйрімнен жиі келіп шахмат ойнайтын, сықақ өлең шығарып, бөлмеде отырған студенттерді ішек-сілесі қатқанша құлдіретін.

Қағида Базарбаева сабакты жақсы оқыды, қоғам жұмысына және студенттердің көркеменерпаздар үйрімесіне белсенді қатынасты.

-Институтта С. Аманжолов, М. Габдуллин, Н. Оралбаева, М. Сарсекеев, Ш. Сәтбаева сынды білікті үстаздардан тәлім-тәрбие алдық. Олар бізге терең білім берді, өздері де бізден соны талап етті. Педагогикалық практикада методикалық шеберліктің қыр-сырына қанықтыруды. Қағида үстаздарын алыстаң кеткен студенттік жылдарын осылайша еске алады. Ең бастысы – ізденуге үйретті, - дейтін Қағида Базарбаева. Осындағы ұлы тұлғаның дәрісін тындаған Қағиданың жасынчай жарқыраған ұлағатты үстаз болмауы мүмкін емес еді.

Және бірде Мәлік аға Қағидаға: - Талабың таудай екен қызыым, осы жолдан таймасан, сенен тамаша үстаз шығады, - деген болатын. Бұл сез оны одан әрі қанаттандыра түсті.

Мұғалім болу - Қағиданың бала кезінде-ақ көкірегіне ұлаған арманы еді. Бәлкім, бұл мамандықты осынша сүйіп, осынша армандауына "Ынтымақ" ауылындағы бастауыш мектептің сол кездегі мұғалімдері – өзінің жеңгесі Мәптүқа Базарбаева мен оның күрбисы Сағынай Сүгірованың булдіршіндерге деген жүрек ықыласы себеп болған шығар. Ал сез өнеріне құмартуына Қағида оқыған Ленин орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі Жылкелді Мұқановтың қылпали болғаны анық.

1957 жылды институтты бітірген Қағида езі өмірге жолдама алған Ленин орта мектебінен қазақ тілі мен әдебиеті пәннің оқытушысы болып орналасады.

Көзі тірісінде, облысқа, республикаға танымаған Қағиданың тұла бойы тұнып тұрган адамгершілік болатын әсіресе, оның еңбек сүйіштік қасиеті өзеге өнеге тұтарлықтай болушы еді. Ауыл айелінің шаруасы біткен бе. Сонда да Қағида мектептегі жұмысын тиянақтамай үйге қайтпайтын. Оның бойындағы тағы бір ерекше қасиеті ешкімге еш үақытта даудыс көтеріп сөйлемейтін әр нәрсениң байсалды, байыппен түсіндіретін ашу шақыру ол кісіде болмайтын. Үйде де, түзде де өзін бір қалыпты ұстайтын. Қағида жеке басына өте үқыпты болушы еді. Асығып – үсілпәжанталасуды білмейтін, асықпайтында өстеген ісіне көңілін толып отырушы еді. “Оның ең сүйіп оқытын журнал, газеті “Қазақ әдебиеті”, “Жүлдүз”, “Қазақстан мектебі”, “Педагогика”, т.б., оқып отырып, керек жерін қарандашпен астын сызып, дереу өзінің дәлтеріне ерінбей жалықпай көшіріп алтын.” Сүйтіл өзінің шеберлігін шындаудан жалықпады. Тіл кабинетін жабдықтап, оны үнемі жанартып отырды. Қағида қазақ тілі мен әдебиеті сабактарын сапалы еткізу, оқушыларға тиянақты білім беру жолдарын жан жақты қарастырып, бай тәжірибие жинақтады. Ол жабдықтаган қазақ тілі мен әдебиеті пәні кабинеті аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Кабинетке оқушылардың білімін толықтыратын және оларды ізденіске жетелейтін “Ұлы Абай”, “Жыр алыбы”, “Сөнбейтін жүлдүздар”, “Біздің Сәбен”, “Халқымыздың мақтанышы”, (Мұхтар әуезов туралы) “Білімдіден шыққан сез”, “Кластан тысоқу” және сабак сайын материалдарды езгертіліп отыратын “Сөз зергері”, “Бүгінгі сабакта” стенділері әр сабактың сапалы да қызықты етуіне үлкен көмек көрсетеді. Кабинет жабдықтау ісіне оқушылар көп үлес қосты. Заман талабына сай безендіріліп жабдықталған кабинетте лингелефон аппараты орнатылған бай кітапхана бар. Аталған кабинет 1981 жылы паспорт алды, аудандық кабинеттер байқауында талай рет жүлделі орындарға ие болып, кабинет менгерушісі Қағида Базарбаева аудандық оқу бөлімінің Құрмет грамотасымен наградталған.

Кабинетте негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің аудандық, облыстық семинарлары өткізілді. Көп жылғы жемісті енбегі үшін Базарбаева Қағидаға 1977 жылы “Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалім” құрметті атағы берілді, 1983 жылы “Мұғалім-методист” атанды, аты аудандық, облыстық Құрмет тақтасына жазылды.

Қағида Базарбаева Қазақстан Қесіподәқтары 12-ші, 13-ші съездерінің делегаты болды (1982, 1985 жылдары). Қағида Базарбаева талай рет облыстық, республикальық педагогикалық оқуларға қатынасты. 1966 жылы облыстық педагогикалық окуда “Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы техникалық құралдарды пайдалану әдісім” деген тақырыпта баяндама жасаса, 1967 ж. Жамбылда, 1970, 1972 жылдары Алматыда, 1982 жылы Оралда, 1987 жылы Қекшетау қаласында откен педагогикалық оқулар мен конференцияларға қатынасып, баяндама жасады. Қағида Базарбаевың “Кластан тыс жұмыстардың түрлөрі” деген тақырыптағы іс-тәжірибесі

республикалық теледидар арқылы насыхаттанды. Оның тәжірибесін әріптестері өздерінің құнделікті сабактарына пайдаланып жүр.

Озық тәжірибе – ортақ ігілік. Ұстаз өз творчествосындағы сәтті ізденістерін республика мұғалімдерімен бөлісіп “Қазақстан мектебі” журналына бірнеше мазмұнды мақалалар жариялады. Мысалы: “4 кластағы тіл дамыту жұмыстары”, “Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың түйінді мәселелері”, “Сабакта оқушылардың ойлау белсенділігін қалыптастыру жолдары”, “Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі көркеменерпаздар үйірмесінің маңызы” т.б. Қағида бірнеше жылдар бойы өзінің озық педагогикалық іс-тәжірибесін қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімдеріне арналған курстар мен семинарларда, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында лекция оқыды. Қағида Базарбаеваның оқыған баяндамалары жоғары бағаланып, ол Қазақ ССР Оқу министрлігі Педагогика ғылымдарының ғылыми зерттеу институтының ұсынысы бойынша Оқу-ағарту, жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Республикалық комитеттің Құрмет грамоталарымен наградталған. Оқушылардың туған әдебиетіне құштарлығын саятып, білім көюкиегін кеңейттін кластан тыс жұмыс – әдебиет үйірмесі. Үйірме мүшелеңі кітап оқушылар конференциясы, жазушылардың мерекелік мерейтойына байланысты кеш, апталықтар, диспуттар сияқты жұмыс түрлерін жоспарлы жүргізіп отырды.

I. Жансүгіров пен С. Сейфуллиннің туғанына 90 жылтолуына арналған “Жыр Гималайы”, “Дала дауылпазы” әдеби кештері өте қызықты, мазмұнды өтті. К. Әзірбаевтың 100 жылдық торқалы тойына арналған әдеби кеш, мектеп оқушыларының ортақ мерекесіне айналды.

Қағида Базарбаеваның студенттік шағында да әртістік қабілеті танылған. Сол жылдары М. Әуезовтің “Абай” пьесасында – Зеренің, С. Мұқановтің “Шоқан Ұәлиханов” пьесасында Шоқанның шешесі – Зейнептің, F. Мұсіреповтің “Қозы Қерпеш – Баян сұлу” пьесасындағы Қозының шешесі – Мақпалдың сабырлы, байсалды келбетін тамаша жасай білді. Аңа рөлін ойнау, түсінүжап жас қызға оңайға соққан жоқ. Қай рөлді ойнамасын, оны жеріне жеткізе шығаруға бар жан тәнің салатын талантты жан еді. Қазақ әйелдерінің жақсы қасиеттерін заманының терең ақыл-ойлы аналарын көрермендер талғамына тамаша тарту ете білген оның өнеріне елімізге танымал өнер мен мәдениет қайраткерлері зор баға берген.

“Шоқан Ұәлиханов” пьесасында ойнағанда шығарма авторы академик жазушы С. Мұқанов пен институт директоры академик М. Фабдуллиндер қатысып, осы рөл туралы өз пікірлерін айтЫП, студент жастың талабы мен талантына тәнті болған.

Сонда Мәкеңнің Қағиданың қолын алып тұрып: – Тусаң - ту қызыым, сен озат студент қана емес, тамаша әртіс те екенсін ғой! Сен ойнаған Зейнеп аданың бейнесі менің мәнгілік есімде қалады

балам, - деп тебіреңе сөйлемегені бар.

Ал, "Қозы Қерпеш – Баян сұлу" пьесасын қойғанда атақты өнер шеберлері КСРО халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлов пен Қазақстанның халық әртісі Рахия Қойшыбаевалар жаста болса, жарқырай көрінген Қағиданың арқасынан қағып, өз ризашылықтарын білдірген болатын.

Бойына біткен осы тамаша өнерін Ленин орта мектебінде ұстаздық пен қатар ұштастыра білді. Өнерге жақын оқушылар Қағиданың маңайына үймелеп шықпайтын Драмалық шығарма дайарлау оны сахнаға лайықтау – оңай дүние емес. Алайда тәлімгер ұстаз оқушылардың осы өнерге қызығушылығын байқағанда, басқа дүниенің бәрін ұмытып кететін.... Ұстаз басшылығымен драма үйрмесінің мүшелері М. Әуезовтің "Тұнгі сарын", F. Мұсірекіптің "Амангелді", С. Сейфуллиннің "Бақыт жолында", тағы басқа пьесалар бойынша спектакльдер даярлап, мектеп оқушылары мен жүртшылық назарына ұсынды. Бұл спектакльдер оқушылардың аудандық, облыстық көркеменәрпаздар байқауында жүлдеді 1-ші орынға ие болды. F. Мұсіреповтің "Амангелді" пьесасы облыстық теледидардан көрсетілді. Үйрме мүшелері грамоталармен, дипломдармен марапатталды. Сонымен бірге Қағида мектепте қыурышақ театрын да үймдастырып, оқушылармен халық өртегілері бойынша спектакльдер қоюшы еді. Сондай спектакльдердің бірі – "Залым тұлқі" болатын. Оны халық өртегісі бойынша жасады. Жана кейіпкерлер қосып, сюжеттің өзгеріс енгізді. Сценарийін ұстаз өзі жазып, музыкамен көркемдеуін де өзі басқарды. Бұл спектакль кезінде облыстық теледидардан көрсетіліп, тиісті бағасын жүршылықтан алыш еді. Қағида Базарбаеваның алдынан тәлім-тәрбие алып шықкан шәкірттері қаншама десенізші! Солардың бірі Петропавл қаласындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған пимназия- интернатының Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Элия Фалымқызы Малдыбаева. Ол – Қағиданың тәл шәкірті. Ол 1975 жылы ҚазМУ бітіріп, осы қара шаңыраққа келген болатын. Содан бері осы орында жемісті еңбек етіп келеді. Оның жолын қуған із басарларыда аз емес. Элия Фалымқызы "Қазақстан Республикасы оқу ісінің құрметті қызыметкері", "Қазақстан Республикасының оқу ісінін үздін". Шалақын ауданындағы Ысқақ Ыбыраев атындағы кеңшарда ұзақ уақыт бойы халық театры жұмыс істеген болатын, ауыл көрермендері жұмыстан қолы босаса, кешке таман клубқа қарай ағылатын. Бұл театрға да Қағиданың көп еңбегі сінді. Осы театрдың көп жылты режисерлері Дулат Рыспаев пен Боранбай Қажықпаров – Қағиданың шәкірттері болатын.

Иә, Қағида Базарбаеваның өмірі ұлағатқа толы өмір. Бірақ өмірде өкініш болмай қоймайды ғой. Орын толмас өкініш.... Небары 54 жасында өмірден озды. Дегенмен:

"Арттағыға ісің мен сезің қалса,

Өлсөң де өлмегенмен боласын тең!" - деп ұлы Абай айтпақшы,

қалдырған ісі, ізі, сөзі оған мәңгілік ғұмыр береді.

Есмақан Қожақметов, Қағиданың жолдасы
Майра Оразақова, әріптесі, сыйлас құрбысы.
Қызылжар 2003 жыл

АҒЫЛШЫН ӘЗІЛДЕРІ МӘСЕЛЕ – МҰҒАЛІМДЕ.

Мұғалім шалағай шәкіртінің біреуін сабактың соңынан алып қалды да, кейісті кейіппен былай деді:

- Мен сенің жасында арифметикаға аттай жүйрік едім.
- Иә, - деді оқушы ойланып, - менің мұғалімімнен сіздің мұғаліміңіз басқа болғаны фой.

ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖАУАБЫ

-Кондуктор:

- Сіз қарсы болмасаңыз, мына жүргізіді жолдан былайырақ қойсаңыз қайтеді, сәр? Біреу – міреу сүрініп жырылуы да мүмкін.
- Жолаушы сабырлық сақтап отыра берді. Сөлден соң ғана самарқау жауап берді.
- Қозғаманың. Егер оған ешкім сүрінбесе менің ұмыт қалдыруым ғажап емес.

ҰСТАЗЫ ҰРЫСТЫ

- Сен бүгін де сабакқа кеш келдің. Әлті әзірде ғана оянған оқушы:
 - Кешіріңіз, сәр, - деп міңгірледі. – Мені қара басып, ұйықтап қалыптың.
 - Құдай-ау, үйде де осылай үйкітасың ба?
- Шешесі: - Джони, буфеттегі екі кесек торттың бір кесегін көрдің бе?
Джонни: - Жоқ, мама, қараңғы болып екінші кесегін көре алмадым.

* * *

Мұғалім: - Бірге екіні қосса қанша болады?

Алик: - Білмеймін.

Мұғалім: - Жарайды, Алик, ойланышы өзің. Мысалы, мен саған алдымен екі ит бердім, содан кейін тағы бір ит бердім, сонда барлығы неше ит болды?!

Алик: - Төрт ит.

Мұғалім: - Неге?

Алик: - Менің өзімде де бір ит бар.

* * *

Ник: – Ана кісіге қарашы, мама, басында түк шашы жоқ.

Шешесі: – Тыныш отыр, балам, естіп қойса ұят болады.

Ник: – Ол өзі мұны білмей ме?

* * *

- Ата, неге сенің сақалың қара, шашың ақ?
– Себебі, басым сақалымнан жиырма жас үлкөн.

* * *

- Алты жасар Бобби әкесінің қасына келіп:
– Әке, менің Арктиканы зерттеуші болғым келеді, – деді.
– Мұның жақсы екен.
– Онда күн өте-мөте сұық шығар? – деді баласы.
– Иә.
– Олай болса, мен өзімді оған дағдыландыруым керек. Соңдықтан маған күн сайын бір доллар беріп отыр, ал мен оған балмұздақ алып жеймін.

* * *

- Бірде үнді королі бір философтан былай деп сұрайды.
– Жалған сөйлеген адамды қалай жазалау керек?
Философ сәл-ойланып:
– Кімде-кім олардың сөзін тыңдайтын болса, сол адамның құлағын кесіп алыңыз, – дейді.

* * *

- Бүгінгі істі ешқашан да ертеңге қалдырма, – деп шешесі баласына ақыл айтқанда:
– Ендеше мама, – депті баласы, – жаңағы жүзімнің қалғанын бүгін жейік те...

* * *

- Том, мен сенің мұғаліміңмен сұбхаттастым. Ал сенен сұрапым мынау: класында кім жалқау?
– Білмедім оны.
– Ойлан, білесің. Басқа балалар сабактан бас алмай отырғанда бостан-бос қарап отыратын кім?
– Ол біздің мұғалім ғой.

* * *

- Ал айтшы, адамда неше қабырға болады?
– Кешіріңіз, басқа біреу болмаса, мен ақырына дейін санай алмаймын.
– Неге? Не себепті?
– Ой, мен сондай қыттықшылмын...

* * *

- Мына картадан Американы кім көрсете алады? – деді мұғалім.
Алик ортаға шықты да, сәл-пәл іздел, бірақ дұрыс көрсетті.
– Жарайды, – деді мұғалім. – Сейтіп Американы кім ашты?

Балалар бірауыздан:

– Алик ашты! – деді.

* * *

– Орыс тілінен орындаған жұмыстарың жап-жақсы. Бірақ ана тілінен ақсал тұрсың.

– Иә, мениң мамам ағылшын тілін жетік білмейді.

* * *

– Беті-қолыңды неге жумайсың! Боб? Таңертең не ішіп-жегенің көрініп тұр.

– Не көрініп тұр, мұғалім?

– Жұмыртқа.

– Жоқ, мұғалім, Жұмыртқаны кеше жегем...

* * *

– Балам, ауырсаң тілінді көрсет, – деді дәрігер. Бірақ бала аузын ашпады.

– Мениң ауруымды ешқандай тіл айта алмайды.

* * *

– Бобби, егер сен таңертеңгі тамақты әр уақыт жақсылап ішетін болсаң, деңсаулығың мықтЫ болып, бойың тез өседі.

– Жоқ, ол маған қажет емес. Бойым тез өссе, тез қартайып қаламғой.

* * *

Кішкентай Том мектептен үйіне оралғанда қолтығына қысып бір кітап ала келді.

– Мынау жүлде, – дейді ол шешесіне.

– Жүлде? Ненің ақысына, айналайын?

– Бүгін біздің мұғалім “Түйекұста неше аяқ бар” деп сұрады. Мен үш аяқ бар дедім. Ал қалған оқушылар тerteуден таңбады. Бірақ түйекұста екі ғана аяқ бар екен! Сондықтан мениң жауабым шындыққа сәлжакын шықты.

* * *

– Бобби, інің болмаса қарындасың бар ма?

– Мениң жеті айға толған інім бар, – дейді ол.

– Ол не істей алады?

– “Папа”, “мама” деп сөйлейді.

– Ол жүре ала ма?

– Жоқ тағы, өзі өте жалқау.

* * *

– Бобби, сен неге айнаға екі көзінді жұмып қарайсың?

– Мен ұйықтағанда өзімнің неге үқсас екенімді көргім келеді.

ПОЕЗДА

Бір купеде келе жатқан сапарластар өзара сырласып отыр:

- Бала-шағаның бар болар?
- Иә, сәр, бір балам бар, деді әйел
- Кешіріңіз, балаңың шылым тарта ма?
- Жоқ, сәр, ол ешuaқытta сигаретті қолына ұстаған емес.
- Мұнысы өте жақсы екен бикеш. Спортпен айналыса ма?
- Жоқ, тіпті ойына алмайды да.
- Онда мен сізді құттықтаймын. Кешірерсіз, мүмкін үйге кеш оралатын шығар?
- Жоқ ол уақытта түскі тамақтан кейін үйиқтайды.
- О, онда ол өнегелі жігіт екен, бикеш, өзі неше жаста?
- Бүгін оның туғанына 10 ай толады, – деді әйел күлімсіреп.

ЕКІ ДОС

Екі дос саяхаттап Лондонға келеді. қалаға келгеннен кейін екеуі ресторанға кіреді. Олар келіп отырған столдың үстінде бұрыш салынған ыдыс түр екен.

Бұрын бұрыштың дәмін татып көрмеген біріншісі қасықтап әузына салады. Солак екен екі көзі жасаурап өні бұзылып кетеді.

- Достым, сен неге жылап отырсың?
- Бұдан жиырма жыл бұрын асылып өлтірілген бақытсыз әкем, есіме түсіп, деп кенкілдейді анау.

Әбден аң-таң болған екіншісі де бұрышты асайды кеп. Көзінен жас тамшылары бұршақтап атқып кетеді.

- Эй, сен неге жылап отырсың? – дейді аузы күйген досы.
- Мен сенің бұдан бірнеше жыл бұрын сорлы әкеңмен бірге асылып өлтірілмегеніне жылап отырмын.

* * *

Әкесі: Шешенін рұхсат сұрадың ба: бұл алманы саған алуға бола ма, жоқ па?

Бала: Иә, болады.

Әкесі: Байқа, қазір мен білейін, егер ол "сұраған жоқ" десе, өтірік айтқаның үшін жазалаймын. Сен өзі сұрап па едің?..

Бала: Рас, еке, мен сұрадым. Ол маған алманы алуға болмайды, деген

* * *

Бір кісі аптекаға келіп бас дәрісін сұрады. Аптека қызметкері бір шыны мұстір спиртін келушіге іісіктіп еді, ол есінен танып қалды. Ал есін жинағаннан кейін аптека қызметкерін сөге бастады.

- Сіздің басыңыздың ауруы әлі басылған жоқ на? – деп сұрады аптека қызметкери.

Келушінің жан даусы шықты:

- Ауырған менің басым емес еді, әйелімнің басы еді!

* * *

Мұғалім: Фрэнк, жалмауыз деген не?

Фрэнк: Білмеймін, мырза.

Мұғалім: Жақсы, егер әке-шешенә жеп қойсаң, онда кім болар едің?

Фрэнк: Жетім боламын, мырза.

* * *

Хэрри: Мұғалім, егер оқушының бір нәрсәні орында маса, сіз оған үрсасызыз ба?

Мұғалім: Эрине, жоқ.

Хэрри: Бұл жақсы болды-ау, мен үй жұмысын орында май келіп ем.

* * *

– Мама, біз зоопарктегі пілдер болып ойнайдымыз. Қане, сіз де менімен бірге ойнаңызышы.

– Жарайды, Бобби, бірақ менің не істеуім керек?

– Сіз кішкентай қызы боласызы да, пілге алма мен кемпіт беріп тұрасызы...

* * *

Шешесі: Мэри, көйлөгің неге салтақ-салтақ? Беті-қолың да кір. Сен менің көйлөгімнің ң қолымның кір болып жүргенін көрдің бе?

Мэри: Мен сіздің кішкентай қызы кезінізді көргем жоқ қой...

* * *

– Том, сенің әкең болса мұғалім, ал сен не оқи, не жаза білмейсің.

– Сенің әкең болса дәрігер, сенің кішкентай ініңнің аузында әлі бірде-бір тісі жоқ, – деп жауап қайтарды, Том.

* * *

– Мен сабакқа барада қолдарымды жумаймын, – деді Дэн.

– Неге жумайсың? – Шешесі дүрсे қоя берді. Баласы сасқан жоқ:

– Мен ешуақытта сабак үстінде қолымды көтермеймін.

* * *

– Әкем екеуміз бұл дүниедегінін бәрін білеміз, – деп кішкентай бала досына мақтана қарады.

– Жарайды, олай болса айта қойшы: Азия қай жерде?

Сұрақ балаға қыын болған мен, ол іркілместен жауап берді:

– Бұл әкем білетін сұрақтардың біріғой.

* * *

– Сен неге жылап тұрсын, Бобби?

– Құс тұрған торды тазалап ем, ұшып кеткені... – деді.

– Сен оны қалай тазалап едің?

– Шаңсорғышпен, – деп жауап берді Бобби.

* * *

– Көнө, балақай тілінді көрсет, – деді дәрігер.

– Жоқ, болмайды. Үйде тілімді шығарғанда мамам мені әрдайым жазалайтын, – деді бала.

* * *

Бірде Англияда, қонақүйде таңертенгі тамағын ішіп отырған адам құйылған сусынның дәмін татып, даяшыдан:

– Мынау шай ма, әлде кофе ме? – деп сұрады.

– Ажырата алмай отырсыз ба, Мұрза?

– Иә.

– Онда сізге бәрі бір емес пе, – деді даяшы міз бақпастан.

* * *

Ресторанда тамақ ішіп отырған кісі даяшының бір шынаяқ кофені қасықсыз әкелгенін көріп:

– Мына кофені саусағыммен арапастыруға тым ыстық екен, – деді.

Біраздан кейін даяшы столға екінші кофені әкеліп:

– Мүмкін, мынау онша ыстық емес шығар, – деді.

АҚИҚАТ – АҚЫЛ АЙНАСЫ (ағылшын ертегісі)

Бір күні шау тартқан шалтерен өзеннің жағасындағы қалың орманға отын кесуге келеді. Ол күні бойы жұмыс істеп, әбден титықтайды. Бір кезде балтасы қолынан сусып кетіп, суға күмп ете түседі.

– Ойпирмай! Балтамнан айрылып қалдым-ау, – деп ол өкіне бастайды. – Енді қалай тіршілік етем? Енді не істеймін? Өзен болса терен, суға сұнгуге қорқам. Кім маган жәрдем етер екен?

Сол сәтте Меркурий шалдың жылағанын естіп, оның алдынан шыға келіп:

– Саған не болды, байғұс? Неге соншама қайғырып тұрсың? – деп сұрайды.

Болған оқиғаны айтқаннан кейін, Меркурий көмектесуге уәде береді. Ол өзенге сұнгіп, судан алтын балтаны алып шығады.

– Мынау сенің балтаң ба? – деп сұрайды.

– Жоқ, бұл менікі емес, – деп жауап береді шал.

Меркурий қайыра сұнгіп, судан күміс балтаны алып шығады.

– Мынау сенің балтаң ба?

– Жоқ.

Сонымен Меркурий үшінші рет суға сұнгіп, шалдың қолынан сусып түскен балтаны өзеннен алып шығады.

– Мынау менің балтам, – деп шал қуанғанынан жылап жібереді.

Меркурий оның шындықты айтқанына разы болғаны сондай, қалған екі балтаны да оған сыйлайды да, көзден файып болады. Шал оған "рахмет" деп айтуға да үлгере алмай қалады.

Балтанаң сәті түсіп табылғанына қуанып үйіне келеді. Үйіне келген соң достарына болған оқиғаны түгел айтып береді. Достарының біреуі өзінін бағын сынап көрмекші болады. Сол жерге барып суға балтасын тастап жіберіп, ол өтірік жылай бастайды:

– Ойпырмай! Балтамнан айырылып қалдым. Қалай тіршілік етем? Енді не істеймін? Кім маған жәрдем етер екен?

Әдеттегідей Меркурий су астынан шыға келіп, өлгі кісінің әңгімесін тыңдағаннан кейін тұңғибыққа сұнғиді. Алтын балтана алып шығады.

– Мынау сенің балтаң ба? – деп сұрайды.

– Иә, менің балтам, – дейді шалдың досы.

– Сен маған шындықты айтып тұрған жоқсын, – дейді Меркурий, – сондықтан мына балта түгіл, ана балтана да алмайсың, суға өзінің ақылсыздығынан тастап отырсың.

АҚЫЛДЫ КЕДЕЙ

Бірде салтатты кедей соқпақ жолмен қалаға келе жатты. Кешке таман қалжыраған ол атын ағашқа байлап, көлөңкеге отырып, кешкі тамағын ішуге кірісті. Кешікпей бір бай да тоқтап, атын солағашқа байлай бастады.

– Атыңызды ол ағашқа байламаңыз, – деді кедей. – Менің атым асау, мүмкін, зақым қылар. Келесі ағашқа байлағаныңыз жөн болар.

– Қай жер маған ұнаса, сол жерге атымды байлаймын, – деді бай.

Сонымен ол атын сол ағашқа байлап отырып тамақтануға кірісті. Бірнеше минуттан кейін олар кісінесекен жылқылардың даусын естіп, екі аттың тебісіп жатқанын көрді. Жүгіріп барса: байдың аты өліп жатыр.

– Сен атыңың не істегенін көрдің бе? – деп бай айғайлады. – Енді аттың құнын төлеуге тиістісің, – деп кедейді судьяға алып келді.

– Сенің атың оның атын өлтіргені рас па? – деп сұрады судья кедейден.

Бірақ кедей ешқандай жауап қайтарған жоқ. Судья оған бірнеше сұрақтар қойса да, кедей ләм-мим демеді.

Ақыр-аяғында судья ақырып:

– Мен не істеймін енді? Мына кісі тіл қатар емес.

– Апыр-ау, ол сейлелегенде бізден артық сейлейді. Мен келгенде ол менімен сейлескен, – деді бай.

– Сенің көзің жетіп тұр ма? – деп сұрады судья. – Ол саған не айтты?

– Эрине, менің көзім жетіп тұр, – деді бай. – Ол маған “Мен байлаған ағашқа атынды байлама, менің атым асау, мүмкін, атыңа зақым келтірер”, деген.

– Апыр-ау, кінәлі өзін екенсің ғой, – деді судья. – Ол саған ол ағашқа байлама деп ескертті, сондықтан ол аттың құнын саған төлемейді.

Ол кедейге қарап, неге оның жауап бермегенін сұрады.

— Сіздің сұрағыңызға жауап бермегенім кедейден бұрын байдың айтқанына сенеді ғой деп ойладым. Соңдықтан мен бәрін де оның өзі айтсын дедім, енді кім кінелі, кім кінәсіз екенін өзіңіз көріп түрсyz ғой, - депті кедей.

* * *

Сиқыршы жаңа ойын көрсетуге өзірлік барысында кішкентай ұлының концерт кезінде көмектесуін сұрады. “Сахнаға біреуін шығыңдар дегенде, сен бірден шығуға тиістісің. Бірақ ештеңе іstemе, ешнәрсе айтпа, залда отырган көрермендер сенің мені білетініңді байқап қалуы мүмкін”, – деді сиқыршы.

Кешкіліктे сиқыршы сахнаға шығып: “біреуін көмектесіндер”, – дегені сол еді, баласы тез-тез басып алға шығып, сахнаға көтерілді.

— Мына балаға қараңдаршы! – деп сиқыршы айғайлады. Ол – мені ешuaқытta көрген жоқ, көріп пе едің, достым?

— Жоқ! – деді баласы.

* * *

— Атың кім, жас жігіт? – деп сұрады офицер әскерге шақыру пунктінде.

— Джим Смит, сәр.

— Сенің әскерге барғың келе ме?

— Эрине, сәр.

— Қай жерде әскери қызметінді атқарғың келеді?

— Соғыс-теніз флотында болғым келеді.

— Сен жүзе білесің бе?

— Соғыс-теніз флотында кемелер болатын шығар деп ойлаймын, сәр.

ЖҰМЫРТҚАНЫ ҚАЛАЙ АТАЙДЫ?

Саяхатқа шыққан француз жігіті Англияға келеді. Ол ағылшын тілінде ежелгілік сөйлем алғанмен, әлі толық менгерге алған жоқ еді.

Бірде ол қонақ үйде тамақ ішіп отырган кезде жұмыртқаға заказ бергісі келеді. Бірақ ол “жұмыртқа” деген сөзді есіне түсіре алмайды.

Кеңет терезеден аулада жүрген қоразды көреді. Ол тез даяшыдан: “Мына құсты ағылшынша қалай атайды?” деп сұрайды. “Қораз”, – дейді даяшы. Содан кейін француз жігіті қораздың ұрғашысын қалай атайтынын сұрайды. “Мекиен”, – дейді даяшы. Енді ол мекиеннің балаларын қалай атайтынын сұрайды. “Балапан”, – дейді даяшы.

Ақыр сонында француз балапандар туғанға дейін оларды не деп атайтынын сұрайды. “Жұмыртқа”, – деп жауап қайырады даяшы.

— Өте жақсы! Құдай тілеуіңізді берсін, маған екі жұмыртқа, кофе және майға пісірілген нан әкеліңіз, – деп француз жігіті ішпей-жемей тойғандай болады.

* * *

Рота командирі хатшыдан:

- Сен іс қағаздарыды қайда сақтайсың? – деп сұрады.
- Берік сандықта, сэр.
- Сенімді ме?
- Эрине. Сіз оны ешқандай кілтпен аша алмайсыз.
- Онда өзің қалай ашасың?
- Шегемен, – деп жауап қайтарды ол

* * *

– Дәрігер, – деді бетін баттастырып бояған толық әйел бөлмеге кіргеннен кейін, – маган не болғанын білгім келді, сіз соны айтыңызшы?

– Мақұл, біріншіден, сіз тым толықсыз, екіншіден, бетіңізді аз бояңыз, ал үшіншіден, мен – мұғаліммін. Дәрігер келесі қабатта қабылдайды.

* * *

Джо: – Сен қолыңды неге таңып алғансың?

Том: – Отынның арасында жылан көріп едім, ол таяққа айналып кетіпти.

Джо: – Оnda қолыңды неге таңып жүрсің?

Том: – Таяқты алып, жыланды үрайын деп едім, ол таяғым жылан болып шықты.

* * *

Шешесі: Мұндай жаман сөздерді айтуыңды тоқтат.

Баласы: Ол сөздерді Шекспир қолданған.

Шешесі: Жақсы, бұдан былай ол баламен ойнауыңды қой.

* * *

Екі адам Лондон қаласындағы ең тар көшеде машиналарымен қарама-қарсы келіп қалды. Олардың ешқайсысының шептіп, бір-біріне жол бергісі келмеді. Біреуі қалтасынан газет алып, оқи бастады. Бір сағат өткеннен кейін екінші жүргізуши сыйпайған:

– Оқып болғаннан кейін, сіз газетіңізді маган бермейсіз бе? – деді.

* * *

Мұғалім бір римдік кісінің Тибр өзенінен таңертеңгі тамаққа дейін үш рет жүзіп өткендігін айтқанда оқушы құлді.

– Сен жақсы жүзгіштің малтымпаздығына сенбей отырсың ба? – деп сұрады мұғалім.

– Жоқ, мырза, – деді бала, – бірақ мениң таң қалып отырганым: неге ол төрт рет малтып, ар жақтағы киіміне бармайды.

* * *

Мұғалім: – Біз қойдан не аламыз?

Томми: – Жұн.

Мұғалім: –Ал жүннен не жасаймыз?

Томми: –Білмеймін.

Мұғалім: –Жақсы, сенің пальтоңды нeden жасады?

Томми: –Менің пальтомды әкемнің есік пальтосынан жасады.

* * *

Ерте уақытта Нью-Йорктен Вашингтонга жол жүрген кісілер пәуескемен немесе салт атпен баратынды. Олар жолда қонақ үйіне тоқтап, аттарын ауыстырып, дем алады екен.

Бірде бейтаныс конгрессмен түнде қонақ үйіне келіп ат басын тірейді.

Үй иесі оның демократ әлде республикашыл екенін білгісі келеді.

–Сен оны неге сұрадың? – дейді конгрессмен.

–Жақсы, – деді үй иесі, – менің білгенім республикашыл болса жақсы тамақ ішкенді, жайлы төсекті ұнатады, ал демократ болса атының күтіміне, жемшөп жегеніне көбірек көніл аударады.

–Онда өзім –республикашыл, атым – демократ екенін сізге білдіргім келеді, – дейді конгрессмен.

* * *

Бір жақсы дәрігердің жазуы нашар болған екен. Бір де ол досына хат жазып, бір кешті бірге өткізуді, көніл көтеріп, музыка тыңдауды ұсыныпты. Досы шақырылған кешке келменті, тіпті хатқа жауап жазып, себебін де хабарламапты.

Арада біраз қун өткеннен кейін екі дос кездесіп қалады.

–Шақырылған кешіме келмедин, хатыма да жауап бермедин. Мұның себебі қалай? – депті дәрігер.

–Саған көп рахмет! Мен онымен аптекаға барып дәрі алдыым. Қазір өзімді жақсы сезініп жүрмін; – деп жауап беріпті сонда досы.

* * *

Режиссер: – Қазір сен төртінші қабаттан секіріп, жерге түсуге тиістісің.

Артист: – Байқаңыз, мен жарапланып, не өліп кетіп жүрмейін.

Режиссер: – Оқасы жоқ, бұл фильмнің соңғы көрінісі.

* * *

Шешесі: – Бүгін балық майын немен ішкің келеді қалқам?

Баласы: – Шанышқымен.

* * *

Бір әйел өзінің суретін салдыруға суретші жалдал:

–Суретім жақсы болып шыға ма? – деп сұрапты.

–Әлбетте! Сіз өзіңізді тани да алмай қаласыз! – деп жауап беріпті сонда суретші.

Баласы:

—Әке, мен тіс ңемесе құлақ дәрігері болайын ба?

Әкесі:

—Тіс маманы болғаның дүрыс, балам. Өйткені адамда отыз екі тіс болады, ал құлақ болса екеу-ақ қой.

ШАЛ МЕН АКУЛА

—Иә, ханым, — деді шал сезуар әйелге. —Өзенде кемемен жүзіп келе жатып, сүрініп суға құлап түскенімде акула жетіп келіп, аяғынан шап етіп ұстап алды.

—Сұмдық-ай! — деді әйел шошынып. — Ал сіз оған не амал істедіңіз?

—Аяғымды жегеніне ешқандай қарсылық көрсеткем жоқ ханым. Ешуақытта акулалармен сөз таластырығым келмейді, — деді шал

ӨТЕ СУЫҚ

—Біздің болған жерімізде ауа райы өте суық болды, — деді Арктиканы зерттеуші — жаққан шырағымыз қатып қалып, біз оны үрлеп сөндіре алмадық.

—Бұл ештене емес! — деді екінші біреуі. — Біздің болған жерімізде сейлекен сөзіміз аузымыздан кесек-кесек мұз болып шығып, біз оларды ертіп не тұралы әңгімелескенімізді білген едік, — деді.

МЫСЫҚТАР НЕГЕ ТАМАҚТАН СОҢ ЖУЫНАДЫ

Бір күні бір шымшық фермердің ауласына үшып келді. Ол сол жерден бірдене теріп жеуге дағдыланған-ды. Шаң-тозаның арасында бір жерден екінші жерге үшып қонып, қарны тойғасын өндете бастайтын. Тим атты бұл шымшық тамақсау еді, тәбеті ашылып, тамақты әрқашан көп жетін. Бұл жолы да ол айналасын бақыламады, сондықтан үй сыртында аңдып отырған үлкен қара мысықты көрmedі.

—Қарным ашып отырғаны-ай, — деді мысық. — Сәті түссө тамағым ток болар.

Шымшық азды-көпті тапқан тамағын жеп болып қанаттарын тарана бергені сол еді, мысық бір-ақ ырғып тарпа бас салды.

—Міне, дәмді тамақ!, — деді мысық қуанып.

—Мені жеменіз, мысық мырза, — деп жалынды көрі Тим.

—Жеймін, — деп бір-ақ қайырды мысық. — Маған сенің көркін де, әнің де керек емес, өзінді жесем болды. Мысық жайланаң алып, шымшыққа ауыз сала бастады.

—Жоқ, мысық мырза, бұлай істеуге болмайды.

—Е, неге болмайды? Менің рақымым түседі деп ойлама!

—Сіз беті-қолыңызды жуып па едіңіз?

—Жоқ, ал онын не қажеті бар? — деді мысық.

—Сізге туыстарыңыз не үйреткен? Алдымен беті-қолыңды жуып алмай ас ішуге бола ма екен, — деді шымшық.

—Сен мені жуынбады деп ойлайсың ба?

—Эрине жуынған жоқсыз. Адамдар жуынбай асқа отырмайды. Нанбасаңыз сұрап көріңіші.

—Жә, сенікі жөн екен, — деді қарны ашқан ашулы мысық. —Алдымен жуынып алып, асқа сосын кірісейін.

Мысық жуынып-таранып жатқанда Тим ұшып кетті. Ол алданғанын сонда бірақ сөзді: Ал Тим болса биік ағаштың басына қонып алып, әніне басты.

Зығырданы қайнаған әрі қарны ашқан ашулы мысық оған өтты көздерін атудан басқа дәрмені жоқ еді.

—Адамдар өздеріне ұнағанын қыла берсін мен өндігөрі ас ішпей тұрып жуынбаймын!

Сол күннен бастап барлық мысық атаулы тамақ ішкеннен кейін ғана жуынатын болған.

САЯХАТШЫ МЕН ӘМИЯН

Екі саяхатшы қатар келे жатыр еді, олардың біреуінің көзі жерде жатқан әмиянға түсті, соны алып жатып:

—Мен қандай бақытты адаммың, — деді ол. —Әмиянды мен тауып алдым. Өзі ауыр екен, мүмкін, іші толған алтын болар.

—Әмиянды мен тауып алдым деп айтпа, — деді қасындағы серігі, — әмиянды біз тауып алдық. Біз қандай бақытты адамбыз деп айт. Әдетте саяхатшылар бір-бірінә көмектеседі гой егер олар бірнәрсе тауып алса, оны екеуі өзара бөлісіп алады.

—Жоқ, жоқ. Мына әмиянды мен тауып алдым, оны өзімде сақтаймын.

Осы кезде олар: "Тоқта ұры!" — деген айқайды естіді. Олар айнала қарап, жүгіріп келе жатқан бірнеше адамды көрді. Әмиянды тауып алған адам:

Егер олар әмиянды тауып алса, біз құрыдық, — деді.

—Жоқ, жоқ, — деді екіншісі. — Сен біз деп айтпа, өнді мен деп айтуда тиістісін. Мен құрыдым деп айт.

ҮЛКЕН ҚОЛ – МОЛЫРАҚ

Бір әйел кішкентай баласы мен нәрсे сатып алуға базарға барады. Олар шие сатып тұрған кісінің жанына келген екен. Сатушы кішкентай баланы жақсы көріп.

—Бір уыс шие ала ғой, балақай, — дейді. Бала шие салған жәшіктің жанына келді де қолын созып, қайта ала қойды. Шие алған жоқ.

- Саған шие ұнамады ма? – деп сұрады сатушы.
—Эрине, – деді бала. Сатушы кісі молырақ қып бір уыс шиені алып, оны балаға берді.
—Рахмет! – деді бала.
—Боби, – деді шешесі жолда үйге келे жатқанда, – сен шиені неге өз қолыңмен алмадың?
—Себебі ол кісінің қолы мениң қолымнан үлкенірек қой, – деп жауап берді бала.

ҚОРАЗ БЕН ТҮЛКІ

Бір күні бұлаңдаған қызыл тұлкі тау баурайына орналасқан фермердің ауласынан әдемі қоразды кездестіреді де, ретін тауып үрлап алып кетеді. Мұны андал қалған село тұрғындары тұлкінің соңына түсіп, улап-шулап қуа жөнеледі. Ал, тұлкі болса ауызындағы әдемі қоразды мықтап қыса түскен бойы бар пәрменімен қашып келеді.

Тұлкіге түскі тамақ болғысы келмеген әдемі қораз құтылудың амалын ойластырады. Соңдағы ойлап тапқаны мынау–қалай да тұлкінің қарысыын қалған жағын ашқызу. Соңдықтан ол тұлкіні асыра мадақтап:

—Артымыздығы қуып келе жатқандар өңшең, ақымақтар екен. Олар сені қалай ұстасын, сенің де оларға жеткізер түрін жоқ тұлкі, – дейді ол Атаққұмар тұлкі бұл сөздерге разы болып, масаттанып қалады.

Осы кезеңді пайдаланған қораз сөзін одан өрі жалғастырып:

—Естисің бе, сенің артыңдан қуып келе жатқан адамдар: “Тоқта, ұры!” деп шулайды. Олардың сені ұстағылары да келмейді. Сен тоқта да оларға: “Мен ұры емеспін, бұл менің өз қоразым, ешкімнің де қоразын ұрлаған жоқпышын” – деп неге айтпайсың. Соңда олар кері бұрылышпен өз жөндеріне кете барады ғой, – дейді қораз.

“Бұл бір жақсы ақыл болды ғой” деп ойлаған тұлкі басын жоғары көтеріп алып, бар даусымен:

—Бұл менің өз қоразым. Сендердікі емес, – деп айғайлайды.

Осы сәтті пайдаланған әдемі қораз тұлкінің аузынан құтылып шығып, фермердің ауласынан қарай қаша жөнеледі.

КІНӨЛІ АҒАШ

Бірде паркте серуен құрып келе жатқан қатал полковник өз полындағы жәй киім киген лейтенанттың бір жас әйелмен әзілдесіп отырғанын алыстан байқап қалады. Полковникті көзі шалып қалған жас лейтенант өсіп тұрған жеңішке ағаштың тасасына барып тығыла қояды. Келесі күні полковник оны кабинетіне шақырып алып:

—Сен кеше кешке паркте не жәй киіммен жүрдің? – деп сұрайды.

Мен оған кінөлі емеспін, ағаш кінөлі. Әйткені ағаш онша толық болып өспеген екен, – деп тапқырлықпен жағуап береді лейтенант.

ШЕГЕНІ ҚАЛАЙ ҚАҒУ ҚЕРЕК...

—Мен шеге қақсам-ақ болғаны саусағымды соғып аламын. Бұдан қалай құтылудың амалы бар ма? Білсөніз айтыңызшы.

—Менің саған айттар жалғыз әқылым мынау: шеге қаққанда балғаны екі қолыңмен ұстағайсың.

КЕЛІСТІ-АУ, БІРАҚ...

—Бұл Нора ма? – деді Вилли трубкадан.

—Иә, сейлем тұрған Нора, – деп жауап қайтарды қыз.

—Маган тұрмысқа шық, Нора! Және мүмкін болса тезірек...

—Жақсы, мен келістім. Бірақ сейлем тұрғаң кім екен?

БАҒБАН ТАҢДАУ

Бір әйел бау-бақшасына бағбан қажет болып газетке хабарландыру береді. Сол хабарды естіген сон үйіне екі үміткер келеді. Солардың біреуін таңдалу керек.

Ол келгендермен босағада әңгімелесіп тұрғанда кейінірек отырған кемпір екеудің аласа бойлышын нұсқап, ымдайды. Әйел “Е, еңем мұның жұмыскер екенін білетін болды ғой, бәлкім оны бұрын жалдаған шығар”, деп ойлады.

—Бұл кісі бұрын жұмыс істеп пе еді? – дейді олар кеткен сон.

—Жоқ.

—Ендеше неге аласа бойлышын нұсқадыңыз? Ұзынтурасы кескіндірек еді.

—Мәселе кескінде емес, шалбарда. Ия, шалбарда. Егер шалбарының тізесі жамаулы болса – оның іскер бағбан болғаны. Ал жамау шалбардың сыртында болса ол нағыз жалқау адам...

“БАТЫРҒА” САУАЛ

Мектептен келген Джанни әкесіне мынадай сауал қойды:

—Әке, соғыс ардагері ретінде Сіз білесіз ғой, солдат ештеңеден де қорықпайды емес пе?

—Иә, балам, қорықпайды!

—Ендеше менің үлгерім табеліме қараңызшы.

ТАПҚЫРЛЫҚ

Бір сержант өзінің қарамағындағы солдаттарға нұсқау беріп жатқанда олардың біреуі:

—Егер секірген кезімде парашют ашылмай қалса не істеймін? – деп сұрады.

—Онда қайта келіп, басқа біреуін ауыстырып аласың, – деді сержант. КУӘГЕР. Бірде туристік саяхатқа шықкан Фред жанындағы Маргорэтке Африкада болған бір оқиғаны әңгімелепті.

—Бір күні, — дейді ол, — лагерьге Чаз көлінен бір шелек су әкеле жатқанымда Африканың ну орманынан қарсы шыға келген жолбарысты көрдім. Осы жерде не істей керек?! Мылтықсыз, қан ішер жартқышқа бетбе-бет кез болдым.

—Ал содан кейін не болды? — деп сұрайды қатты үрейләнген Маргорэт.

—Мен үрей билеген бойымды тез жинап алып, сескенбестен бір шелек сұымды әлті жолбарыстың басына құя салдым. Ол қорыққанынан қаша жәнелді.

Осы кезде Маргорәттің келесі жағында отырган Боб сөзге араласады:

—Дұрыс айтады. Мен де сол кезде Африкада ан аулап жүріп, түнде жолбарысқа кездестім. Сірә, сол саған кездескен жолбарыс болар, басын сипағанымда сұы әлі кеппеген екен, — деді ол

КӨҢІЛ АЙТУ

Шешесі сыйырлап:

—Томми, сенің атаң қатты ауырып жатыр. Сен оған көніл көтеретіндей бірдене айтшы.

Томми дауысталап:

—Ата, сізді жерлөгендеге тек әскери үрмелі аспаптар оркестірі азат күйді ойнатсақ қарсы болмайсыз ба?

ҚОНАҚТЫҢ АРҚАСЫНДА

Түскі тамақты ішіп болған қонақ:

—Ханым, сіздің үйдегідей дәмді түскі тамақты ішудің сәті маған жиі түсе бермейді, — дейді үй иесіне ризашылығын білдіріп.

—Біздің үйде дәл осындағы түскі тәтті тағам үнемі бола бермейді. Сіздің біздің үйге келгеніңізге мен де қатты қуандым, — депті сонда кішкентай Пегги.

СВИФТ ПЕН КҮТУШІ

Бір күні әйгілі ағылшын жазушысы Джонатан Свифт қасына құтушін ертіп деревняға келеді. Таңертен ол аяқ киімін киейін десе, тазаланбаған екен.

—Бұл қалай болды. Том, — деді Свифт. — Мұны неге тазалап қоймағасың?

—Бұғін көше лайсаң екенін көріп тұрсыз ғой. Далада аяқ киімініз қайтадан білғанып, саз болады өмес пе. Сол себепті тазаламап едім.

Жазушы аз-кем ойланып тұрады да:

—Жақсы. Том. Бар да дайындал Қазір көшеге шығамыз.

—Мен таңғы асымды әлі ішкен жоқ едім.

—Білем. Бірақ мынаны айтып қояйын. Егер сен қазір таңғы тамақты ішетін болсан, біразан соң қарның қайта ашады. Сондықтан бүпін таңғы асты ішпей-ақ қой.

ҰМЫТШАҚ НЬЮТОН

Исаак Ньютоннның ғылымға берілгендегі сондай, оған ашпақ болып зерттеп жүрген ізденісінен басқаны ұмыттып кете береді екен. Бір күні ол жұмысбасты болып отырғанда үйіне бір мырза келеді. Оған ғалымның қолы бос емес екендігін хабарлайды.

Түскі астың мезгілі. Мейман ас үйге кіріп, ғалымды тосып отырады. Күтуші дастарханға піскен құс етін өкеліп қояды.

Бие сауымдай уақыт өтеді. Бірақ Ньютон көріне қоймайды. Мейманнның шыдамы таусылады. Эрі қарны ашады. Содан ол үй иесін тоспай, етті жеп, сүйектерін бір ыдысқа сала береді.

Әбден тойып алған соң күтушідең тағы да құс етін пісіруді өтінеді. Ол пісіп болған шамада ғалым кіріп келеді.

—Қарным ашып қалыпты. Мен тамағымды ішіп болғанша тоса тұрарсыз, шамасы – дейді ол мырзаға.

Бірақ ыдыстағы сүйектерді көзі шалып:

—Біз, ғалымдар, осындан ұмытшақ адамдармыз фой. Түскі асымды әлдеқашан ішкен екенмін фой. Оны ұмыттып та кетіппін, – дейді.

Осы кезде күтуші құс етін өкеліп дастарханға қояды. Мейман болған жағдайды түсіндіреді. Ньютон шын жүректен қарқылдан күліп алып, тамаққа қол салады.

“КЕДЕЙ СЕМЬЯ”

Кішкентай американцың оқу басталған күні мектеп табалдырығын тұнғыш аттайтын болды. Шешесі баласын шығарып салып тұрып былай деді:

—Сен біреу-міреуге біздің үй бай тұрады деп айтып қойып жүрме!

—Жарайды.

Мектепте мұғалім оқушыларға өз үйі туралы шығарма жазуға тапсырма берді.

Байдың баласы мектепке аттанарда шешесінің айтқанын есінде үстай отырып, былайша шығарма жазды.

“Біздің үй өте кедей тұрады. Біз жаман үйде, лас ауданда тұрып жатырмыз. Экем бай болғаннан кедей болғаның әлдеқайды жақсы дейді. Себебі бай адамның тірлігі қызын тірлік. Ол үнемі қайткен күнде ақшаны қебірек табам, қайтсем байи түсем деп жатса-тұрса тыным таппай, үйқысын да дұрыс үйықтай алмай жүреді. Міне, біздің үй осылай кедей тұрады. Қызметшілер де, жүргізушилер де, бақты қүтетін бағандар да кедей тұрады”.

ЖАРҒАНАТТЫҢ ТІРЛІГІ

Ертеде құстар мен хайуандар бір-бірімен жауласып, жиі соғысып қалып жүрді. Жарғанат жартылай құс, жартылай хайуан болғандықтан

ешқайсысына да қосылғысы келмеді. "Қай женғені – менікі" дейтін болды.

Ол ұрысқа қатыспай, жайғана бақылаушы болды әуелі. Бірде құстар құш алып бара жатқанын көріп ол сол жаққа шықты. Өзін әскер қатарына қосуды өтінді.

–Мен құспын, – деді ол

–Осы сағаттан бастап мен сендермен бірге ұрысқа шығамын.

Ұрыс тағы да жүріп жатты. Енді хайуандар жағы құстарды тықсырып, белен ала бастады. Жарғанат хайуандар жағына шықты.

–Мен құстан гөрі тышқанға үқсаймын, – деді ол хайуандарға. Мен сендермен бірге болайын.

Оның бұл тілегі де орындалды. Ұрыс тағы да жалғасты. Ақыры еki жақ та жеңісі алмай, бейбітшілік орнады. Жарғанат аман қалды. Енді ол құстардан да, хайуандардан да бөлініп кетіп, бір қараңғы жерге үя салды. Содан былай күндіз көзге түспейтін болды. Шыға қалсам ňе құстар, не хайуандар залал жасар деп тек тұндеғана жүрт көзінен тасада ұшатын болды.

АҚЫРЫН ЖАЗУ

–Мені мазаламашы. Дос қызыма хат жазып отыр едім...

–Сен неге жылдам жазбайсың?

–Ақырын жазатын себебім – ол шапшаң оқи алмаушы еді.

НАҒЫЗ АЛҒЫС

Әйелі еріне газет оқып отырды.

–Мұндаиды мен ешқашан да естіп көрген емеспін.

–Тыңдашы, бір кісі өзіне қүйеуге шықпаған әйелге бұдан отыз жыл бұрын 500 фунт ақша қалдырыпты.

–Бұл нағыз алғыс екен!

ШЫНАЙЫ СЕЗІМ

Бір кино жұздызы режиссермен келіспей қалады. Екеуара қызу таластан соң ол:

–Егер сен мениң қүйеум болсаң, мен сенің шайыңа у салып берер едім. Білдің бе!

–Егер мен сенің қүйеүің болсам, сол у салып берген шайынды қуана-куана ішіп салар едім, ханым, – депті сүйкімді күлкімен режиссер.

ЕСКИ ТАНЫСТАР

Бірде бір жас композитор атақты итальян композиторы Россиниге келіп, өзінің тамаша туынды жазғанын, оны тыңдал көруін өтінеді. Жас дарындарды қадірлей білетін Россини уақытытым аз болса да келісім береді.

Жас композитор шығармасын ойнай жөнеледі. Оны тыңдал отырып атақты композитор бас киімін әлсін-әлсін алғып, сосын қайыра киіп қояды. Мұны көрген жас композитор Россиниден:

–Бөлме тым ыссы болар, тегі? Сіздің тынышыңыз кетіп отыр фой, – дед сұрайды.

–Жоқ! – деді Россини жұлып алғандай, – қашанда ескі таныстарымды көргендеге мен бас киімінді алғып, ізет етемін. Ал сөнің шығарманда менің ескі таныстарым: соншалықты қөп екен. Сондықтан бас киімінді бір киіп, бір шешіп отырмын фой...

ӨЗІНЕ ӨЗІ БЕРГЕН БАҒА

Француздың атақты жазушысы Онро де Бальзактың мынадай бір тамаша қасиеті болған көрінеді. Ол өзіне бейттаныс адамның жазуын көріп-ақ соладамның мінез-құлқы, үлгі-өнегесі жайлыштың бере алады екен. Жазушы өзінің осы бір тамаша қабілетін үнемі мақтаныш етіп айттып жүретін болған.

Кім-кімді болмасын жазуына қарап-ақ тани алатын жазушы қабілеті жайлыштың бір әйел оған арнайы келеді. Келеді де окушы дәптерінен алғынған бір парақты жазушыға ұсынады.

–Сіз осы баланың мінезі туралы не айттар едіңіз? – дейді әйел жазуға толы парақты Бальзаққа көрсетіп.

Жазушы баланың жазуына қарап біраз ойланып тұрады, алайда ештеңде айтпайды. Соңан соң әйел бұл жазуды жазған бала өзінікі еместігін, сондықтан көңілінде келер демей-ақ, ойын батыл айтудын өтінеді.

–Жарайды, олай болса айтайын, – дейді жазушы.

–Мен Сізге һені көремін, соны айтамын. Бұл бала барып тұрған жалқау жөнө жұмыс істегенді ұнатпайды!

–Міне қызық! – дейді әйел наңар-наңбасын білмей. – Себебі мына бір парақты мен Сіздің бала кезініздеңі жазған ескі дәптеріңізден жұлып алғып едім...

САҒАТҚА – СӨГІС

Америка Құрама Штаттарының бірінші президенті Джордж Вашингтон өзіне секретарь етіп бір жас жігітті ұсталтты. Жас жігіт жұмысқа үқыпты алғыр болса керек. Алайда қызметке үнемі кешігіп келеді екен. Ал президент болса жұмысқа кешіккөндерді жақтырмайды.

Бір күні таңертең әдetteгідей секретарь жұмысқа кешігіп келеді. Вашингтон одан әлдеқашан бұрын келіп, кабинетінде жұмыс істеп отырады. Секретарь одан кешірім сұрайды:

–Президент мырза, мен сәл кешігіп қалдым. Кешіріңізші. Сағатым қате екен.

–Мақұл, онда басқа сағат сатып ал Егер оның да көмегі болмаса –

әуелі сағатыңа сөгіс беремін, оған да көмбесе, өзінді жұмыстан шығарып, басқа секретарь алармын, – депті президент.

МАҚТАНШАҚ МАРШАЛҒА СОҚҚЫ

Бірде Наполеон өзінің кітапханасынан керекті кітабын іздейді. Ақырында кітаптың жоғарғы сөреде түрганын көріп, алайын деп қолын созса, бойы жетпейді.

–Осыны көріп түрган маршал Монсей, армиядағы ең еңсегей бойлы адам болса керек, Наполеонға жағып қалуға ниеттеніп, тұра ұмтылады.

–Мырзам, маған рұхсат етіңізші, мен-ақ алып берейін, мен сізден биіктеумін, ұлты мәртебелім!

Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі, маршал! Сен ұлты мәртебенің ұзынырақсың, бірақ биік емессің, – депті назалаңған император.

САЗАЙЫН ТАРТҚЫЗДЫ

Бірде Бернард Шоу ресторанда тамақтанып отырды. Оркестр бір даңғаза музыканы өршелене ойнап, жүрттың мазасын алады. Әсіресе, атақты жазушы дарақы музыканы ұнатпаушы еді, қабагын шытып, даяшыны шақырып алады да, есеп айырысуын өтінеді.

Осы кезде жазушыны таныған оркестр дирижері оның көзіне түсіп қалуға тырысып:

–Аса мәртебелі Шоу мырза, сізге арнап тағы бір әуенде ойнасақ қалай көресіз? – деп ілтиплат етеді.

–Сізге шексіз алғысымды айтамын. Алайда осы музықадан гөрі шахмат ойнағаныңыз дұрыс па деймін, – депті Шоу.

ФИБРАТ

“Гулливердің саяхаты” романының авторы, атақты ағылшын қаламгері Джонотан Свифт сараң адам болса керек. Қызметшілері оған талай мәрте сыйлық әкелгенде олардың қолына тыын-сыйын ұстата салуда білмейді екен.

Жазушының осы мінезін білетін қызметшілері оған аса жолай қоймайды. Мұны бір тапқыр бала да біліп, сараң жазушыны бір үялтпақ болады. Бала бір күні балық, құс, жеміс толы себетті көтеріп әкеліп, Свифтің алдына қояды.

–Міне, мениң қожам саған мыналарды сыйлыққа беріп жіберді, – дейді дәрекі ауыспен.

Бала бұл үйге бір емес, бірнеше мәрте осындай сыйлық әкелген. Жазушыға баланың тым дәрекі сөйлөгөн түрлайы қылыбы ұнамай қалады.

–Мұнда кел, балам, сәлемдеме әкелгенде оны қалай сыпайы тапсыру керектігін үйретейін. Кел де мениң орныма отыр. Сен Джонотан Свифт бол, ал мен сенің орныца бала болайын, – дейді.

Ол баланы өзінің орнына отырғызды. Бас киімін алып, сыпайы ізет көрсетеді.

—Мырза, мениң қожам Сізге арнап сәлемдеме беріп еді, соны құрметпен қабыл алыңызды өтінемін!

—Өте жақсы, балам! Қожаңа айта бар, мен оған өте ризамын. Мына ақшаны, еңбегін бар ғой, ала ғой, — деп жауап қайтарды бала.

Свифт қарқылдаپ күліп, баланың тапқырлығына риза болды. Сейтіп, балаға бір крон ақша берді. Өзінің ағаттығына өкініп, тапқыр баладан ғибрат алды.

САҢЫРАУҒА СӘЛЕМ БЕРСЕҢ...

Құлақтары мүкістеу үш кісі лоэзға бірге отырды. Поеzd станцияға жақындаған келе жатқанда олардың бірі террорден қарап, қай тұсқа жеткендерін білгісі келді.

—Уәмблиге келдік пе? — деді.

—Жоқ, бүгін күн бейсенбі, — деп жауап берді серіктерінің бірі.

—Мен де. Енді ね тұрыс бар, кәне ішпейміз бе! — деді үшіншісі.

ӨЗІНЕ ДЕ СОЛ КЕРЕК

Бір дәулетті әйел туған күніне келген қонақтарына ән салдыру үшін бір әншіні шақырады. Әнші келіп, өзінә әзірлекен асты үй қызметшілерінә арналған ас үйде ішеді. Оны қонақтар отырған бөлмеге содан соң ғана шақыртады.

Әнші қонақтарға басын иіп:

—Мен өз міндеттімнен құтылдым. Асымды кіммен ішсем, әнімді соларға айтып бергенмін. Хош, сау болыңыздар, — деп шығып кетеді.

ТІЛ БІЛМЕУДІН ЗИЯНЫ

Екі американдық Испанияға саяхат жасады. Бірде олар ресторанды татақтануға келеді. Олардың май жаққан нан жеп, сүт ішуге ықыласы болады. Алайда даяшы ағылшын тілін түсінбейді.

Американдықтың біреуі бір парақ қағазға сиырдың суретін салып, дастарханды көрсетеді. Даяшы құлімсіреп, қолын кеудесінә қойып шығып кетеді. Әлгіндей болмай қайта оралып, американдықтардың алдына корридаға кіретін екі билет әкелип қояды.

КӨРМЕС ТҮЙЕНІ ДЕ КӨРМЕС

—Джон, — деді үй иесі хат тасуышы балаға, — Томсон мырзаға жазылған хатты алдың ба?

—Иә, алдыым. Бірақ Томсон мырзаның хатты оқиалатынына сенбеймін.

—Неге сенбейсің, Джон?

—Ол соқыр ма деп ойлаймын. Мен оның бөлмесінде болған кезімде

ол “Басындағы қалпағың қайда?” деп екі қайтара сұрады. Мен сол кезде қалпағымды басыма киіп тұрған едім.

ИТ НЕ БІЛЕДІ...

—Көнеге, екеуміз қыздырып келейікші, —деді бір адам алты жасар баласына.
—Бүгін шешенің қолы тимейді, ал мен болсам боспын.
Олар қыздырып келә жатып көшеде үлкен қара тәбетті көрді. Ит арс ете түсті. Бала қорқып әкесіне тығыла бастады. Бірақ әкесі саса қоймады.
—Қорықпа, балам. Үргені болмаса, ит кісіні қаппайды дейді. Мұндай мақалды білетін шығарсың?!
—Білуін білем ғой. Бірақ соны ит біле ме екен?!

ҰМЫТШАҚ

Бірде белгілі жазушы позбен жолға шығады. Жайбарақат отырғанда билет тексеруші келіп жазушыдан билетін көрсетуді талап етеді. Қапелімде жазушы тауып бере алмайды.

—Жарайды, абыржымаңыз, келесі станцияда көрсетерсіз, — деді тексеруші жазушыны танып.

Жазушы билетін келесі станцияда да тауып бере алмайды.
—Саспаңыз, — дейді тексеруші қалталарын ақтарып абдыраған жазушыны аяп.

—Кейінгі станцияға дейін тауып қоярсыз.
Бірақ билетін бүл жолы да таба алмайды.
—Қам жеменіз, қажеті жоқ, — дейді тексеруші.
—Бірақ мен билетімді қайтсем де табамын. Қайда бара жатқанымды білуім керек емес пе, — дейді жазушы.

МҰНДАЙ Да БОЛАДЫ

Бір американдық миллионер аты шығып жүрген бір суретшінің суретін сатып алады. Жұрт мақтағанға ерді ме, кім білсін, осы сурет үшін ақшасын аямайды.

Суретті алып келіп қонақ бөлменің көзге түсер жеріне ілейін десе мұның қайсысы басы, қайсысы аяғы екенін айра алмайды. Сосын суретшіні түскі асқа шақырады. Алайда оған суреттің құпиясы жайлы жақ ашпайды.

Суретші ас үстінде суретке әлсен-әлсен қарайды. Сосын үңіле келіп тағы қарайды. Суреттің төңкеріліп ілінгенін көрген соң үй иесіне:

—Сіз суретті төңкеріп іліп қойыпсыз, — дейді.
—Солай ма? Оны бірден неге айтпадыңыз?
—Басында мен өзіме сенбедім ғой, депті суретші.

* * *

Бос ағай: — Ал, Фрэнки, биылғы деңгельес кезінде не іstemek ойың

бар сенік?

Фрэнки: – Откен жылы мен құлақ және шеңдең ауруымен ауырдым.
Биылғы жылы немен айналысатынымды өзім де білмеймін.

* * *

Әйел: – Сен неге қолшатыр ұстап жүрсің? күн жауып, не күннің көзі
жарқырап түрған жоқ қой.

Кішкентай қыз: – Бұл қолшатырды күн жауса әкем, күн ыстық болса
шешем ұстайды. Ал маған тек осындай күндері ғана кезек тиеді.

* * *

Мұғалім: – Біз төбемізден ауа райы ашық күні не көреміз?

Джим: – Қөгілдір аспан, сәр.

Мұғалім: – Ал жаңбыр жауғанда ше?

Джим: – Қол шатыр, сәр.

* * *

Солдат қолтығына қысып ұстаган бомбасымен автобусқа отырғаннан
кейін асықпай оны тізесіне қойды.

– Сенің ұстап отырғаның не? – деп сұрады билет тексеруші.

– Бұл жарылмайтын бомба. Мен мұны қаладан тыс жерге апарып
тастауға бұйрық алдым, – деп жауап берді ол.

– Сен есуассың! Осы сияқты затты тізене неге қоясың, одан да оны
мына өзің отырған орындықтың астына қойсанышы, – деп ақыл айтты
билет тексеруші.

АЛТЫН КӨРСЕ...

Бір күні қасында жетектеген баласы бар бір кісі көшеде келе жатады.
Қараса жерде сыңар қолғап жатыр екен.

– Біреу түсіріп алған гой. Іздесе тауып алар, – деп қолғаптың сынарын
ағаштың бұтағына іледі.

Біраз жүрген соң жерде жатқан қолғаптың екінші сынарын кездестіреді.

– Қап, бір сынарының мұнда жатқанын білсем, әлтіні ала кететін едім-
ау, деп санын соғыпты.

ҚАЙСЫСЫ ЖӨН?

Бірде жеңіл машинамен келе жатқан біреу көшеде бір адамды соғып
кетеді. Жүргінші жеңіл жарақат алған екен, жүргізушиге тап береді.

– Машинаны жүргізе алмайтының бар, неге мінесің?

– Мен айыпты емеспін. Сіз кешірерсіз, мен ұқыпты жүргізуши-мін. Бес
жыл бойы жүргізіп келемін!

– Онда Сіз де кешірерсіз. Мен 55 жыл бойы жаяу жүріп келемін. Менің

тәжірибем сенен де мол! – депті жарақат алған адам.

АПЫРАЙ, Э!

Бір мырза Лондонға келеді. Жолда өбден шаршап, қажыған ол қонақүйге орналасқан соң ұйықтап кетеді.

Кеңет есік қатты қағылады. Ашуланған мырза:

–Не болды сонша ұрғылап, – дейді.

–Мырза сізге тәменде хат жатыр.

–Мазаламаңыз. Хаттертеңге дейін қашып кетпес, – деп қайта ұйықтап кетеді.

Сәлден соң есік тағы да тарсылдайды.

–Не болды тағы? – деп айқайлайды мырза.

–Кешіріңіз. Хат Сізге өмес екен!

БАЛАҢ ӨССЕ...

–Сіздің балаңыз есіп қалды деп естіп ем. Рас па?

–Әрине, есіп келеді. Осыдан екі жыл бұрын ол менің ескі костюмінді қилюші еді. Қазір мен оның костюмін киіп жүрмін.

–Е, онда жараған екен!

АМАЛ НЕШІК...

Жауын-шашынды бір күні бір әйел итімен автобусқа мінеді. Тәбет тым ірі, оның үстіне аяқтары былғанышты еді.

–Егер мен итім үшін ақша төлесем ол басқа жолаушылар сияқты орындыққа отыра ала ма? – деп сұрады әйел билет тесерушідөн.

Билет тексеруші итке қарап тұрып:

–Әрине, ханым, олай болса ол да басқа жолаушылар сияқты орындыққа жайғаса алады. Бірақ нақ басқа жолаушылар сияқты ол аяғын орындық үстіне қойып отырмасын!

ҚЫЗЫҚПАСА ӘЙЕЛ БОЛАМА?

Бір әйел театрда қойылым көріп отырады. Бағында кеңжиекті әдемі қалпағы бар екен. Оның үстіне ол алдыңғы қатарлардың біріне отырса керек. Оның ту сыртында отырған адамның абыржып, дегбірі қашып отырғанын сезген әйел оған бұрылып:

–Мырза, менің қалпағым сіздің мазаңызды алып тұр ма? – дейді қысылып. –Олай болса, кешірім өтінемін!

–О не дегеніңіз, ханым! Бірақ ол мәнің әйелімнің берекесін кетіріп отыр. Әйткені оның да дәл осындаі бір қалпақ кигісі келеді!

МӘСЕЛЕ МЕНДЕ ЕМЕС...

–Джим мынау сенің өзіңнің жазғаның ба? – деп сұрады бір оқушыдан

үй тапсырмасын тексеріп отырған мұғалім.

— О не дегеніңіз?!

— Сенің әкеніңін жазуы сияқты екен...

— Мәселе менде емес қой. Оған таң қалатын дәніне жоқ. Өйткені мен әкемнің қаламымен жазғам!

СЫБАҒА

Бір күні ерлі-зайыпты екі адам ресторанға тамақтануға келеді.

— Не жегің келеді сүйіктім? — дейді ері әйеліне.

— Өткен жолы жөген балықты жасем, — дейді әйелі тамсанып.

Әлгіндей болмай балықты алып келеді.

— Мына балық маған енді ұнамай отыр, — дейді әйел тыжырынып.

— Даюшы, балық иістеніп кеткен бе, қалай өзі — дейді мырза.

— Иістенсе иістенген де шығар. Сіздің әйеліңіз ана жолы тоймай қалып еді. Содан бері өзіне бұйыратын сыбаға болған соң сақтап қойғанбыз! — дейді даюшы шімірікпестен.

СУРАНШАҚТЫҢ СЫРЫ

Бір жүзіктің көзінен өткен жылпос жігіт көшеде бейтаныс адамды тоқтатып алып, одан бес доллар ақша сұрайды.

— Мен бейтаныс адамға қарыз бермеуші едім. — дейді анау қалтасына қол салғысы келмей.

— Е, оны өзім де білем! Егер танысаң бес тиын да бермейсің ғой! — депті сұраншақ.

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Бір мырза әйелін таудағы курортқа дем алуға жібереді. Зайыбы күн сайын күйеуіне телеграмма салып тұрады.

Бірде “Сенсіз мұнда әбден қысын болып тұр. Жаңбыр күнде жауады, көз аштырмайды” деп телеграмма келеді.

Осы мазмұнда сегізінші мәрте телеграмма алған күйеуі әйеліне былайша телеграмма жіберіпті: “Тез үйге қайт. Бізде жаңбыр өлдекайда аз жауады!”.

БАЙҚА, УЛАНЫП ҚАЛЫП ЖҮРМЕ!

Бірде химик профессор студенттерден сынақ алып жатады. Тақтага формула жазып, бір студенттен “Мынау қандай формула?” — деп сұрайды.

Студент те бір қу екен, саспайды.

— Профессор мырза, осы формула дәл тілімнің ұшында тұрғаны, — деп тұра береді.

— Ойлан, ойлан! — дейді профессор.

– Тілімнің ұшында тұр әлі де, – дейді студент міз бақпай.

– Ендеше, байқа, уланып қалып жүрмө! Бұл азот қышқылы, – депті профессор.

ІҮ. БӨЛІМ ҚОСЫМШАЛАР

А. Қағида Базарбаева қатынасқан съездер, конференциялар, педагогикалық оқулар:

1. Қазақстан педагогикалық қоғамының конференциясы. – сентябрь 963 ж. Алматы.
2. XY республикалық педагогикалық оқу – 25 қантар 1967 ж., Алматы.
3. XYI республикалық педагогикалық оқу – 11-13 қараша, Алматы.
4. XXI облыстық педагогикалық оқу және әдістемелік конференция – 22 мамыр 1972 ж. Петропавл.
5. “Қазақ тілі мен әдебиетін мектепте оқытудың түйінді проблемалары” іеген тақырыпта өткен республикалық ғылыми-практикалық конференция – 10 қантар 1974 ж., Алматы.
6. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жайлы облыстық ғылыми-практикалық онференция – 26-27 наурыз 1974 ж., Петропавл.
7. Солтүстік Қазақстан облысының тәлімгер үстаздарының I-ші облыстық слеті – 4 қантар 1978 ж., Петропавл.
8. XXIII облыстық педагогикалық оқу – 5 қантар 1978 ж., Петропавл.
9. XXIV облыстық педагогикалық оқу – 14 мамыр 1980 ж., Петропавл.
10. Орта мектеп басшыларының білімін жетілдіру курсы – 10 қараша – 11 желтоқсан 1980 ж., Қекшетау.
11. Қазақстан кәсіподақтарының XII съезі – 15-21 ақпан 1982 ж., Алматы.
12. Облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің оқытушыларына арналған курсы – 14 маусым – шілде 1982ж., Петропавл.
13. Қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқыту проблемаларына арналған республикалық семинар-кеңес. 1982ж., Орал
14. XXI облыстық кәсіподақтар конференциясы – 24 қараша 1984 ж., Петропавл.
15. Всесоюзная конференция, посвященная инициативе и творчеству учителей в свете требований школьной реформы – 5-20 декабря 1986 г., Москва.
16. Қазақстан кәсіподақтарының XIII съезі – 29-30 қантар 1987 ж., Алматы.
17. XXIV республикалық педагогикалық оқу – 12-14 тамыз 1987 ж., Қекшетау.
18. Облыстық “Қазақ тілі” қоғамының құрылтай конференциясы – 17 ақпан 1990 ж., Петропавл.

Б. Қағида Базарбаевың наградалары:

- 1) Почетная грамота республиканского комитета профсоюза, работников просвещения, высшей школы и научных учреждений – 1961 г.
- 2) Благодарность Министерства просвещения Каз.ССР и НИИ педнаук имени И.Алтынсарина – 1972 г.
- 3) Почетные грамоты областного ИУУ – 1966г., 1972г., 1974г., 1984г., 1986г..
- 4) Почетные грамоты облоно и обкома профсоюза работников просвещения, высшей школы и научных учреждений 1976, 1978, 1982, 1985, 1987.
- 5) Почетные грамоты Сергеевского роно и райкома профсоюза (несколько).
- 6) Поздравительная телеграмма Северо-Казахстанского обкома партии в связи с присвоением звания "Заслуженный учитель Казахской ССР" – 22.06.1977 г.
- 7) Грамота Северо-Казахстанского облисполкома в связи с 50-летием со дня рождения – 28.03.1985 г.
- 8) Почетные грамоты Министерства просвещения КазССР и республиканского комитета профсоюза работников просвещения высших школ и научных учреждений. 1982, 1985 г.
- 9) Диплом областного управления культуры, президиума облсовпрофа и облоно – 1987 г.
- 10) Поздравительное письмо и грамота облоно в связи с 50-летием – 22.03.1985г.
- 11) Поздравительное письмо республиканского учебно-методического кабинета в связи с 50-летием. Март 1985 г.
- 12) Почетная грамота НИИ педнаук имени И.Алтынсарина. 1987 г.
- 13) Знак "Отличник народного просвещения КазССР" – 1961 г.
- 14) Звание "Заслуженный учитель Казахской ССР" – 1977 г.
- 15) Звание "Учитель-методист" – 1983 г.
- 16) "Медаль материнства II-степени" – 1972 г.

МАЗМҰНЫ:

1. Кіріспе.....	3
2. Тоқтар Зікірин. Сез басы.....	4
I. БӨЛІМ. ҚАҒИДА БАЗАРБАЕВАНЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ.	
1. Он жылдың жемісі.....	24
2. Оку процесін оптимизациялау.....	26
3. Тың тыныс.....	28
4. Арынды аяқта баспа.....	31
5. Өзен дарияға құяды.....	34
6. Жаңалыққа сергектік керек.....	36
7. Үш бақытым бар менің.....	39
8. Әдебиет сабабының әсерлілігін арттыру жайында.....	40
9. Иса Байзаковтың "Он бір күн, он бір түн" поэмасын оқыту.....	43
10. ІҮ-кластары тіл дамыту жұмыстары.....	46
11. Етістіктің шақтарын оқыту.....	50
12. Себіт Мұқанов шығармаларын оқыту.....	54
13. Сабактың тақырыбы "Қазақстан".....	56
14. Мектеп реформасының негізгі бағыттарына сай жолдары.....	58
15. Знать казахский язык.....	64
16. XXVIII Северо-Казахстанской областной партийной конференции Приветствие.....	65
17. "Қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты кластар тұыс жүргізілген жұмыстар" деген тақырыпта баяндама.....	65
II. БӨЛІМ. ҚАҒИДА БАЗАРБАЕВА ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР.	
1. А.Әбжанов. Талап туғырында.....	70
2. Ж.Сүлейменов. Мугалім мереій.....	108
3. Ә.Әлібеков. Ұшқан үя.....	109
4. Қ.Мұқанов. Абырой асуында.....	112
5. Ә.Әкімжанов. Ұлағат.....	116
6. Қ.Мұқанов. Ұстаз жолы.....	116
7. Ж.Сейітбеков. Не гаснет огонь творчества.....	120
8. Л.Денисенко. Сеять доброе, вечное.....	121
9. А.Нуртазина. Щедрость сердца.....	123
10. Ұ.Байсақалова. Ізденимпаз ұстаз.....	124
11. Н.Базарбаев. Народным традициям крепнуть.....	125
III. БӨЛІМ. ҰСТАЗ ЕСМАХАН ҚОЖАКОВ.	
1. Қ.Мұқанов. Білімпаз ұстаз.....	127
2. Е.Естаев. Ұстаздар семьясы.....	128
3. Г.Усова. Путь через вдохновение.....	128
4. Ә.Бекбасова. Ағаның аскары.....	130
5. Р.Сұлтанов, Ж.Сейітбеков. Думанды достық.....	134
6. Е. Қожақметов. Ғұмыры ғибрат еді-ау.....	135
7. Арттағыға ісі мен сезі қалған.....	143
8. Е. Қожақметов. Ағылшын өзілдері.....	148
IV. БӨЛІМ. ҚОСЫМШАЛАР..... 173	

ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Редактор: F.Қадралі
Техникалық редактор: А.Шәріпбаев
Шығаруға жауапты: Қ.Мұқанов
Корректор: С.Жұмабаев
Компьютерге басушы: Н.Байтенова
Бет құрушы: Қ. Сулейменов

Теруге 21.03.2004 жылы жіберілді. Басуға 29.09.2004 жылы
қол қойылды. Қалыбы 60x84. $\frac{1}{16}$. Шартты баспа табағы 7.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 37. Бағасы келісімді.

*Кітап Кекшетау университетінің баспаханасында басылды,
475000 Кекшетау қаласы, Менжинский көшесі 38 үй.
тел: 8(316 2) 23-34-24, тел\факс: 25-32-40*